

У
Газаретин
комитетин

1962

4-6.

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХЛІ жыл ШЫҒУЫ

4

А П Р Е Л ь

1962

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА — Ауыл шаруашылығын онан әрі көтерудің про- граммасы	3
Кәсіподақтардың айбынды міндеттері	10
Ө. БАЙҚОҢЫРОВ — В. И. Ленин техникалық прогресс туралы	17
С. МАТВИЕНКО — В. И. Ленин және «Правда»	23
М. ҚОЗЫБАЕВ — «Правда» газетінің көшпелі редакциясы Қазақстанда	29
Ш. ҚОСПАНОВ — Қой шаруашылығын мол табысты салаға ай- налдырайық	34
Ә. ҚАСЫМҚАНОВ — Іс тетігі — механизаторлар қолында	40
С. КӨЛБАЕВ — Советтер — халықтың өз өкіметі	44
Ө. ЖӘНІБЕКОВ — Комсомол биік белестер алдында	49
И. ТҮНҒАТАРОВ — Негізгі өндірістік қор өнімді пайдаланылсын	55
Қ. ӘЛИАСҚАРОВ — Тыңдағы шамшырақ	60

ЖАҢА ПРОГРАММА ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

Қ. МЫРЗАБОЛАТОВ — Колхоз — шаруалар үшін коммунизм мектебі	65
--	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

С. ҚҰСАЙЫНОВ — Ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты жақсартайық	71
---	----

БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

Коммунистік жарыс және газет	76
Партия тұрмысының хабарлары	80

★

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ—Программа дальнейшего подъема сельского хозяйства	8
Боевые задачи профсоюзов	10
О. БАЙКОНЫРОВ — В. И. Ленин о техническом прогрессе	17
С. МАТВИЕНКО — В. И. Ленин и «Правда»	23
М. КОЗЫБАЕВ — Выездная редакция «Правды» в Казахстане	29
Ш. КОСПАНОВ — Превратить овцеводство в высокодоходную отрасль	34
А. КАСЫМХАНОВ — Судьбу урожая решают механизаторы	40
С. КУЛБАЕВ — Советы — власть народа	44
У. ЖАНЫБЕКОВ — Инициатива и самостоятельность главное в работе комсомола	49
И. ТУНГАТАРОВ — Полнее использовать основные производственные фонды	55
К. АЛИАСКАРОВ — Маяк на целине	60

БЕСЕДЫ О НОВОЙ ПРОГРАММЕ


К. МЫРЗАБУЛАТОВ — Колхоз — школа коммунизма для крестьянства	65
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

С. ХУСАИНОВ — Райком в борьбе за осуществление решений мартовского Пленума	71
--	----

ОБЗОР ПЕЧАТИ

Коммунистическое соревнование и газета	76
Хроника партийной жизни	80



Ауыл шаруашылығын онан әрі көтерудің программасы

Партия коммунизм құрушыларды түгел баурап әкететін шарапаты шараны шұғыл қолға алды. Бүкіл партияның, бүкіл халықтың, совет құрылысының барлық күш-қуатын жұмылдырып, еліміздің ауыл шаруашылығын мықтап өркендету керек. Бұл — коммунизмнің асқар асуының бірі. Бұл — көзіргі айбынды міндеттің дәл өзі.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау—алдағы негізгі экономикалық міндет. Бұл міндетті орындаған күнде Совет Одағы неғұрлым дамыған капиталистік елдердің экономикалық дәрежесінен асып түсіп, халықтың жан басына өнім өндіру жөнінен үздік шығады, дүние жүзінде халықтың ең жоғары тұрмыс дәрежесі қамтамасыз етіледі және материалдық, мәдени игіліктердің молшылығын жасау үшін жағдайлар туғызылады. Партияның XXII съезі бұл жағдайды ерекше атап көрсетті.

Ауыл шаруашылығын жанжақты өркендету—осы ізгі мұратқа жетудің шешуші шартының бірі. Сондықтан да партияның Орталық Комитеті 1953 жылғы сентябрьден бері ауыл шаруашылығын өркендету мәселелеріне үздіксіз көңіл бөліп келеді. Осының арқасында маңызы орасан зор күрделі шаралар іске асты. Қолхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасы нығайтылды, машина-трактор станциялары қайта құрылды, 42 миллион гектар тың және тыңайған жер игерілді; ауылшаруашылық өндірісін жоспарлаудың жана тәртібі енгізілді, материалдық жағынан ынталандыру принципі онан әрі мықты ұсталуда, қолхоздар мен совхоздарға көптеген басшы кадр және маман кадрлар жіберілді.

Бұл шаралардың маңызы революциялық ірі өзгерістермен тең түсерліктей. Олар үлкен нәтиже берді. Сегіз жылдың ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,6 есе көбейді. Елімізде астық, ет, сүт, жұмыртқа, қант қызылшасы, мақта, картоп және басқа да ауылшаруашылық өнімдері едәуір көбейді. Осыған орай халыққа ет, сүт, май, жұмыртқа, қант сияқты аса қажетті өнімдерді сату көп артты. Халықтың саны сегіз жылда 29 миллион адамға көбейген жағдайдың өзінде де аса маңызды азық-түлік өнімдерін тұтыну мөлшері жан басына есептегенде 35—50 процент артып отыр.

Даусыз табыстарымыз осындай. Алайда ауыл шаруашылығының өркендеу дәрежесі жетіжылдық жоспарда белгіленген қарқынның деңгейінен әлі де төмен жатыр. Сондықтан да партияның Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру мәселесін пленумда талқылауды қош көрді. Партия мен еліміздің өміріндегі көзіргі ең көкейтесті мәселе талқыға түсті. Партияның Орталық Комитеті, Н. С. Хрущев жолдастың өзі жергілікті партия, совет, ауыл шаруашылығы ұйымдарының басшыларымен, қолхоз және совхоз өндірісінің кәнігі шеберлерімен, ғалымдармен пікірлесті, талай ұсынысты екшеді, әр өнімнің мүмкіндігін өлшеп пішті. Н. С. Хрущев жолдастың «Коммунистік құрылыстың көзіргі кезеңі және партияның ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту жөніндегі міндеттері» туралы пленумда

жасаған баяндамасында ауыл шаруашылығының жайы терең талданды, оны өркендетудің жолдары көрсетілді.

Пленум Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасы бойынша қаулы ады. Бұл қаулыда еліміз үшін орасан зор маңызы бар ауыл шаруашылығын мықтап өркендетудің күрделі шаралары тұжырымдап берілді. Пленум сонымен бірге Совет Одағының колхозшыларына, совхоз жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының мамандарына, ғалымдарын өнеркәсіп қызметкерлеріне, коммунистер мен комсомолецтерге, барлық еңбекшілерге үндеу қабылдады.

Орталық Комитеттің бұл пленумы коммунизм құрылысының шежіресінен ерекше орын алады. Партияның XXII съезінің шешімдерінде жаңа Программасында белгіленген ұлы да парасатты міндеттерді орындалу барысын құнттап тексеру, мейлінше пысықтау осы пленумнан басталады.

Ауыл шаруашылығын өркендету қарқыны өнеркәсіптің өсу қарқынынан әлі күнге дейін артта қалып, халықтың өскелең керектеріне са болмай отырғанын партия халыққа ашық айтты. Ауыл шаруашылығы-қоғамдық өндірістің негізгі саласының бірі. Осы заманның мықта өркендеген қуатты өнеркәсібі болмайынша коммунизм орнату мүмкін емес. Нақ сол сияқты барлық жағынан бірдей дамыған ауыл шаруашылығы болмайынша да коммунизм орнатуға болмайды. Адамдарға жеткілікті мөлшерде азық-түлік, киім-кешек, аяқ киім керек.

Коммунистік қоғам — кемтарлық, жетімсіздік дүние емес. Ол — е бай қоғам, ағыл-тегіл молшылық дүниесі. Осыған орай Совет Одағының Коммунист партиясы халықтың әл-ауқатын жақсарту жолында күресті өз саясатының негізгі арқауы деп біледі. Біздің партия өзінің жаңа Программасында коммунистік қоғамның жоғары сатысында «...ғылым мен техниканың ұдайы дамуы негізінде өндіргіш күштер да өседі, қоғамдық байлықтың барлық көзі телегей теңіз болып тасиды да: «әркімнен — қабілетіне қарай, әркімге — керегіне қарай» деген ұлы принцип жүзеге асады» деп жазды.

Ауыл шаруашылығын онан әрі көтере беру жолында март Пленумында белгіленген нақты шаралар — бұл ұлы талапты іске асырудың нақты Программасы.

Ауыл шаруашылығын шапшаң өркендетудің нақты шараларының егіншіліктің шөптанапты жүйесінен, оның зардаптарынан арылудың отамалы дақылдар егісінің жүйесіне көшудің маңызы зор. Шөптанапты ауыспалы егіс тәртібі тұсында едәуір жер бос жатты, ал миллиондаған гектар егістікке шөп себілді. Бүкіл елімізде мұндай өнімсіз пайдаланылған жердің көлемі 52 миллион гектар болып-ты. Қазақстанда да осындай «ерке» жердің көлемі 4 миллион гектардан асып түсті. Пленум бұл жерлердің денін өнімді дақыл егіп, ұтымды пайдалану қажет деп көрсетті. Бидаймен бірге жүгері, қант қызылшасы, асбұршақ, жем бұршақ сияқты пайдалы дақылдарды көп егу егіншіліктің және ма шаруашылығының өнімін шұғыл көбейтуге жеткізеді. Бұл дақылдарды кең қолдану құр атқа мінгенмен бірдей. Өйткені, бұларды ексең астық та, жем де, демек, ет те, сүт те, май да болады.

Пленум егіннің түсімділігін арттыру негізгі міндет болып қала беретінін ерекше атап көрсетті. Бидайдың, жүгерінің, бұршақтың егіс көлемін әлі де ұлғайта беру шарт. Озат тәжірибені қолдану, өндіріс ғылым табыстарын енгізу жолымен дақылдардың түсімділігін үздіксіз арттыру қажет. Бұл жөнінде, әсіресе Қазақстанда кемшілік өте көп. Еліміздің ауыл шаруашылығында үлкен орын алатын бұл республиканың мемлекет алдында қарыздар болып қала беруі қыңжыларлық жағдай. Сондықтан да пленумда Қазақстанға көп көңіл бөлінді. Пленумның қаулысында былай делінген: «Жетіжылдықтың тапсырмалары Қазақ ССР-інде мүлдем қанағаттанғысыз орындалуда. 1961 жылы респуб

ликада 1 миллиард 300 миллион пұт астық өндіру белгіленген еді, іс жүзінде 900 миллион пұт астық өндірілді, ал тек 458 миллион пұт астық немесе жоспардың 57 проценті мөлшерінде ғана астық дайындалды. Қазақстанның колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығының өнімдерін өндіру жөнінде артта қалуда, жетіжылдық жоспардың тапсырмалары республиканың қоғамдық мал шаруашылығын дамытуға арналған орасан зор мүмкіндіктерін түгел де толық ескермегендігіне қарамастан, мұнда жетіжылдық жоспардың тапсырмалары орықдалмай келеді».

Партияның Орталық Комитетінің пленумы бұл кемшіліктердің себебін де ашып берді. Республикада интенсивті ауыл шаруашылығын өркендетуге жағдай жоқ деген теріс пікір пленумда қатты айыпталды. Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Меніңше Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, республиканың Министрлер Советі тыңдағы егіншілікті дамыту ісіндегі жаңа құбылыстарды әлі күнге дейін түсінбей, республиканың солтүстігінде интенсивті ауыл шаруашылығын жүргізу үшін жағдай жоқ деген көзқараста болып отыр. Осының салдарынан астық шаруашылығы мал шаруашылығын шапшаң өркендетудің көкейтесті мүдделерінен бөлек қаралып, шынына келгенде отамалы дақылдардың енгізілуі тежелуде.

Осының салдарынан совхоздар мен колхоздарда егістік жерге арамшөптің мейлінше көп шығуына жол берілді, мұның өзі егіннің түсімділігіне елеулі түрде әсер етуде. Қазақстанда егістік жерді арамшөп басуына қарсы күрес маңызды мәселеге айналды».

Пленумда айтылған шындық осындай. Бұл—орынды сын, әділ кінә. Бұл сыннан тиісті қорытынды шығару керек. Март Пленумы көрсеткен бұл кемшіліктер партия, совет ұйымдарына үлкен ой салуға тиіс.

Әңгіме ауыл шаруашылығына басшылықтың дәрежесінде болып отыр. Алдағыны болжай білу, шаруашылықты өркендетудің ішкі мүмкіндіктерін таба білу—білікті басшылыққа тән қасиет. Бұған жету үшін ғылым мен озат тәжірибенің табыстарына сүйену, шаруашылықты жақсы білу қажет. Колхоз, совхоз кадрларын, әсіресе, ферма, бригада, бөлімше басшыларын іскер адамдардан іріктеп алу, олардың творчестволықпен жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек. Республикада бригада мен ферманың басында мамандар тым аз. Жұмыстың бұл шешуші саласына мамандарды, жастарды жұмылдыру қажет. Істің орындалуын мұқият тексеру, керегінде кадрларға тиісінше көмектесу, ақыл-кеңес беру—нақты да пәрменді басшылықтың айнымас шарты. Кадрларды дұрыс іріктеп алып, ұйымдастыру жұмысын күшейткен жерде іс үздіксіз алға басады.

Мұның бәрі ежелден аян қағида. Бірақ амал не, облыстық, аудандық партия комитеттерінің бірсыпырасы басшылықтың кеңсешіл, мәжілісқұмар ескі әдісінен әлі арылған жоқ. Бұл, әсіресе, Павлодар облыстық партия комитетіне тән кемшілік. Бұл облыстың партия ұйымдары әрбір коммунисті, әрбір еңбекшіні XXII съезд шешімінен туатын нақты міндетті мүлтіксіз орындауға қатыстырудың шараларын айқында анық белгілей алмай келеді. Облыста озат тәжірибені насихаттау, оны өндіріске енгізу жайы мәз емес. Өзге шамшырақтарды былай қойғанда облыстың өзіне тән озаттарының — жүгерішілер Қ. Жапаровтың, Қ. Чабанның, механизатор І. Әленовтың, сауыншы А. Вурсатьеваның, құс өсіруші Г. Гончарованың тәжірибесі де дұрыс қорытылып, таратылмаған. Бұлардың үлгісін, өнегесін насихаттайтын бірде-бір озат тәжірибе мектебінің жоқтығы осыны дәлелдейді.

Павлодар партия ұйымдары колхоз, совхоздың жұмысы туралы қаулы алудан кенде емес. Бірақ, істі ұйымдастыру жағы мықтап ескерілмейді. Сондықтан жұмыста өзгеріс туа қоймай-ақ келеді. Облыс-

тық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары В. Шишенко жолдас көп ретте бюроның басқа мүшелерін ықтап кетіп, коллективті басшылыққа кедергі жасады. Ол түрлі ауылшаруашылық жұмысы жайлы колхоз, совхозға өз атынан телеграмма беріп, бәрін өз «тындыруға» тырысқан.

Басшылықтың мұндай теріс әдісі кадрларды жауапсыздыққа «жауырды жаба тоқуға» итермелегеннен басқа нәтиже берген жоқ. Бір адамның ауызына қарау қандай салдарлы екенін мына мысалда да байқауға болады. Лозов ауданындағы Панфилов атындағы колхоздың тексеру комиссиясының председателі И. Мединец жолдас осы колхоздың председателі А. Головачевтің, оның орынбасары В. Рудьконың, аға бухгалтер Д. Федичкиннің колхоздың 7 700 сом қаржысын иемденіп кеткенін, құрылыс материалдарын талан-таражға салғанын ашкереледі, тиісті орындарға осы жөнінде турасын айтты, газетке жазды. Сол сол-ақ екен, Головачев Мединецті қуғынға салды, оған пәл жапты. Мұның бәрін көріп, біліп отырған Лозов аудандық партия комитетінің бірінші секретары И. Баюк жолдас әділдікті жақтаудың орнына қыңыр Головачевтің шашбауын көтермелеумен болды. Озбыр мінез көрсеткен, заңсыз жолға түскен Головачевті сын тезіне алма жатып, И. Баюк жолдас оны аудандық партия комитетінің құрамына облыстық партия конференциясының делегаттығына ұсынды. Бұқар бастамасына, еңбекші дабылына мән бермейтін, оны көргісі, естігісі келмейтін басшы қызметкерлер сияқы міне осындай. Мұндай қызметкерлер жайлы партия Программасы туралы баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Олар үшін өздерінің ойлағаны мен айтқандары ғана маңызды. Бұл коммунистік көзқарас емес, төрешілік көзқарас».

Кадрларды дұрыс тәрбиелеуді, қабілетіне қарай орналастыруда күнтітамаған жерде іс алға баспайды. Тағы да Павлодар облысын мысалға алайық. Мұнда соңғы бес жылдың ішінде совхоз директорларының 93 проценті өзгерді. Қайсыбір совхозда директор жыл сайын өзгереді. Әрине мұндай жағдайда шаруашылықтың дәйекті, дұрыс басқарылуы қиындап кетеді.

Осындай кемшіліктердің салдарынан Павлодар облысы ауыл шаруашылығын өркендетуде артта қалып жүр. Облыста ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігі төмен, мал шаруашылығының өнімділігі де нашар. Мұнда мемлекетке астық сату жоспарының орындалмағанына табаны күректей үш жыл болды. Былтыр облыс мемлекетке ет, сүт, жүн сату жоспарын да орындаған жоқ.

Кадрды жиі ауыстыру Көкшетау облысында да етек алып кетті. Мұнда соңғы жылдарда аудандық партия комитеттері секретарьларының 90 проценті өзгертілді. Ал Еңбекшілдер және Қызыл ту аудандарында бір жылдың ішінде аупартком секретары түп-түгел өзгерді. Осындай үлкен сапырылыс болып жатса да Көкшетау облысының партия, совет ұйымындағы басшы қызметте жастар кемде-кем.

Кадрларды белгілі мөлшерде үнемі жанғыртып отыру—жаңа Уставтың маңызды талабы. Ал бірақ бәз-баяғы адамдарды бір жерде екінші жерге ауыстырумен ғана тыну дұрыс болмас еді. Істің мүдделері, әсіресе басшы органдарда қарт кадрлар мен жас кадрларды ұштастыруды, басшылықта сабақтастық болуын талап етеді. Сабақтастық болмаса шаруашылық пен мәдени құрылысқа ойдағыдай басшылық ету қиын болар еді.

Жалпылама басшылықтан арылу, нақты, іскер басшылыққа көшу, жұмысты белгілі мақсат-нысанамен өрістету—бүгінгі күннің негізгі талабы. Бүкіл жұмысты бір нысанаға, түпкі мақсатқа саю партия комитеттерінің ерекшелігі болуға тиіс. Солтүстік Қазақстан облысын

дағы Мамлют ауданының партия ұйымы дәл осындай ерекшелігімен көзге түседі. Күнделікті, ағымдағы мәселелерден артыла алмай қалып, тамырлы, берекелі жұмысты қолдан шығарып жіберетін партия комитеттері де жоқ емес. Мысалы, Қостанай облысындағы Федоров ауданының басшы ұйымдары шопан П. И. Стасенко жолдастың тәжірибесін, табысын насихаттауға, таратуға көп күш салды. Бірақ аудан ұйымдары шопанды қамқорлыққа алуды, оған көмектесуді ұмытып жетті. Сондықтан П. Стасенко жолдастың былтырғы жұмысы ойдағыдай нәтиже бермеді. Әрине, мұндай жағдайда насихат жемісті болмақшы емес. Тағы бір мысал. Былтыр осы облыстың Қарабалық аудандық партия комитетінің бюросы 533 мәселе қарады. Ал, бірақ ауыл шаруашылығын өркендетуге тікелей қатысы бар ең негізгі мәселені — озат тәжірибені насихаттау міндеттерін аудандық партия комитетінің бюросы арнайы талқыламай-ақ қойды. Басшылықтың шешуші мәселесі — озат тәжірибені тарату мәселесіне бұлай атүсті қарау кешірімсіз.

Март Пленумы ауыл шаруашылығына басшылықты нақтылы, пәрменді ұйымдастыру мәселесіне үлкен көңіл бөлді. Әңгіме жалпы басшылық жайлы емес, қайта нақ осы ауыл шаруашылығы өндірісін басқару туралы болып отыр. Ауыл шаруашылығына жалпы басшылықты жүзеге асыратын мекемеге кенде емеспіз, ал бірақ ауыл шаруашылығын басқарып отыратын, өндіріс пен дайындауды ұйымдастыру ісімен тікелей шұғылданатын, колхоздар мен совхоздардың мұқтажына жете көңіл бөлетін, әр шаруашылықтың даму бағытын белгілейтін, жерді мейлінше тиімді пайдалануға ұмтылатын, соған жауап беретін мекеме, орган болмай келді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзі де өндіріске тікелей басшылық еткен емес. Соңғы кезде бұл министрліктің органдары қайта құрылды. Ол кәзір ауыл шаруашылығы ғылымын дамыту және озат тәжірибенің жетістіктерін өндіріске кеңінен енгізу ісімен айналысады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін нақты басқаратын, қолма-қол ұйымдастыратын орган болмағандықтан жері, жағдайы бір көрші шаруашылықтардың өзі жұмыста ала-құла нәтижеге жетіп жүр. Мысалы, Қостанай облысының «Қостанай» және «Қарабалық» совхоздары көрші отыр. Ал екеуінің бір еңбек өлшеміне өндіретін өнімінің, оның түсер құнының арасындағы айырмашылық едәуір. «Қостанай» совхозы — табысы мол шаруашылық, ал «Қарабалық» совхозы бұл дәрежеге жетіп көрген жоқ. Ауыл шаруашылығы өндірісін тікелей басқаратын нақты ұйым болса, бұл екі шаруашылықтың мүмкіндіктерін, өркендеу жолын егжей-тегжейлі зерттеп шара қолданар еді.

Көрші отырса да жұмыс нәтижесі әртүрлі колхоз, совхоздар республикамызда аз емес. Ендігі міндет әрбір колхоз, совхоздың ауыл шаруашылығы өндірісін шебер басқаруда болып отыр. Ауыл шаруашылығына басшылық етудегі практикалық қызметімізде біз әрбір колхоз бен совхозды қамти алмасақ, әрбір шаруашылықтағы мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етпесек, онда барлық жоспар мен есептің түкке аспай қалуы мүмкін.

Сайып келгенде бәрі нақты, іскер басшылыққа байланысты. Партия территориялық, ауданаралық колхоз-совхоз өндірісінің басқармасын құру орынды деп көрсетті. Өндірістік басқармалардың негізгі міндеттері кадрларды іріктеп алу мен оқыту, озат шаруашылықтың үздік тәжірибесін барлық колхоз, совхозға тарату болмақшы. Ауданда өндірістік басқармалар үлгі-тәжірибе колхозға немесе совхозға сүйенеді.

Колхоз-совхоз өндірісінің территориялық басқармалары ауданаралық көлемде құрылады. Бұл басқармалар өлкелік, облыстық ұйымдардың басқа бөлімдерімен бірдей дәрежеде емес, қайта тек қана ауыл

шаруашылығы өндірісін басқару үшін құрылған арнаулы органдар ретінде жұмыс істейді. Басқарма қарамағындағы колхоздар мен совхоздар үшін өндіріс жоспарын белгілейді. Басқармалар ол жоспардың орындалуын қамтамасыз етуді қадағалап отыруға, шаруашылықты басқаруға, тапсырмалар беруге, резервтерді тауып, өнім өндіруді ұйымдастыруға, бақылау жүргізіп отыруға міндетті. Өндіріс басқармасының жұмысында ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарын орындау ең маңызды орын алады. Басқарма колхоз бен совхозды материалдық-техникалық жағынан жабдықтау ісіне шұғыл араласып отырады.

Қазақстанда 61 ауданаралық, 8 аудандық басқарма құрылды. Басқарманың басшы қызметіне аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығына жетік секретарьлары, аудандық атқару комитеттерінің председателдері жіберілуде.

Өндіріс басқармаларының барлық қызметінің негізі—әрбір колхоз бен совхозда күнбе-күнгі тыңғылықты ұйымдастыру жұмысын өрістетуге болуға тиіс. Бұл ұйымдастыру жұмысы мәжіліс өткізуден, қағаз жазудан емес, қайта шаруашылыққа жанды басшылық жасаудан, колхоз және совхоз өндірісінде жұмыс істеп жүрген адамдарды үйретуден көрінуге тиіс. Өндіріс басқармасы ауыл шаруашылығына жалпылама басшылық етпей, әрбір колхоз бен совхозда өндірісті ұйымдастыру ісімен тікелей шұғылданатын болуы қажет. Сондықтан да оларға маман адамдардан қажетті штат беріліп отыр, олар колхоз бен совхоздағы істің жағдайын егжей-тегжейлі жетік біліп отыруы керек. Ал, жағдайды жақсы біліп, өндірістің барысына ықпал жасау үшін ұйымдастырушы—инспекторлар, партия ұйымдастырушылары, нұсқаушылар тікелей колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеуге, ең басты мәселені—ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді шапшаң арттыруды жергілікті жердің өзінде шешіп отыруға міндетті.

Колхоздар мен совхоздарда өндірісті, еңбекке норма белгілеуді және ақы төлеуді дұрыс ұйымдастыру, колхоз өндірісінің барлық саласында еңбекке қосымша ақы төлеуді және совхозда еңбекке ақы төлеудің келісімді—сыйлық жүйесін кеңінен қолдану міндет. Ауылшаруашылық еңбеккерлерінің астық, ет, сүт және басқа да өнімді молайту жөніндегі материалдық ынталылығын күшейту—табысқа жетудің маңызды шарты. Өндіріс басқармалары бұл мәселелерге шұғыл міндет деп қарауға тиіс.

Ауыл шаруашылығының жайы үшін партия ұйымдарының халық алдындағы жауапкершілігі артып отыр. Облыста, өлкеде, республикада ауыл шаруашылығына басшылық ететін комитеттер құрылды. Республика Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, өлкелік, облыстық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары—осы комитеттің председателі. Бұл комитеттер ауыл шаруашылығының, колхоз, совхоз өндірісінің ең өзекті, күрделі мәселелерін қарап шешеді.

Партия ұйымдарының ауыл шаруашылығына жауаптылығын күшейтетін жағдайдың бірі мынау: өндіріс басқармасында облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысы және оның қарамағында нұсқаушылар тобы болады. Партия ұйымдастырушысы коммунистердің тапсырылған іске деген жауапкершілігін арттыруға, қаулы-қарардың орындалуына қатаң бақылау жасауға көмектесіп отырады. Партия ұйымдастырушысы мен нұсқаушылары аудандық партия комитеттерімен тығыз ынтымақтасып жұмыс істейді. Партия ұйымдастырушысы мен нұсқаушылар тобы ауылшаруашылық өнімін өндіру және дайындау жоспарын уақтылы орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге ісінде колхоз бен совхоздың бастауыш партия ұйымдарына көмектесіп отырады. Мұнымен бірге колхоз-совхоз өндіріс басқармасын-

да облыстық комсомол комитетінің комсомол ұйымдастырушысы болады. Ол жастарды тәрбиелеу, оларды партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойған міндеттерін орындауға жұмылдыру сияқты күрделі мәселелермен айналысады.

Ауыл шаруашылығына басшылық етуді қайта құру партия комитеттерінің жұмыс әдісін өзгертуді талап етеді. Жаңа жағдайда аудандық партия комитеттері өзінің күнделікті ұйымдастыру жұмысына, ауыл шаруашылығын жүргізудің жаңа прогресшіл әдістерін енгізуге, бастауыш партия ұйымдарының белсенділігін арттыруға және коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін күшейтуге көп көңіл бөлуге тиіс.

Ауыл шаруашылығына басшылықты қайта құру партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайта түсуді, басшы орындардың барлық буынында күнделікті бақылауды, істің орындалуын тексеруді күшейтуді талап етеді. Әңгіме ағымдағы жай шаруашылық міндеті туралы ғана болып отырманын, қайта аса маңызды саяси міндет туралы болып отырғанын, коммунизм орнатудағы, халықтың әл-ауқатын арттырудағы табыстар көбінесе осы міндеттің орындалуына байланысты болатынын сезіну керек.

Саяси-бұқаралық жұмысты өрістетуге, колхозшыларға және совхоз жұмысшыларына партия Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін түсіндіру—кәзіргі партиялық-саяси жұмыстың ең шұғыл міндеті.

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді биылғы жылдың өзінде-ақ мықтап арттыруды талап етті. Пленум партия және комсомол ұйымдарына, колхоздар мен совхоздарға бидайдың және басқа дәнді дақылдардың гектарынан 20—25 центнер, астыққа арналған жүгері гектарынан 50 центнер, асбұршақ және дәнге арналған жембұршақ гектарынан 20—30 центнер, қант қызылшасы гектарынан 200—250 центнер, мақта гектарынан 25 центнер өнім алынуын қамтамасыз ету міндетін жүктеді. Егістік жердің әр жүз гектарынан 75 центнер, басқа жердің жүз гектарынан 16 центнер ет өндіру үшін күресу керек.

Март Пленумының қаулысын орындауға Қазақстан сүбелі үлес қосады. Біздің республиканың жетіжылдықтың төртінші жылындағы белесі мынадай: жүгерінің және қант қызылшасының егіс көлемі артады, ал таза парлар, шөп және сұлы егісі 2,5 миллион гектар азайтылады. Асбұршақ пен атбұршақ егісі 500 мың гектардан асатын болады. Дәнді дақылдар егісі 1962 жылы республикамызда 24 миллион гектар немесе өткен жылғыдан 2 миллион гектар көп болмақ. Қазақстанда жаздық бидай жетекші дәнді дақыл болып қала береді, ол 17 миллион гектардан аса жерге егілетін болады. Республикамыз биыл мемлекетке 900 миллион пұт астық, 800 мың тонна ет, 1 миллион 200 мың тонна сүт, 225 мың тонна шитті мақта және басқа өнімдер сатуға тиіс.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жуырда болып өткен Пленумы март Пленумының қорытындылары туралы және Қазақстан партия ұйымдарының алдағы айбынды міндеттері туралы мәселе қарап кең қаулы қабылдады. Бұл қаулыны іске асыру күресіне ауыл шаруашылығының барлық еңбеккерін жаппай жұмылдыру—партия ұйымдарының кәзіргі шұғыл міндеті.

Партияның жалынды шақыруына ауыл шаруашылығын онан әрі үздік көтеру жолындағы жаңа ерлік істермен жауап берейік!

Кәсіподақтардың айбынды міндеттері

Кәзір көп ұлтты совет халқы аса зор қуаныш құшағына еніп, шабытты кезеңде отыр. Бұл түсінікті де. Өйткені, Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи XXII съезі елімізде коммунизм орнатудың ұлы Программасын—кәзіргі заман манифесін қабылдады. Ал, партиямыздың лениндік Орталық Комитеті өзінің жуырда болып өткен март Пленумында бұл тамаша Программаны іс жүзіне асыруға, ауыл шаруашылығын онан әрі мықтап өркендетіп, халықтың әл-ауқатын бұрынғыдан да жақсартуға түсуді қамтамасыз етуге бағытталған нақты шаралар белгіледі. Совет парламентінің сайлауы нағыз кең социалистік демократия негізінде, партия мен халықтың шынайы бірлігі жағдайында, асқан ұйымшылдықпен өтті.

Еңбекшілер бұқарасы арасында осындай саяси, өндірістік өрлеу туып, коммунистік құрылыс кең өрістей түскен кезде партия ұйымдарымен қатар қоғамдық ұйымдардың да жетекшілік, басқарушылық, тәрбиелік ролі артуда. Коммунизм құрылысшылары арасындағы тәрбие жұмысын күшейтіп, социалистік жарысты кең өрістетуде, әсіресе кәсіподақтардың маңызы зор. Бұл орынды да. Владимир Ильич Ленин кәсіподақтардың коммунистік құрылыстағы маңызын аса жоғары бағалаған-ды. «Бұл — тәрбиеші ұйым, іске тартушы, үйретуші ұйым, бұл — мектеп, басқару мектебі, қожайындық ету мектебі, коммунизм мектебі», — деп атап көрсетті ол.

Асқан көрегендікпен айтылған осы бір лениндік тамаша анықтаманы кәзір өмірдің өзі толық растап отыр. Кәсіподақтар партия ұйымдарының күнбе-күнгі басшылығы мен көмегіне сүйене отырып, жаңа Программаны жүзеге асыру, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды дамыту және коммунистік қоғамда жұмыс істеп, өмір сүретін жаңа адамды қалыптастыру ісіне қалың бұқараны жұмылдыруға мықтап ат салысуда.

Мұны Қазақстан кәсіподақтарының мысалынан да айқын аңғаруға болады. Республика кәсіподақтары өзінің қатарына жеңімпаз жұмысшы табы мен қызметшілердің үш миллионға жуық өкілін біріктіріп, бұқара арасындағы үлкен де ықпалды қоғамдық күшке айналды. Олар республикамыздың экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосуда; кәсіпорындардың жұмысын жақсарту, әсіресе өнеркәсіппен құрылыста, транспорт пен ауыл шаруашылығында ішкі бай резервтерді неғұрлым толық, тиімді пайдалану ісінде жергілікті партия, совет және шаруашылық ұйымдарға тыңғылықты көмек көрсетуде; жеті жылдық жоспарды мерзімінен бұрын, артығымен орындап шығу жолындағы социалистік жарыстың ұйтқысы болып, үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмысын күшейту арқылы, жұмысшыларды жемісті еңбек етуге жігерлендіруде. Мұның өзі кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыра түсуге елеулі әсер етті. 1961 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі және өнімнің аса маңызды түрлерін шығару жөніндегі республикалық жоспар артығымен орындалды. Өнім өндіру 1960 жылмен салыстырғанда 14 процент, еңбек өнімділігі 6 процент артты. Тек өткен жылы

жаңадан 100 кәсіпорны салынып, қатарға қосылды. Тұрғын үй мен мәдениет, тұрмыс орындарының құрылысы кең өрістетілді. Қалалар мен жұмысшы поселкелерінде соңғы екі жылдың ішінде 6 миллион шаршы метрден аса тұрғын үй пайдалануға берілді.

Кәсіподақ ұйымдары ауылшаруашылық өнімдерін мол өндіру жолындағы социалистік жарысқа да белсене қатысуда. Олар өткен жылы республикада мемлекетке ет, сүт, жұмыртқа, шитті мақта, овош сату жөніндегі жоспардың орындалуына лайықты үлес қосты. Совхоздарды ірілендіру және онан әрі өркендету, сөйтіп оларды товарлы астық өндіруші ірі кәсіпорынға айналдыру жөнінде істелген көп те игі жұмысқа белсене қатысты.

Республикамыздың кәсіподақ ұйымдары коммунизм мектебі ретінде қалып бұқараны жоғары саналылықта, еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуге ерекше назар аударуда. Кәзір коммунистік еңбек екліндісі атағын алу жолындағы жарысқа 560 мыңнан аса адам қатысып жүр. Ал, 857 кәсіпорын мен құрылыс коллективі коммунистік кәсіпорны атағын алу үшін күресуде. Бұл бағыттағы игі жарыс тиісті жемісін беруде. Кәзірдің өзінде республикамызда 85 мыңнан аса адам істейтін 6 160 бригада мен цех және смена коммунистік еңбек коллективі атағын алды. Сонымен қатар 38 мыңдай озат жұмысшы коммунистік еңбектің екліндісі деген құрметті атаққа ие болды. Олардың ішінде Қарағандының атақты көміршілері Омаров, Волков, Суслыков, Алтайдың кеншісі Демагин, Хайруллин, металлург Естаев, Курбатов, Шаяхметов, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының экскаватор жүргізушісі Петров, Семейдегі ет комбинатының озаты Ливицкий, Жамбылдың былғарышысы Әблиева, Гурьевтің мұнайшысы Тоқбатулина, Жұмашева, теміржолшы Кішкінбаев, Шепилов, Айтжанов жолдастар сияқты жарыста озып, жүлде алғандар көп-ақ.

Кәсіподақ ұйымдары кәзір коммунистік еңбек еклінділерінің озат тәжірибесін қорытып, оны кеңінен таратуға көп көңіл бөліп отыр. Ол жөнінде, әсіресе Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының кәсіподақ ұйымдары мен Қазақ темір жолы кәсіподақ советі елеулі жұмыс істеді. Ғылым мен техниканың жетістіктері туралы және озат тәжірибе жөнінде кітапшалар мен плакаттар басып шығарды. Сонымен қатар өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында озық тәжірибе мектептері құрылуда.

Коммунистік еңбек жолындағы күрес жұмысшылар мен қызметшілердің творчестволық ынта-жігерін тасыта түсті. Бұл игі жарыстың барысында жанашылдардың қатары көбейді. Республикамыздың кәсіподақ ұйымдары және 57 мың мүшесі бар ғылыми-техникалық қоғам олардың творчестволық жұмысын қолдап, көмектесіп отырды. Соның нәтижесінде рационализаторлар мен өнер табушылар соңғы екі жылдың ішінде 108 мың ұсыныс енгізді, одан мемлекетке 82 миллион сом пайда келтірілді.

Жұмысшылардың творчестволық ісін өрістетіп, кәсіпорындардың жұмысын жақсартуда, еңбекшілерді өндірісті басқаруға белсене қатыстыруда кәсіподақтардың тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңестері де үлкен роль атқаруда. Кәзір республикада мұндай кеңестің саны 5 642-ге жетті. Олардың жұмысына 213 мың тәжірибелі, жанашыл жұмысшы мен қызметші қатысуда. Оның үстіне соңғы кезде кәсіподақ ұйымдарында қоғамдық негізде жұмыс істейтін нұсқаушылар мен инспекторлардың саны көбейе түсті. Тек қоғамдық инспектордың өзі 38 мыңға жетті. Қоғамдық инспекторлар мен нұсқаушылар жұмысшылардың қалың ортасында жиі-жиі болып, кәсіпорындардың жұмысындағы көкейтесті мәселелер туралы пікір алысады, озат тәжірибені қорытып, оны көпшілікке таратады, жұмысшылардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, ол жөнінде кәсіподақ ұйымдарында мәселе талқылауға көмектеседі.

Мұндай жұмыс, әсіресе Көкшетау, Қостанай облыстарында кең өріс алуда. Соңғы үш айда Көкшетау облысындағы кәсіподақтардың штаттан тыс нұсқаушылары 50-ге жуық кәсіпорнын тексеріп, олардағы еңбек жағдайын жақсарту жөнінде 400-ден аса ұсыныс жасады. Ал, кәсіподақтардың Қостанай облыстық советінің қоғамдық негіздегі бөлімі, оның меңгерушісі Щипкова жолдас елеулі жұмыстар атқарып келеді.

Кәсіподақ ұйымдарының аса маңызды міндеттерінің бірі жұмысшылар мен қызметшілердің демалысын, қажет болған жағдайда емделуін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Бұл игі іске көп көңіл бөлінуде. Қазір республикада кәсіподақтар жүйесінде 2 500-ден аса төсегі бар он санаторий, 3 300-ден аса орны бар жиырма демалыс үйі, 1 600 төсегі бар отыз екі түнгі профилакторий жұмыс істейді. Мұнымен қатар жаңадан 700 орындық «Сарыағаш», «Аяққалған» санаторийлері ашылды. Осының бәрі жұмысшылар мен қызметшілерге мінсіз қызмет етуде. Тек соңғы екі жылдың ішінде оларда 268 мыңнан аса адам демалып, емделді.

Сол сияқты пионер лагерьлерін ұйымдастыру жұмысы да кең өріс алды. Қазір республикада 215 пионер лагері жұмыс істейді. Соңғы жылдары бұларда жұмысшылар мен қызметшілердің 240-мыңнан аса баласы дем алды.

Кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар арасындағы мәдени-ағарту жұмысын жақсартуға да көп көңіл бөлуде. Соңғы кезде 500-ден астам клуб, мәдениет сарайы мен мәдениет үйі салынды. Жаңадан 150-ден аса кітапхана ашылды. Кәсіподақтардың 300-ге таяу киноқондырғысы іске қосылды. Сөйтіп Қазақстанның кәсіподақтарында қазір 2 мыңға жуық клуб, мәдениет сарайы мен үйі, 1 650 кітапхана бар. Онымен бірге өнерпаздардың 17 халық театры, 207 мәдениет университеті және 15 мың үйірмесі жұмыс істейді. Бұл мәдени-ағарту мекемелердің бәрі партиямыздың тарихи XXII съезінің шешімдерін қалың бұқараға кеңінен түсіндіру, оларға эстетикалық тәрбие беру, озық тәжірибені насихаттау жөнінде көп жұмыс жүргізіп келеді.

Соңғы жылдары кәсіподақ ұйымдары еңбекшілер арасындағы физкультура және спорт жұмысын күшейтуге ерекше назар аударуда. Соның нәтижесінде физкультура коллективінің саны өсіп, 1 700-ге жетті. Бұлар қазір кәсіподақтың 373 мыңнан аса мүшесін қамтып отыр. Мұның өзі коммунизм құрылысшыларының жанжақты, жарасымды жетілуіне қосылып отырған үлкен үлес болып саналады.

Дегенмен, кәсіподақтар ұйымының жұмысында әлі де болса ірі-ірі кемшіліктер бар. Оны Қазақстан кәсіподақтарының жуырда болып өткен кезекті VII съезі атап көрсетті. Әсіресе, Қазақстан кәсіподақ советінің председателі С. Полымбетов жолдас жасаған есепті баяндамада және съезде сөйлеген шешендердің сөзінде кәсіподақ ұйымдарының жұмысындағы көптеген кемшіліктер батыл сынға алынды.

Көптеген кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар арасындағы социалистік жарысқа жолды жетекшілік етпейді, өндірістегі таңдаулы шамшырақтардың тәжірибесін қорытып, оны кеңінен таратуға мән бермейді. Кәсіподақтардың Тың өлкелік советі туралы осыны айтуға болады. Мұнда совхоз жұмысшылары арасындағы социалистік жарыста формализмге жол берілді. Жарыс шарттары жазылады да оның орындалуы тексерілмейді, сөйтіп, ол қағаз жүзінде қалып қояды. Бұған мынадай факты келтіруге болады. «Соколоврудстройдағы» кәсіподақ комитеті былтыр инициатива көтеріп: «байыту фабрикасын 1961 жылы іске қосамыз, жаңа бу электр станциясының тағы бір турбинасы мен котелін пайдалануға береміз, жоспардан тыс 10 мың шаршы метр тұрғын үй саламыз», деп міндеттеме қабылдады. Ол міндеттеме респуб-

дикалық газеттерде жарияланды. Құрылыс басшылары мен кәсіподақ қызметкерлері «өйтіп, жатырмыз, бүйтіп жатырмыз» деп әбден гүпілдеп, даурықты. Ал, жыл аяғында оның нәтижесі тексерілгенде берілген есерттің бірде-бір пунктті орындалмаған болып шықты. Мұндай формализмді үзілді-кесілді жою керек.

Үлкен кемшіліктің бірі мынадай: егіннен жоғары өнім алу жөнінде совхоздарда қабылданған міндеттемелердің қалай орындалып жатқаны бөлімшелерде, жеке бригадаларда жанжақты талқыланбайды. Совхоздардағы жұмысшы комитеттері істегі кемшіліктердің бетін ашып, ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерді және техника күшін толық тиімді пайдалану үшін тыңғылықты күрес жүргізбейді. Соның салдарынан Қостанай облысында техниканы мұқият сақтап, тиімді пайдалану ісі бетімен жіберілген. Шаруашылық басшылары өткен жылы тіпті мыңдаған тракторды есептен шығарып тастаған, ал биыл да солай еткелі отыр. Н. С. Хрущев жолдас партиямыздың Орталық Комитетінің март Пленумында мемлекет мүлкіне бұлай салқын қарап, мырзашылық етуге ешқандай жол беруге болмайтынын қатты ескертті. Ал, кәсіподақтардың өлкелік советі, оның председателі С. И. Андреев жолдас мұндай кемшіліктерге төзіп келеді. Андреев жолдас түрлі сылтаумен өлкедегі кәсіподақ ұйымдарының жұмысындағы ірі кемшіліктерді бүркемекші болады. Тың өлкесінің өткен жылы астық өндіру жөніндегі міндеттемені орындай алмай, мемлекет алдында борышты болып қалғаны жұртқа мәлім. Село еңбеккерлері жұмысының мұндай нашар қорытындысына кәсіподақ ұйымдары да кінәлі. Егер әрбір совхоздағы кәсіподақ ұйымдары социалистік жарысқа шын мәнісінде жетекшілік етіп, жұмысшыларды жемісті еңбек етуге жұмылдыра білсе, онда істің жайы, әрине, мұндай болмас еді.

Үстіміздегі жылы ауыл-село еңбеккерлерінің алдында орасан зор міндеттер тұр. Республикамыз биыл мемлекетке 900 миллион пұт астық, 220 мың тонна мақта, 1 780 мың тонна кант қызылшасын, 800 мың тонна ет, 1 230 мың тонна сүт, 95 мың тонна жүн тапсыруға тиіс. Кәсіподақ ұйымдары бұл аса жауапты әрі қиын міндетті абыроймен орындап шығу жолындағы күрестің алдыңғы сапында болуы кажет. Март Пленумының қаулысына сәйкес құрылған ауданаралық совхоз-колхоз өндіріс басқармаларының жұмысына тыңғылықты көмек көрсетуі керек.

«Барлық партия ұйымдарының, еңбекшілер депутаттары Советтерінің, кәсіподақтары мен комсомолдың күш-жігері, — деді Н. С. Хрущев жолдас март Пленумында жасаған баяндамасында, — XXII съездің ауыл шаруашылығын өркендету туралы шешімдерін орындауға жұмсалуға тиіс. Міндет бұқараның творчестволық белсенділігіне басшылық етіп, астық, мақта, ет, сүт, жүн және басқа ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру жолындағы бүкілхалықтық жарысты өрістетуде болып отыр».

Партиямыздың жаңа Программасында кәсіподақтардың социалистік жарысқа ұйтқы болуы жөніндегі міндеттері айқын көрсетілді. «Кәсіподақтар, — делінген онда, — бұқараның коммунистік сана-сезімін арттыру жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыруға, коммунистік еңбек жолындағы жарыстың ұйымдастырушысы болуға... тиіс». Шынын айту керек, республиканың кәсіподақ ұйымдары өздерінің бұл қасиетті міндетін іс жүзіне асыруда бірқатар кемшіліктерге жол беріп отыр. Коммунистік еңбек жолындағы жарысқа еңбекшілердің көпшілігі әлі қамтылған жоқ. Мұны республикадағы 3,5 миллионға жуық еңбеккердің 560 мыңы ғана коммунистік еңбек коллективі немесе екпіндісі атағын алу жолындағы жарысқа қатысып отырғанынан-ақ аңғаруға болады. Бұл, әрине, аз. Кәсіподақ ұйымдарының міндеті өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының коммунизмдегіше еңбек етіп, өмір сүру үшін күре-

суші еңбеккерлерін мұқият есепке алып, бұл тамаша қозғалысқа қалың бұқараны неғұрлым көп қатыстыру және оларға көмек көрсету болып табылады.

Көптеген кәсіподақ советтері мен комитеттері еңбек ұйымдастыру, өнеркәсіп өндірісін ұлғайту, шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту жұмысына зер салмайды. артта қалған кәсіпорындарын алдыңғыларға теңеу жолындағы күреске ат салыспайды. Өткен жылы республика өнеркәсіп орындарының 22 проценті жалпы өнім шығару жөніндегі жоспарды орындай алмады. Ал, 8 халық шаруашылығы советінің бесеуі еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасын орындамады. Республика бойынша өнімнің түсер құнын кеміту жөніндегі жоспар да орындалмай қалды. Бұған кәсіподақ ұйымдары да кінәлі. Ендеше, олар бұл кемшіліктен тиісті қорытынды шығаруы керек. Жаңа Програмада атап көрсетілгендей, кәсіподақтар жұмысшылар мен қызметшілерді үздіксіз техникалық прогресс жолындағы күреске, еңбек өнімділігін онан әрі арттыру, мемлекеттік жоспарлар мен тапсырмаларды орындау және асыра орындау жолындағы күреске белсене қатыстырып отыруға тиіс.

Сонымен бірге кәсіподақ ұйымдары техникалық прогресске көңіл бөліп, бұл игі істе ғылыми-техникалық қоғамдардың ролін арттыруға міндетті. Жаңашылдардың советтері мен институттарын, қоғамдық конструкторлар бюросы мен техникалық прогресс университеттерінің тағы басқаларын көп құруға ерекше назар аударған жөн. Рационализаторлар мен өнер табушылардың творчестволық ісін қатаң бақылап, бұл жұмыстағы кертартпалыққа, бюрократизмге, қағазбастылыққа ешқандай жол бермеу қажет. Тұрасын айту керек, көптеген кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен қызметшілердің игі ұсыныстарын іле көтеріп, қолдап отырмайды. Соның салдарынан кәсіпорындарда кәзір 12 мыңдай рационализаторлық ұсыныс өндіріске енгізілмей жатыр. Кәсіподақ советтері мен комитеттері совет адамдарының творчестволық ой-өрісін тұсайтын, мемлекетке келетін қыруар пайданы бөгейтін мұндай сылбырлыққа қарсы батыл күрес ашуға тиіс.

Тұрақты жұмыс істейтін өндірістік кеңес — еңбекшілерді өндірісті басқару ісіне кеңінен қатыстырудың ең ебдейлі, мықты құралы. Демек, өндірістік кеңестердің ролін арттыра түсу қажет. Ол үшін бұл кеңестердің талқылауына салынатын мәселелердің шеңберін кеңейту жөн. Өндірістік кеңестерде коллектив өміріне байланысты саналуан көкейтесті мәселелерді жанжақты талқылау пайдалы. Сонда ғана өндірістік кеңестер, партиямыздың Программасында айтылғандай, кәсіпорындардың, құрылыстардың, совхоздардың шаруашылық, мәдени жұмыстарын және өндіріске жасалатын бақылауды жақсартуға көмектестің, неғұрлым ықпалды органға айналады.

Еңбек қорғау және техника қауіпсіздігін сақтау үшін күресу — кәсіподақтардың төл ісі. Бірақ, бұл аса маңызды жұмыста да үлкен кемшіліктер кездесіп жүр. Ол жөнінде кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің секретары А. И. Шевченко жолдас Қазақстан кәсіподақтарының VII съезінде сөйлеген сөзінде өте орынды айтты. Партия мен үкімет, — деді ол, — қалың бұқараның еңбегін қорғап, әлеуметтік қамсыздандыру жұмысына ерекше назар аударуда. Бұл мақсатқа үстіміздегі жылы 8,4 миллиард сом қаржы бөлініп отыр. Мұның өзі еліміздің барлық бюджетінің оннан бір бөлігімен тең. Ал, бұл қаржыны жұмсау билігі толығымен кәсіподақтарға жүктелді. Амал қанша, көптеген кәсіподақ ұйымдары ол қаржыны орнымен жұмсай алмай отыр.

Ашығын айту керек, көп жерде шаруашылық басшылары кәсіпорындарда жұмысшылардың жемісті еңбек етуіне қолайлы жағдай жасауға зер салмайды. Ал, кәсіподақ ұйымдары оған төзіп, ымыра-

шылдық жасайды. Ондай ұнамсыз жайт тіпті Қазақстан кәсіподақтары советінің президиумында да болған. Президиум өткен жылғы декабрьде Қарағанды көмір комбинатының шахталарында еңбек заңдарының өрескел бұрмаланғандығы жөнінде мәселе талқылаған. Ал, мәжіліске керек десе, еңбек заңын бұрмалаған шаруашылық басшылары да шақырылмаған. Президиум аппарат қызметкерінің хабарлауы бойынша, кінәлі кісілерге сөз қатпай, «сен тимесең, мен тимен» деген принциппен қаулы қабылдаған.

Кейбір кәсіподақ ұйымдары қызметкерлерінің тарапынан кездескен әлгідей принципсіздіктің салдары ауыр болатынын өмірдің өзі көрсетіп отыр. Бұған мынадай мысал келтірейік. 1961 жылы республикада 4 мыңға жуық еңбекші жұмыстан өздерінің заңсыз босатылғандығы жөнінде халық соттарына шағым берген. Халық соттары ол шағымдарды қарап, әділетсіз босатылғандықтан 2400 адамды өз қызметіне қайта орналастыру жөнінде ұйғарым шығарған. Ал, ол адамдардың әуелде жұмыстан шығарылуына, кәсіподақтардың фабриктік-заводтық комитеттері келісім берген.

Партиямыздың жаңа Программасында: «Кәсіподақтар жұмысшылар мен қызметшілердің мамандығын арттыру, олардың еңбек пен тұрмыс жағдайларын жақсарту жөнінде үнемі қамқорлық жасап отыруға, еңбекшілердің материалдық және праволық мүдделерін қорғап отыруға тиіс» делінген. Кәсіподақ ұйымдары өзінің бұл қасиетті міндетін дүлтіксіз орындауға тиіс. Совет Одағы Министрлер Советі мен кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі 1962 жылғы 29 январьда кәсіпорындар мен құрылыстағы еңбек қорғау жұмысын онан әрі жақсарту шаралары туралы қаулы қабылдады. Бұл аса маңызды қаулыны және коллективтік шарттарды іс жүзіне бұлжытпай асыра отырып, еңбек қорғау заңдарын бұрмалауға ешқандай жол бермеу, ол үшін бұл іске қоғамдық инспекторлар мен еңбек қорғау жөніндегі комиссияларды кеңінен қатыстыру — кәсіподақ ұйымдарының абыройлы борышы.

Совет адамдарына, оның білім алуына, тұрмысына, денсаулығына, демалуына үнемі қамқорлық жасап отыру—кәсіподақ советтері мен комитеттерінің аса маңызды міндеті. Алайда, бұл игі жұмыстың барысы да ойдағыдай емес. Әсіресе, еңбекшілердің демалып, тынығуын ұйымдастыру жағы әлі де қанағаттанғысыз. Көптеген санаторийлердің материалдық-экономикалық базасы нашар. Балқаш пен Жезқазғандағы демалыс үйлерінің аты бар да заты жоқ. Өткен жылы демалыс үйлері мен санаторийлерді кеңейту, жаңадан салу мақсатына 700 мың сом қаржы бөлінді. Кәсіподақ ұйымдары тарапынан бақылаудың және талап қоюдың нашарлығы салдарынан ол ақша толық игерілмей қалды. Ал, Тын өлкесінде 2400 орындық 9 санаторий салу жөніндегі үкімет қаулысы іске асырылмады. Мұның өзі өлкелік атқару комитеті мен кәсіподақтардың өлкелік советінің аса маңызды іске жауапсыз қарағанын немесе дәрменсіздік жасағанын дәлелдейді.

Шынында еңбекшілердің демалуы мен емделуін жақсылап ұйымдастыруға республикамызда мүмкіншілік ұшан-теңіз. Оны батыл да кең пайдалануға жол ашық. Ақша да жетерлік. Әңгіме тек инициатива көрсетіп, белгіленген шараларды табандылықпен іске асыруда болып отыр. Алатаудың жасыл желек жамылған бөктерінде, өте әсем «Есік» көлі маңында, атақты Көкшетау мен Қарқаралы тауының көрікті жерлерінде тамаша демалыс үйлері мен санаторийлер салуға неге болмайды? Республикада жаз кезінде екі-үш ай ғана пайдаланылып жүрген жүздеген пионер лагерьлері бар. Соларды жыл бойы жұмыс істейтін демалыс үйлеріне бейімдеп әрі кеңейтіп, лагерь мерзімі біткен соң онда жұмысшылар мен қызметшілердің демалып тынығуын ұйымдастыруға кім кедергі жасайды? Пионер лагерьлерінің де саны өте

баяу өсуде. Әрбір совхоз бен колхозда пионер лагерьлерін ашу ісі ескерілмей келеді. Міне, осының бәрі — кәсіподақ ұйымдары мықты қолға алатын, толғағы піскен, өмір талап етіп отырған мәселе.

Кәсіподақ ұйымдары халықтың тұрғын үй жөніндегі тағы басқа мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеуге мықтап араласуы керек. Партия Программасында олардың бұл жөніндегі міндеті айқын көрсетілген: «Кәсіподақтар, — делінген онда, — тұрғын үй және мәдени-тұрмыс қажеттіліктері мен қажеттерінің орындалуы үшін, қоғамдық тамақтандыру мен сауданы, әлеуметтік қамсыздандыруды, санаторий-курорт істерін жақсарту үшін күш салуға тиіс». Демек, кәсіподақ ұйымдары, әсіресе тұрғын үй салу жоспарының орындалуын, салынған үйлердің ең алдымен пәтер үйге өте мұқтаж адамдарға берілуін қатаң бақылап отыруы керек. Амал не, істің жайы бұл талапқа сай болмай отыр.

Өткен жылы республикада тұрғын үй салу жоспары орындалмады. Гурьев облысында бұл жөніндегі тапсырма 68,6 процент қана орындалған. Мұнда, әсіресе Автомобиль транспорты министрлігі мен Геология және кен қорғау министрлігінің кәсіпорындары тұрғын үй салу жұмысын мүлде қанағаттанғысыз жүргізуде. Бұларда тапсырма тіпті жартылап та орындалған жоқ. Ал, бұл жағдай осы министрліктердің басшылары И. Халимов, Ш. Есенов жолдастарды ойландыратын дәрежеде қынжылдыратын да емес.

Республикада былтыр балалар мекемесін салу тапсырмасы 54 процент, аурухана, емхана салу жоспары 54 процент қана орындалды. Ал, жоспар — заң. Оны бұзуға, яғни орындамауға жол жоқ. Ендеше кәсіподақ ұйымдары алдағы уақытта бақылауды, сын мен өзара сынды күшейтіп, тапсырылған іске жауапсыз қарайтын, салдыр-салақ, белбеу қызметкерлер жөнінде қоғамдық пікір туғызып отыруға тиіс.

Мұнымен қатар кәсіподақ ұйымдары қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысын жақсартуға, олардың санын көбейтіп, халыққа мінсіз қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге міндетті. Бұл саладағы жұмыста да әзірше кемшілік көп. Былтыр республикада асхана, кафе, әзірше тамақ ішетін орын, шайхана, буфет салу жоспары 50 процент қана орындалды. Целиноград облысындағы 20 совхоздың бөлімшелерін білдірмей қойғанда, орталығының өзінде әлі асхана жоқ. Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында да бұл істің жайы мәз емес.

Кәсіподақтар тәрбие мектебі ретінде жанжақты әрі жарасымды жетілген жаңа адамдар тәрбиелеуге ерекше назар аударуға тиіс. Олар еңбекшілерді пролетарлық интернационализм, социалистік патриотизм рухында, дене шынықтыру жағынан да тәрбиелей отырып, оларды қоғамдық пайдалы еңбекке түгел, белсене қатыстыруды ойластыруы керек. Сонымен бірге барлық жұмысшыны кәсіподақ ұйымына тартуға жөн. Кәзір республикада 347 мыңдай жұмысшы кәсіподақ ұйымының мүшесі емес. Бұл — үлкен кемшілік. Әсіресе, Тың өлкесінде, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында жүздеген жұмысшы өз ұйымынан қанағаттанбау қалып келеді. Мұның үстіне кәзір республикамызда көптеген адам пайдалы еңбекке қатыспай, арамтамақ болып жүр. Кәсіподақ ұйымдары мұндай арамтамақтарға қарсы аяусыз күрес ашуға тиіс. Бұл күресті 400 мың адамды қамтып отырған 7 мың халық жасағымен құрамында 40 мың мүшесі бар 8 мың жолдастық сотпен бірлесіп отырып жүргізген дұрыс.

Кәсіподақтар — партиямыздың сенімді тірегі. Ол халыққа адал қызмет ете отырып, партиямыздың XXII съезінің тарихи шешімдерін және жаңа Программаны іс жүзіне асыруға белсене ат салыса береді.

В. И. Ленин техникалық прогресс туралы

Ө. БАЙҚОҢЫРОВ,

профессор

Адамзат тарихындағы тұңғыш социалистік мемлекеттің негізін салушы және бүкіл дүние жүзіндегі еңбекшілердің кеменгер көсемі В. И. Ленин техникалық прогреске көп көңіл бөліп, оның социализм-коммунизм құрылысындағы орасан зор ролі мен маңызын аса жоғары бағалады. Ол совет өкіметі орнаған алғашқы күндердің өзінде-ақ ең алдымен халық шаруашылығын қалпына келтіріп, оны одан әрі шапшаң өркендету, бұл үшін елді индустрияландырып, техникалық прогресті тездету ісін мықтап қолға алды.

Владимир Ильич 1921 жылғы майда, X партия конференциясында сөйлеген тарихи сөзінде ірі өнеркәсіпті жедел дамытпайынша, социалистік құрылысты алға бастыру, елдің ішкі мүмкіншіліктері мен сарқылмас бай резервтерін толық, тиімді пайдалану мүмкін емес екенін атап көрсетті. Сонымен қатар ол бұл саладағы шұғыл міндеттерді, социалистік құрылыстың негізгі бағыт-бағдарын белгілеп берді. В. И. Ленин жаңа экономикалық саясат жағдайында халық шаруашылығын, оның ішінде ауыр өнеркәсіпті қалпына келтіру ісін еліміздің отын өнеркәсібін дамытудан бастау керек екенін айтты, отынсыз осы заманғы техникамен жабдықталған ешқандай завод, фабрика салу мүмкін емес екенін, өйткені көмір—өнеркәсіптің наны екенін, ал нансыз өнеркәсіп—жансыз өнеркәсіп болатынын, көмірі жоқ темір жол елдің күре тамыры болудан қалатынын әбден дәлелдеді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі бұл нұсқауды басшылыққа ала отырып, елдің көмір байлығын кең пайдалануға ерекше назар аударды. Еліміздің сол кездегі ең негізгі көмір кені—Донбасты қалдына келтіру мәселесі мықтап қолға алынды. Көп ұзамай Грозный мен Баку мұнай кәсіпшіліктерін кеңейтіп, дамыту және шымтезек өндіру жұмысына зер салынды. Владимир Ильич мұның бәріндегі істің жайын күнбе-күн қадағалап, бақылап отырды. Оларды жаңа техникамен, тіпті шет елдерден келтірілген техникамен жабдықтап, техникалық прогресті тездетуге көмектесті.

В. И. Ленин техникалық прогресс жөнінде болған жаңалықтардың бәрін әуелден-ақ зерттеп, тіпті Ұлы Октябрь революциясына дейін де бірнеше мақала жазғанды. Оған мынадай мысал келтірелік. 1888 жылы орыстың ұлы химигі Д. И. Менделеев Донбасс көмір кеніндегі жер астында, табиғи жағдайда көмір қабатын жағып, генераторлық газ алуға болатынын дәлелдеді. Келешекті ойламайтын кертартпа, көркірек надандар басқарған патша үкіметі оған құлақ аспады. Бертін келе, 1912 жылы Англияның белгілі химигі Уильям Рамсай бұл мәселені қайта көтеріп, өз елінде тәжірибе жұмысын жүргізбекші болды. Бірақ бірінші дүниежүзілік соғыс оның бұл арманын аяқсыз қалдырды. Ал, Владимир Ильич бұл прогресшіл идеяға зор мән беріп, оны қызу қолдады. Ол 1913 жылы осы мәселеге арнап: «Техниканың ұлы жеңістерінің бірі» деген мақала жазды. Онда жер астындағы көмірді газдандырудың маңызы зор екенін, оны генераторларға пайдаланып,

өте арзан электр қуатын алуға болатынын, мұның нәтижесінде өнеркәсібіміздің аса маңызды саласы—отын өнеркәсібінде нағыз техникалық революция жасалатынын айқын сипаттады.

Демек, В. И. Ленин өнеркәсіптегі техникалық прогресті тездетуі әрқашан да ерекше мән берді. Коммунистік партия оның бұл данықпандық өсиетін басшылыққа ала отырып, кәзір, елімізде коммунистік құрылыс кең өрістетілген кезде де, техникалық прогреске көп көңіл бөлуде. Мұны партиямыздың жаңа Программасында техникалық прогресті тездетуі, оны коммунистік құрылысты шапшаңдатуға, совет адамдарының жұмыс жағдайы мен тұрмысын жақсартуға пайдалану міндеттерінің белгіленуінен-ақ айқын аңғаруға болады.

«Шаруашылықтың жоспарлы социалистік жүйесінің капитализмнен өзгеше жері, — делінген Программада, — техникалық прогресті тездетуі ісін еңбек етуге қабілетті барлық халықтың жұмыспен толық қамтамасыз болуымен ұштастырады. Автоматтандыру мен толық механикаландыру социалистік еңбектің бірте-бірте коммунистік еңбекке ұласуы үшін материалдық негіз болады. Техникалық прогресс өндіріс мәдениетіне, барлық еңбекшілердің арнаулы және жалпы білім алған жөніндегі әзірлігіне деген талапты едәуір арттырады. Жаңа техниканың дамуы совет адамының еңбек жағдайларын түбірінен жақсартып жеңілдету үшін, жұмыс күнін қысқартып, тұрмысты көркейту үшін ауыр дене еңбегін, ал сонан соң мамандандырылмаған еңбек атаулының бәрін де жою үшін пайдаланылады».

Елді индустрияландыру және электрлендіру мәселесіне зор маңызын бере отырып, В. И. Ленин бұл мақсатқа жұмсалатын қаржыны табудың жолы мен әдісін белгіледі. Партия Ленин белгілеген осы жолмен жүрді де, ақша қорын жинаудың капиталистік әдісінен үзілді-кесілді бас тартты. Бұл өте орынды да. Өйткені, ақша қорын жинаудың капиталистік жолы отар елдерді зарлатып, тонауға, ұсақ қолөнершілерді қайыршылық күйге түсіруге, ал жұмысшы табын жанын қинай қанауға негізделген. Мысалы, Англияда елді индустрияландыру жүз жылда аса уақытқа созылып, отар елдерді өте рақымсыздықпен тонау арқылы іске асырылды. Былайша айтқанда, оның индустриясы отар елдердегі миллиондаған құлдардың сүйегімен жасалды. Германия елінің индустрияландыру мақсатын 1870-1871 жылдардағы соғыстың нәтижесінде Франциядан контрибуция ретінде зорлық етіп алған бес миллион франк ақшаны қосымша жұмсау арқылы іске асырды. Соның өзінде де бұл жұмыс ондаған жылдар өткен соң барып аяқталды. Ал патшалық Россия елді индустрияландыру жұмысын пайдалы кендерді концессияға беру және өте ауыр шартпен қарыз ақша алу арқылы жүргізді. Мұның өзі онсыз да кедей елді қарызға белшесінен батырып оны техникалық-экономикалық және саяси мәселелер жөнінде шет ел капиталына тәуелді елге, яғни ірі империалистік мемлекеттердің жарытылай отарына айналдырды. Дәл сондықтан да қор жинаудың капиталистік бұл әдістерінің бәрі советтік өндіріске қолдануға мүлде жарамсыз екені өзінен өзі түсінікті.

Коммунистік партия ұлы Лениннің нұсқауын басшылыққа ала отырып, социалистік индустрияны жасауға қажетті қорды капиталистік әдістен мүлдем басқаша жолмен жинауға ұйғарды. Бұл жаңа әдіс пайдалы кендерді концессияға беруді, ауыр шарты бар қарыз ақша алуды және өз халқын немесе басқа халықты тонауды керек етпеді. Былайша айтқанда, еліміздің индустриясы ішкі қорды пайдалану есебінен жасалды.

Бұл ішкі қор қайдан жинақталды? Ол, біріншіден, помещиктер мен капиталистерден еріксіз тартып алынған меншіктерді жалпыхалықтық меншікке айналдыру есебінен алынды. Екіншіден, патша борышының және ол үшін шет елге төлейтін процентінің күші жойылды. Ол

алтынмен есептегенде 13 миллиард сом болатын-ды. Үшіншіден, Совет мемлекеті национализацияланған кәсіпорыннан, ішкі және сыртқы саудадан, қарыз беру банкісі жүйесінен тағы басқадан түскен пайданы жұмсады. Мұнымен қатар, елді индустрияландыру мақсатына халықтың әртүрлі кооперация мен сақтық кассаларына салған және заемға төлеген қаржысы пайдаланылды. Оның үстіне партия мен үкімет Владимир Ильичтің: «Мемлекетімізде шаруашылықта үнемділікті күшейтудің арқасында әрбір титтей де болса үнемделген жинақты машиналы ірі индустриямызды дамыту үшін, электрлендіруді, шымтезек өндіруді дамыту үшін, Волховстройды және басқаларды орнатып болу үшін сақтауға мүмкіндік аламыз» (Шығармалар, 33-том, 504-бет), деген нұсқауын бұлжытпай іске асырып отырды. Сөйтіп, ішкі мүмкіншілікті толық пайдалану шет елден ақша қарыз алуды керек етпеді және елді индустрияландыруды қамтамасыз етті.

В. И. Ленин индустриямызды жедел дамыту үшін еліміздің табиғи байлығын тиімді пайдалануға ерекше назар аударды. Ол, әсіресе Шығыс аудандарының табиғи байлығын игеруге зер салды. Владимир Ильич сол кездің өзінде Қазақстанның сарқылмас байлығы бар екенін атап көрсеткен еді. Ол Советтер съезіне барған Қазақстан делегациясын қабылдап: «Рас, сіздің өлке мүмкіншілігі ұшап-теңіз, бай өлке. Бұл өлкені көтеру керек, сөз жоқ көтеріміз де, халықта қыруар күш жатыр», деген-ді. Кеменгер көсемнің сөзі екі болған жоқ. Республикамыздың байлығы сол кезден бастап игеріліп келеді және игеріле бермек.

Кеменгер Ленин техникалық прогрестің негізі, оның ең түйінді өзегі — өнеркәсіпті электрлендіру екенін атап көрсетті. Ол Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінде жасаған тарихи баяндамасында: «Коммунизм дегеніміз — совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деп, бұл мәселенің маңызын аса жоғары бағалады. Партиямыз коммунистік қоғам орнатудың негізгі міндеттерін белгілегенде Владимир Ильичтің осы данышпандық тұжырымын басшылыққа алғаны мәлім. Жаңа Программада бұл саладағы маңызды міндеттер былай сипатталған:

Коммунистік қоғам экономикасы құрылысының өзегі болып табылатын электрлендіру халық шаруашылығының барлық салаларын өркендетуде, кәзіргі заманғы бүкіл техникалық прогресті қамтамасыз етуде жетекші роль атқарады. Сондықтан электр қуатын өндірудің озық қарқынды болуын қамтамасыз ету қажет. Елімізді электрлендіру жоспары: таяудағы он жылдың ішінде өнеркәсіптегі еңбектің электрмен жарактандырылуын үш есе дерлік көбейтуді; электр қуатын көп қолданатын өндірістерді арзан электр қуатының негізінде кеңінен өрістетуді; транспортты, ауыл шаруашылығын, қала халқы мен село халқының тұрмысын жаппай электрлендіруді көздейді. Бүкіл елімізді электрлендіру негізінен алғанда екінші онжылдықтың ішінде аяқталады.

Владимир Ильичтің нұсқауы бойынша және оның тікелей қатысуымен елді электрлендірудің болашақ жоспары—ГОЭЛРО жоспары жасалған еді. Бұл жоспар жаңа техника негізінде социалистік экономиканың іргетасын қалаудың алып программасы болды. Он-он бес жылға арналған бұл жоспар бойынша жалпы қуаты 1,5 миллион киловатт жиырма бу электр станциясын, он су электр станциясын салу белгіленген-ді. Жылына өндірілетін электр қуатының мөлшері 1913 жылғы 2 миллиард орнына 8,8 миллиард киловатт-сағатқа жеткізу көзделген еді.

ГОЭЛРО жоспары елдің экономикасын түбірінен өзгертуді көздеді. Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінде жасаған баяндамасында Ленин былай деді: «Еліміз электрленген кезде ғана, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және транспорт кәзіргі заманның өнеркәсіптік базасы-

мен құралданған кезде ғана, тек сол кезде ғана біз тұлкілікті жеңіп шығамыз» (Шығармалар, 31-том, 534-бет).

Коммунистік партияның басшылығы, совет халқының ұлап-асыр қажырлы еңбегі нәтижесінде ГОЭЛРО жоспары 1932 жылдың басында-ақ орындалды. Сол кезде аудандық электр станцияларының қуаты 1719 мың киловатқа жетті. Бесжылдықтың төрт жылы ішінде өнеркәсіптің негізгі қоры екі есе өсті. Ауыр өнеркәсіп саласындағы өндірістік негізгі қор үш есе, машина жасау өнеркәсібінің өнімі 4,5 есе артты. Құрылыс, автомобиль, авиация өнеркәсібі, трактор жасау, ауыр машина жасау өнеркәсібі жанадан құрылды. Ал, 1935 жылы «Главэнерго» жүйесіндегі және ірі өндірістік аудандардағы электр станцияларының қуаты 4345 мың киловатқа жетті. Сөйтіп, ГОЭЛРО жоспары елді электрлендіру жағынан үш есе артық орындалды.

Бүкіл елді толық электрлендіру—халық шаруашылығын өркендетудің ең шешуші мәселесі. Н. С. Хрущев жолдас энергетика құрылысы жөніндегі бүкілодақтық кеңесте сөйлеген сөзінде былай деп көрсетті: «Қазіргі кезеңде электрлендіруді жүзеге асырмайынша ауыр индустрия мен құрылысты да, транспорт пен ауыл шаруашылығын да, халық тұтынатын заттар өндірісін де ойдағыдай және шапшаң алға бастыру мүмкін емес, өндіріс және тұрмыс мәдениетін өрге бастыру мүмкін емес».

Партияның XX съезі мен XXII съезі аралығындағы уақыт ішінде электр қуатын өндіру елімізде 157 миллиард киловатқа дейін көбейді. Бұл В. И. Ленин атындағы Днепр су электр станция сияқты 50 электр станциясы іске қосылды деген сөз.

Рас, Совет Одағы электр қуатын өндіру жөнінен АҚШ-тан әлі де кейін қалып отыр. Бірақ бізде электр қуатын өндірудің қарқыны дамыған капиталистік елдердегіден анағұрлым жоғары.

Жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін, социализм мен коммунизм орнату үшін еңбек өнімділігі капитализм тұсындағыдан анағұрлым жоғары болуға тиіс, деп үйретті В. И. Ленин. Ал, еңбек өнімділігін неғұрлым мықтап арттыру өндіріс жұмыстарын түгел механикаландыруға және автоматтандыруға байланысты. Міне сондықтан да Коммунистік партия техникалық прогреске, өндіріс жұмыстарын толық механикаландырып, автоматтандыруға әрдайым қамқорлық жасап келеді. Техникалық прогресс мәселесі партияның съездері мен пленумдарының шешімдерінде талай рет атап көрсетілді. КПСС Орталық Комитетінің пленумдарында бұл мәселе бірнеше рет арнап талқыланды.

Партияның XXII съезі соңғы жылдары еліміздің өнеркәсібінде еңбек өнімділігінің тез өскенін атап көрсетті. 1961 жылы өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі 1955 жылғы дәрежеден 43 процент, құрылыста 60, темір жол транспортында 56 процент асып түсті. Өнеркәсіп өнімінің жалпы өсімінің 70 процентіне жуығы осының есебінен алынды.

СССР-дің халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарының коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы аса маңызды кезең екені мәлім. Өнеркәсіп пен құрылысты басқаруды қайта құру, әкімшілік экономикалық аудандар ұйымдастыру шараларын іске асыру бұл жоспарды ойдағыдай орындауға үлкен себін тигізіп отыр. Бүкіл елде соңғы үш жыл ішінде өнеркәсіптің жалпы өнімі жетіжылдықта көзделген 27 процент орнына 33 процент артты. Өнеркәсіп өнімін өндірудің өсімі бақылау цифрларында көзделген жылына орта есеппен 8,3 процент орнына 10,1 процент болды.

Еліміздің индустриялық-техникалық дәрежесінің асқар биікке көтеріліп отырғанын сипаттайтын дәлел мол. Соның ішіндегі ең көрнектісі— Совет Одағында жасанды спутниктер, космос ракеталары, совет космонавтары Ю. А. Гагарин, Г. С. Титовтар отырып, аспан әле-

мін шыр айналған космос корабльдері бүкіл дүние жүзінде тұңғыш рет ұшырылды. Совет халқының бұл жеңісі біздің советтік құрылыстың, оның ғылымының капиталистік құрылыстан анағұрлым зор артықшылықтары бар екенін сипаттайды.

Ынтымағы жарасқан көп ұлтты совет еліндегі ұлт республикаларында да өнеркәсіп қарыштап алға басып келеді. Мұны Қазақ ССР-інің мысалынан айқын көруге болады.

Бұрын артта қалған Қазақстан совет өкіметі тұсында өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы дамыған, мәдениеті гүлденген советтік социалистік республикаға айналды. Республиканың өнеркәсібі 1960 жылы 1913 жылғыдан өнімді 58 есе көп өндіріп, туысқан республикалар ішінде үшінші орынға ие болды. Қазақстан өнеркәсібі өзінің даму дәрежесі жағынан Шығыстың Пакистан, Түркия сияқты елдерін былай қойғанда, Еуропаның көптеген капиталистік елдерін қуып жетіп, басып озды.

Республиканың ауыр өнеркәсібі жетекші орын алады. Кәзір Қазақстан миллиондаған тонна темір рудасын, көмір, шойын, болат, суперфосфат өндіреді, жасанды торқа өндіру технологиясын игерді. Біздің республикамыздың түсті металлургиясы Совет Одағы бойынша үлкен орын алады. Біздегі мұнай өнеркәсібінің өркендеу дәрежесі де осал емес.

Республиканың машина жасау өнеркәсібі кәзір құрал-жабдықтың 600-дей түрін, алуан-алуан запас бөлшектер шығарады. Қазақстанның ауыр өнеркәсібі қуатты көмір комбайндарын, күрделі станоктар, ұсталық пресс тетіктерін, экскаваторлар, басқа да күрделі машиналар жасай алады.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі республикамыздың өндіргіш күштерін онан әрі дамытуға ұдайы орасан зор көмек көрсетіп, қамқорлық жасап отырады. Мұны Қазақстанға арнап бөлінген күрделі қаржының үздік молаюынан да аңғаруға болады. Күрделі қаржының көлемі жағынан біздің республика РСФСР-ден, Украинадан кейін үшінші орынға ие болып отыр. 1960 жылы республиканың халық шаруашылығына жұмсалған күрделі қаржы 1940 жылғыдан 11,1 есе артты. 1940—1959 жылдарда республика өнеркәсібінің негізгі қоры 14 еседей көбейді.

Бізде электр қуатын өндіру дәрежесі де едәуір өсіп келеді. Республикада 1913 жылмен салыстырғанда электр станцияларының қуаты 500 еседен астам артып, электр қуатын өндіру 1960 жылы 10,5 миллиард киловатт-сағатқа жетті.

Электр қуатының шапшаң өсуі республикада қара, түсті металлургия, химия өнеркәсібін жедел өркендетуге негіз қалап отыр.

Бүкіл елімізде, жоғарыда айтылғандай, өнеркәсіп өнімінің өсуі едәуір артты, өндірістің ішкі резервтерін пайдалану жақсарды, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің инициативасы, белсенділігі күшейді, мемлекеттік жоспарды орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарыс бұрынғыдан анағұрлым кен қанат жая бастады. Соның нәтижесі өнеркәсіп өнімін өндіру мөлшері жағынан СССР-дің бүкіл дүние жүзінде көрнекті орын алуына жеткізді. Еліміз шойын, болат, электр қуатын өндіру, машина жасау жөнінен Еуропада бірінші орынға, дүние жүзінде екінші орынға (АҚШ-тан кейін), көмір өндіру жөнінде дүние жүзінде бірінші орынға ие болып отыр.

Москва қаласындағы Калинин сайлау округі сайлаушыларының жақында болып өткен жиналысында Н. С. Хрущев жолдас экономиканы дамыту жағынан ең дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу мақсатына қарай ілгері басып келе жатқанымызды айқындайтын нақты деректер келтірді. Өнеркәсіп өнімінің өсу қарқыны жылына орта есеппен соңғы төрт жылда АҚШ-та 2,2 процент болса, Совет Одағында 10,1 процент болды.

В. И. Лениннің данышпандық идеяларын творчестволықпен дамытудың айқын белгілерінің бірі — партияның XXII съезінде жасаған Н. С. Хрущев жолдастың баяндамалары және елімізде коммунизм орнатудың алып жоспарын белгілеген жаңа Программа. «КПСС ауыр өнеркәсіпті өркендете беру және оны техникалық жағынан алға бастыру жөнінде, — делінген Программада, — бұдан былай да тынбастан қамқорлық жасап отырады».

Партия Программасында жиырма жыл ішінде өнеркәсіп өнімін өндіруді 6 есе арттыру, АҚШ-тың кәзіргі өнеркәсіп өндірісі көлемінен едәуір озып кету, өнеркәсіпте еңбек өнімділігін 4,5 есе арттыру белгіленген. Жиырма жылдан кейін СССР өнеркәсібінде еңбек өнімділігі Америка Құрама Штаттарындағы еңбек өнімділігінің кәзіргі дәрежесінен шамамен екі есе асып түседі. Өнеркәсіптің шешуші салалары өзінің өнімін үрдіс арттырады.

Ал оның бержағында техникалық прогресті неғұрлым дамытатын жаңа салалардың ролі күшейеді, синтетикалық материалдардың, металдың, құйманың үлесі ұлғайтылады. Автоматикаға, электронды техникаға, кибернетикаға байланысты машинаның, аспаптардың, аппаратуралардың жаңа түрлері көп шығарылып, кең қолданылады. Сөйтіп, жиырма жылдың ішінде өндірісті толық автоматтандыру жұмысы кең көлемде іске асырылады.

Елімізде адамзаттың жарқын болашағы коммунизм орнатуға, оның материалдық-техникалық базасын жасауға бекем бел байлаған көп ұлтты совет халқы кемеңгер көсеміміз Лениннің данышпандық идеяларына әрдайым сүйеніп, одан күш-қуат алып отырады. Қәзір бүкіл партиямыз, бүкіл ел еңбекшілері Лениннің ойлаған мақсатын, оның жоспарын, арманын ойдағыдай іске асыруда.

В. И. Ленин және «Правда»

(«Правда» газетінің 50 жылдығына)

С. МАТВИЕНКО,

тарих ғылымының кандидаты

Биыл 5 майда совет халқы партиямыздың орталық органы «Правда» газетінің бірінші номері шыққанына елу жыл толуын салтанатпен атап өтеді. Мұның өзі—еліміздің өміріндегі аса елеулі оқиға.

«Правданың» тарихы В. И. Лениннің есімімен, Совет Одағы Коммунистік партиясының елімізде социализм және коммунизм орнату жолындағы қаһармандық күресімен тығыз байланысты. В. И. Ленин «Правда» газетіне ұзақ уақыт басшылық етті және оның жұмысына белсене қатысты. «Правда» бетінде Владимир Ильичтің 700-ден аса шығармасы басылып шықты. Оның бірінші мақаласы «Правдада» 1912 жылы 8 (21) майда жарияланса, соңғы мақаласы 1923 жылы 4 мартта басылды.

В. И. Ленин баспасөзге, баспа ісіне ерекше көңіл бөлді. Ұлы Октябрьге дейінгі біздің партияның ірі-ірі баспасөз органдарының бәрі кеменгер көсеміміздің күнбе-күнгі басшылығымен немесе тікелей араласуымен шықты. В. И. Ленин тұңғыш маркстік газет «Искраны» ұйымдастырды. Ол әрдайым «Правданың» басы-қасында болды. Владимир Ильич күнделікті жария большевиктік газет шығару жөніндегі Петербург жұмысшыларының 1911 жылғы ұсынысын қызу қосты. 1912 жылы январьда В. И. Лениннің басшылығымен өткізілген партияның VI Бүкілроссиялық (Прага) конференциясы осындай газет шығару туралы қарар қабылдады.

В. И. Ленин «Правданың» бүтіндей жұмысшылар қалтасынан шыққан тиын-тебенге құрылып, тіршілік еткенін мақтаныш тұтты, әрі айрықша қастерледі. Бұл күнделікті газеттің жарыққа шығуы, деді ол, орыс жұмысшыларының саналылығына, жігері мен ұйымшылдығына тамаша дәлел. «Күнделікті жұмысшы газетін ұйымдастырып, Петербург жұмысшылары, — асырмай-ақ айтуға болады, — ірі тарихи іс істеді» (Шығармалар, 18-том, 183-бет).

Революцияшыл Россияға, күнделікті большевиктік газет редакциясына жақындай түсу үшін В. И. Ленин 1912 жылғы июньде Парижден Краковқа келді. Мұнда жүріп ол партия баспасөзі органының бүкіл қызметіне бағыт сілтеп отырды: редакцияға күн сайын дерлік өзінің хаттары мен мақалаларын жіберіп тұратын, өзімен ақылдасу үшін Краковқа жиі-жиі келіп жүрген редакция өкілдеріне жолығатын. «Правданың» жұмысына байланысты бірде-бір принципті мәселе В. И. Лениннің тікелей, қолма-қол қатысуынсыз шешіліп көрген емес.

В. И. Ленин «Правданың» айбынды партиялық орган болуын, жалтақтап, қорғаламай, қайта большевизмнің идеялық дұшпандарына тура, батыл шабуыл жасауын қалады. Владимир Ильич большевиктік баспасөз органының міндеті — пролетариаттың ашық жауларын—патша өкіметі мен буржуазияны батыл әшкерелеп қана қоймай, сонымен бірге жұмысшы табының астыртын жаулары — меньшевиктерді, жойымпаздарды, троцкишілерді, тағы сондай оппортунистерді әшкерелеп отыру деп санады. Капиталистердің қандай да болсын құйыршықтарына ешбір рақым болмасын,—міне В. И. Лениннің «Правда» газеті

редакциясына жолдаған барлық хаттарынан байқайтынымыз осы. «Әрбір баспасөз органында саналы жұмысшыларға ең алдымен және бәрінен гөрі сол органның принциптілігі қымбат» деді В. И. Ленин (Шығармалар, 20-том, 81-бет).

Марксизмге жат идеялар мен ағымдарға қарсы, тоқыраушылыққа қарсы мейрімсіздікпен қажырлы күрес жүргізу керек. Мұның өзі газет пен журналды жандандырады, олардың жауынгер орган болуына жәрдемдеседі. В. И. Ленин «Правда» газетінің көрнекті қызметкері М. С. Ольминскийдің өрескел қателерін сынауға байланысты редакцияға ескертуінде міне осыларды атап көрсетеді. М. С. Ольминский бір кезде оппортунистерге қарсы мақалаларды «ашулы әуенмен» жазу зиянды деген еді. Ал В. И. Ленин М. С. Ольминскийге батыл қарсы шыға келіп, былай деп жазды: «Ашулы әуен қашаннан бері күнделік газетке зиянды болып еді? Керісінше, коллегалар, құдай-ақы, керісінше, Зиянды нәрсе туралы «ашусыз» жазу—көңілсіз жазу деген сөз» (Шығармалар, 35-том, 25-бет).

«Правданың» жауынгерлік рухын көтеру, большевиктік партияның саяси сара жолы үшін оның белсенділігін күшейту жөніндегі В. И. Лениннің жасаған қамқорлығы, әрине, тек ақыл-кеңеспен, жай тілекпен ғана шектелген жоқ. 1912—1914 жылдарда ол «Правда» газетінің бетінде 270-тен аса мақала, баспасөзге шолу, хабар жариялады. Бұларда партияның міндеттері, сол сияқты Россия және халықаралық жұмысшы қозғалысының саналуан мәселелері, Россия мен шет елдердегі еңбекшілердің экономикалық және саяси халі жанжақты әрі терең баяндалды. Лениннің мақалалары «Правданың» идеялық және партиялық бағытын белгілеп берді. Бұл баспасөз органына Владимир Ильич таңдаулы большевик-публицистерді, ірі партия қызметкерлерінің бәрін дерлік, сондай-ақ М. Горькийді тартты.

В. И. Лениннің ұсынысы бойынша 1913 жылдың басында «Правда» газеті редакциясы қайта құрылды. Оны сол кезде Петербургте жүрген, партия Орталық Комитетінің мүшесі Я. М. Свердлов басқарды. Редакция жұмысында коллективтілік принципі қатаң сақтала бастады. Міне мұның бәрі «Правдаға» партия басшылығын жақсартуға көмектесті.

В. И. Лениннің айтуынша, большевиктік баспасөздің күші—жұмысшылармен, барлық еңбекшілермен тығыз байланыста. Данышпап көсем «Правда» газеті өзінің мазмұны, жарияланатын материалдарының сыпаты жағынан да, ақша-қаражаты және қызметкерлерінің құрамы жағынан да бұқаралық болуға тиіс деп ескертті. Оның бұл нұсқауы редакцияның бүкіл жұмысының негізіне алынды. «Правданың» қызметкерлері редакциядан тыс авторларды көбейтуді өздерінің күнбе-күнгі борышы деп білді: жұмысшы тілшілермен сөйлесіп, оларға тапсырмалар берді, мақалалар жазуына көмектесті, фабрикалар мен заводтардан, деревнялардан түскен хаттарды аса ыждағаттылықпен түзетті. Газеттің айбынды көмекшілері ұлан-байтақ еліміздің барлық жерінен табылатын. Бұлар тіпті патшалық Россияның Қазақстан сияқты ер-шалғай, мешеу аймағында да болды. Мысалы, 1912 жылғы 10 (23) майда газет Семейде болған ереуіл туралы хабар басып, оның бас тақырыбының астына «Өз тілшімізден» деп қойды. «Правданың» 1912—1914 жылдары шыққан небәрі 646 номерінде 17 мыңнан аса жұмысшы хат-хабары басылды.

Жұмысшы табының газеті жұмысшылардың өз қолымен шығарылуға тиіс деп үйретті Ленин газеттің штатты қызметкерлеріне. Сол біркүйін-қыстау күндердің өзінде ол газеттің ішкі жұмысына оқушылардың қатыстыруға қамқорлық жасады. Ол «Правда» коллективі мен бүкіл партияның алдына редакторлық қызметке жұмысшыларды үздіксіз қатыстыру жөнінде талап қойды. «Правда» редакциясы белгіл

бір мәселені, айталық ереуіл мәселесін қалай жазу керек екені туралы жұмысшылармен өнебойы ақылдасып отырды. «Правданың» оқушы достары газеттің жақсаруына әрдайым көмегін тигізді. Оның көлемін үлкейту үшін қаржы жинады; газетке әрқилы қосымшалар беруді ұсынып, өздері оны шығарысуға ат салысты; күн сайын ақшалай жәрдем көрсетті, газетті фабрикалар мен заводтарға таратты.

Бүкіл Россия жұмысшылары большевиктердің «Правданы» шығаруына шын ниетімен жәрдемдесті, өйткені олар бұл газеттің жұмысшылар мүддесін қорғайтынын жақсы түсінді. Бұдан біз Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін-ақ В. И. Лениннің, Коммунистік партияның баспасөз өркендерін мәпелеп өсіре бастағанын білеміз. Ал кәзір коммунистік құрылыстың кең өрістеген дәуірінде жаңа тамаша құбылыс — совет баспасөзіндегі қоғамдық негіз дамып отыр.

В. И. Лениннің «Правда» редакциясына жолдаған кейбір ақыл-кеңестерін тағы еске түсіріп өтейік. Бұл ақыл-кеңестердің күні бүгінге дейін маңызы жойылған жоқ. Елде революциялық өрлеудің толқыны күшейген сайын, газеттің жұмысшылармен байланысы нығая түскен сайын «Правданың» тиражын көбейтуге мүмкіншілік туды. Владимир Ильич редакцияның алдына оның тиражын әуелі 50-60 мыңға, бара-бара 100 мыңға жеткізу міндетін қойды. Бірақ ол осы арада өзінің оқушыларын көбейту мақсатына «Правда» өз жолымен, пролетарлық жолмен бару керек екенін еске салды. «Луч» тәрізді интеллигенттік күлдеге емес, бұқара арасына кеңінен, тереңнен жақындасу керек» деді Ленин (Шығармалар, 35-том, 74-бет).

В. И. Лениннің «Правдаға» жасаған жанжақты ықпалы — баспасөзге партиялық басшылықтың жарқын үлгісі. В. И. Лениннің, большевиктер партиясының дана басшылығы арқасында газеттің даңқы жайылып, беделі өсті. «Правда» газеті алдыңғы қатарлы жұмысшылардың тұтас бір ұрпағын тәрбиеледі, бұлар кейін Ұлы Октябрь социалистік революциясына, еліміздегі социализм құрылысына белсене ат салысты.

Дүниежүзілік бірінші соғыс қарсаңында патша өкіметі жауып тастаған «Правда» Февральдағы буржуазиялық-демократиялық революцияның артынша большевиктік партияның ресми орталық органы ретінде қайтадан шыға бастады. Бұл уақытта В. И. Ленин Швейцарияда жүр еді. «Правданың» қайта шығып жатқанын білген Владимир Ильич газетке дереу көмек көрсетуге кірісті. В. И. Ленин бәрінен бұрын революцияның негізгі мәселелерінен газеттің дұрыс бағыт ұстауын қадағалады. Өйткені, ол кезде партия қызметкерлері мен публицистердің тандаулы кадрлары не эмиграцияда, не айдауда жүрді. Владимир Ильич «Правдада» жарияланған партия Орталық Комитетінің манифесімен шет ел баспасөзі арқылы танысты да, кейін оны мақұлдады. Лениннің газет редакциясына жолдаған хатында бірінші айтқаны — буржуазияшыл уақытша үкіметке ешқандай сенім көрсетілмесін деген пікір еді.

В. И. Ленин 1917 жылы 25 мартта В. А. Карпинскийге былай деп жазды: «Правдаға» мақалалар керек тәрізді. Мен, қалайда, жазып тұрамын және барлық достардың да жазып тұруына кеңес беремін» (Шығармалар, 35-том, 281-бет). Бұған қоса редакциямен хат алысып, хат жазысу үшін өзінің адресін көрсетті. Лениннің өзі газетке мақалалар, партиялық документтер, әсіресе, ең маңыздысы, өзінің «Алыстан хаттарын» жіберді. Бірінші «Хат» «Правдада» 1917 жылы 21 және 22 мартта (3 және 4 апрельде) басылып шықты. Бұл хат Россияның сол кездегі саяси жағдайының өзгешеліктерін ашты, бұл хат буржуазияның қолына үкімет алып берген революцияның бірінші кезеңінен оның екінші — социалистік кезеңіне көшуде жұмысшыларға жалынды үндеу болды.

Апрельдің басында В. И. Лениннің Россияға қайтып келуі революция үшін, большевиктік партия мен оның орталық баспасөз органы үшін шын мәнісінде тарихи маңызы бар оқиға болды. 6 (19) апрельде «Правда» өзінің оқушыларына В. И. Ленин «Правда» редакциясына кірді деп хабарлады. Осы кезден бастап, газетті революция көсемінің өзі басқарды, Владимир Ильич бұл қуатты қаруды партия мен жұмысшы табының алдында тұрған жаңа міндеттерді түсіндіруге, еңбекшілер бұқарасын социалистік революция туы астына топтастыруға пайдалана білді. Ол «Правданы» революцияшыл жұмысшылар мен солдаттардың трибунасына айналдырды.

7 (20) апрельде «Правда» бетінде «Пролетариаттың кәзіргі революциядағы міндеттері туралы» деген атпен, В. И. Лениннің атақты Апрель тезистері мақала түрінде жарияланды. Апрель тезистерінде социалистік революцияның бейбіт түрде жеңетіндігінің теориялық жағынан дәлелденген жоспары берілді және пролетариат диктатурасының Россия жағдайындағы ең қолайлы формасы ретінде Советтер Республикасын құру ұраны алға қойылды. Владимир Ильич өзінің «Правдада» басылған «Қос өкімет туралы», «Барлық өкімет билігі Советтерге берілсін!» деген, тағы басқа көптеген мақалаларында жұмысшылар мен солдаттарға, шаруаларға олардың шынайы таптық мүдделерін түсіндіріп берді, меньшевиктер мен эсерлерді Советтерден қуып шығуға, Советтерді бірден-бір өкімет органдарына айналдыруға шақырды. Ленин идеяларының шындығына еңбекшілердің көзі жетті, олар барған сайын большевиктік партияны жақтай берді.

Осы шешуші күндерде В. И. Ленин «Правда» редакциясының үйінен шықпады. Оның басшылығымен газет номерлері шығып жатты, мұнда отырып ол дұшпандарын өлтіре түйрейтін жалынды мақалаларын жазды, «Правда» редакциясында Владимир Ильич жергілікті партия ұйымдарының өкілдеріне жолығып, олардың жергілікті жерде жүргізіп жатқан революциялық жұмыстарының жай-жапсарын біліп отырды, оларға нұсқау берді. «Правдада» қызмет істеген мерзім — В. И. Лениннің партия мен революция көсемі ретіндегі алып қызметінің ажырамас бір бөлігі.

Тарихтың қысылшаң бұрылыстарында В. И. Ленин бұқараға дұрыс бағыт сілтеу үшін, жағдай өзгере қалғандай болса партия тактикасын шапшаң жүзеге асыру үшін «Правданы» пайдаланды. Мұның айқын мысалы — 1917 жылғы июль айының бас кезіндегі оқиғалар. Бұл тұста уақытша үкімет Петроград жұмысшылары мен солдаттарының бейбіт демонстрациясына оқ атты, большевиктердің орталық баспасөз органының редакциясы мен баспаханасын қиратып кетті. «Правданың Листогіне» (6 (19) июльде, погромнан кейін газет осындай атпен шықты) В. И. Ленин бес мақала жазып, бұларда контрреволюционерлердің большевиктерге жапқан жаласын әшкереледі, уақытша үкіметтің арандатушылығына беріліп кетпеуге шақырды. Бір ғажабы, осы бес мақаланың бәрі бір күнде, 5 (18) июльде жазылды!

Июль демонстрациясын атқылағаннан соң Петроградтан уақытша кетіп, жасырынуға мәжбүр болған В. И. Ленин бұрынғысынша партия мен революциялық қозғалысқа басшылық ете берді. Ол «Правдаға» мақалалар жіберіп тұрды, бұл мақалалар редакция үшін де, бүкіл еңбекшілер үшін де жарық жұлдыз болды. В. И. Лениннің мақалалары жұмысшылар мен солдаттарды, шаруаларды уақытша үкіметке қарсы қарулы күреске үндеді. Пролетариаттың өкіметті қарудың күшімен тартып алуының қажеттілігін тиянақтай келіп, Владимир Ильич «Рабочий путь» газетіне (Октябрь революциясының алдында «Правда» осылай деп аталды) былай деп жазды:

«...Орыс революциясының бүкіл болашағы тәуекелге қойылып отыр. Большевиктер партиясының бүкіл ар-намысы екіталай халда

түр. Халықаралық жұмысшы революциясының бүкіл болашағы тәуекелге қойылып отыр.

Дағдарыс пісіп жетті...» (Шығармалар, 26-том, 64-бет).

Жеңіске жеткізетін көтеріліс үшін алғышарттардың пісіп жетілуінен дәлелдей келіп, В. И. Ленин сонымен бірге осы қиын-қыстау күндерде қарулы көтерілісті бастауға қарсы шыққан Зиновьев пен Каменевті «Рабочий путьтің» бетінде қатты сынады. Көтерілістен үш-төрт күн бұрын газетте жарық көрген «Жолдастарға хат» деген мақаласында ол Зиновьев пен Каменевтің опасыздығы мен қорқақтығын айыптады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін В. И. Ленин партия Орталық Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінде жұмыс басты болғанына қарамастан, «Правданы» назарынан шығармады. 29 ноябрьде (12 декабрьде) ол партия Орталық Комитетінің мәжілісінде екі рет сөйлеп, «Правда» газетінің редакциясына нағыз байсалды, тәжірибелі, теориялық жағынан әзірлігі мол жолдастарды жіберуді талап етті.

Мынаны айтқан дұрыс. Октябрьден кейін жазған мақалаларының көпшілігін В. И. Ленин «Правда» бетінде жариялап отырған. Брест бітіміне өршелене қарсыласқан «солшыл коммунистерге» қарсы күрес қыза түскен шақта да ұлы көсемнің бірнеше мақаласы «Правдада» басылып шықты. Мәселен, 1918 жылы февральда «Правдада» басылған Лениннің «Революцияшыл жел сөз туралы», «Бақытсыз бітім» деген мақалаларында Германиямен бітімді тез жасау керек екені, неміс империалистеріне қарсы революциялық соғыс ашу қажеттігі туралы «солшылдық» жел сөздердің жас Совет республикасы үшін зиянды екені ашып көрсетілді.

Азамат соғысы дәуірінде «Правда» газетінде В. И. Лениннің көптеген сөздері, мақалалары, хаттары мен үндеулері басылды, бұл документтердің бәрі жұмысшылар мен шаруаларды бақайшағына дейін қируланған ақгвардияшылар мен интервенттерге қарсы қаһармандық күреске жігерлендірді. Еліміз көп ауыртпалықтар мен қиыншылықтарды басынан кешірген осы жылдарда В. И. Ленин капитализмнен коммунизмге өту кезеңіндегі баспасөздің ролін белгілеп берді. Баспасөз социалистік құрылыстың құралы, еңбекшілерді өмірдің барлық саласының жанды, нақтылы мысалдары мен үлгілері арқылы тәрбиелеу құралы болуға тиіс деді ол. 1918 жылы 20 сентябрьде «Правдада» алғаш рет жарық көрген бұл еңбектің күні бүгінге дейін маңызы жойылған жоқ. Коммунистік құрылыс кең өрістеген дәуірде ұлы Лениннің мына сөздері совет журналистерінің жүрегіне жатталып отырғаны даусыз:

«Саяси мылжың аз болсын. Интеллигенттік байымдаулар аз болсын. Өмірге жақындай түсілсін. Жұмысшы және шаруа бұқарасының өзінің күнделікті жұмысында жаңа бірденені іс жүзінде қалай құрып жатқанына көбірек көңіл бөлінсін. Осы жаңа нәрсенің қаншалық коммунистік сыпаты бар екені көбірек тексерілсін» (Шығармалар, 28-том, 87-бет).

В. И. Ленин біздің баспасөздің, ең алдымен, Орталық Комитет органының өмір талаптарына сәйкес қайта құрылуына зер салып отырды. Жаңалықты, озаттықты іле қолдауда оның өзі үлгі көрсетті. «Правдада» коммунистік сенбіліктер туралы алғашқы хабарлар пайда болып, сонымен-ақ В. И. Ленин мұның коммунизм нышандары екенін болжап айтты. Москва—Қазан темір жолы жұмысшыларының бастамасына Владимир Ильич өзінің «Ұлы бастама» деген кітапшасын арнады. Оның бұл еңбегі—совет журналистеріне өмір құбылыстарын тез байқап білуде, жинақтауда тамаша өнеге.

Еліміз халық шаруашылығын қалпына келтіруге кіріскен тұста В. И. Ленин баспасөздің социалистік құрылыстағы, еңбекті жақсы ұйымдастыру үлгісін насихаттап, таратудағы қызметіне тағы оралады. Мәселен, оның 1922 жылы 12 апрельде Н. Осинскийге және «Правда» редакциясына жазған хатын алайық. Жергілікті тәжірибе жайында «Правдада» сәтті шыққан бір мақаланы ұнатады да, Владимир Ильич өмірге терең үңілуге, табыс сырын ашуға, қате-кемшіліктердің себебін көрсетуге кеңес береді.

1921—1923 жылдары «Правдада» жарияланған сөздерінде, мақалалары мен документтерінде Совет үкіметінің басшысы дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекеттің сыртқы саясатының негізгі принциптерін баяндады. Партия Орталық Комитетінің баспасөз органы арқылы Владимир Ильич жаңа экономикалық саясатының мәнін түсіндірді, оны бұрмалауға, өңін айналдыруға тырысып баққан антипартиялық элементтердің әрекетіне тойтарыс берді.

Өмірінің ақырғы күндеріне дейін В. И. Ленин «Правдамен» байланысын үзген жоқ. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің негізін қалаушы осы ұлы адам газет арқылы халықпен сөйлесіп отырды. Қатты науқастанып жатып, Владимир Ильич «Күнделік беттері», «Кооперация туралы», «Біздің революция туралы», «Біз Рабкринді қайтадан қалай құруымыз керек», «Аз болса да, жақсы болсын» деген өзін ең соңғы мақалаларын стенографисткаға айтып жаздыртып, «Правдада» бастырды. Бұл еңбектерде елімізді социалистік жолмен дамытудың кең жоспары белгіленді. В. И. Лениннің «Кооперация туралы» еңбегінде Россияда толық социалистік қоғам орнату үшін не қажеттің бәрі бар деген сөзі жүзеге асты.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің басшылығымен «Правда» газеті марксизм-ленинизм туын жоғары ұстап келді, ұстап келеді де. Аға газетімізден бүкіл совет баспасөзі үлгі алады. Партиялық пен идеялылық, принциптілік пен шындық сөзі, жұмысшы шаруа тілшілерінің бұқаралық қозғалысына арқа сүйеу—міне «Правда» газетінің осы үздік қасиеттерін барлық газет бойына сіңірген.

Даңқты Коммунистік партия баспасөздің лениндік дәстүрлерін қастерлеп, оның коммунизм орнату күресіндегі роліне айрықша маңыз беріп келеді. Жеке адамға табынудың зардаптарын жою және партия тұрмысының лениндік нормаларын қалпына келтіру газеттер мен журналдардың бұқарамен байланысын бұрынғыдан да нығайтты. Журналистикаға жаңа леп әкелді. Партияның ХХ және ХХІІ съездерінің аралығында еліміздегі газеттер мен журналдардың тиражы қауыресті. Мысалға біздің республиканы алыңыз. Соңғы бес жыл ішінде Қазақстан газеттерінің бір жылғы тиражы екі есе өсті, ал жұмысшы ауыл-село тілшілерінің саны 200 мың адамға жетті. Партияның ұйымдастыру және идеологиялық қызметіндегі баспасөздің орны мен маңызы партияның ХХІІ съезінің тарихи шешімдерінде, жаңа Програмада, Н. С. Хрущев жолдастың баяндамалары мен сөздерінде атап көрсетілді.

«Біздің елде баспасөз—халықтың рухани өмірінің ажыратқысы бөлігі, ал совет журналистикасы—партиялық-қоғамдық қызметтің асманызды саласы болып отыр, — делінген КПСС Орталық Комитетінің «Правда» газетінің 50 жылдығы туралы қаулысында, — Совет баспасөзінің қызметкерлері—партиямыздың сенімді көмекшілері, қолқанаттары — оның ұлы ісі үшін күресуші белсенді жауынгерлер».

Совет баспасөзі, совет журналистері коммунистік қоғам орнатудың ұлы программасын орындауға лайықты үлес қосады, бұдан былай да партиямыздың жауынгер көмекшілері, сенімді қолқанаттары болып беріледі.

«Правда» газетінің көшпелі редакциясы Қазақстанда

Ұлы Ленин мәпелеп өсірген, халқымызға нағыз шындықты жеткізген, советтік баспасөздің атасы — «Правда» газетінің жартығасырлық тушелін туар айда тойлағалы отырмыз.

Партия Орталық Комитетінің «Правда» газетінің 50-жылдығы туралы қаулысында бұл газеттің тарихы «Совет Одағы Коммунист партиясының қаһармандық тарихымен, В. И. Ленин негізін салған біздің партиялық баспасөздің дақты дәстүрлерімен тығыз байланысты» деп атап көрсетілді.

«Правда» революциялық қозғалыстың өрлеу кезіндегі ұйтқысы, империалистік қантөгіс соғыс кезіндегі адамгершілік үннің мұңшысы, Октябрь революциясы дәуірінде В. И. Ленин бастаған ерлердің атой салған үншісі, социалистік құрылыс жылдарында лениндік программаны орындау жолындағы бүкілхалықтық ерліктің жыршысы болды.

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында «Правда» совет адамдарын Отан алдындағы қасиетті азаматтық борышын ақтауға рухтандырды, жеңіске жігерлендіріп отырды. «Правда» газетінің бетінен жер шарының прогресшіл адамзаты Совет елінің ақ ниетін, адал тілегін, күрегінің дүрсілін, жауынгерлік үнін оқыды. Газетте көп ұлтты совет салқынын, Отан-ананың, патриот ерлердің, қаһармандық еңбек еткен жас жардың, өмір гүлі — жас ұланның, бауырмал апаның, аяулы қабындастың, жан қиысар құрбы-құрдастардың көңіл күйі, асыл сыры асырлар бойы аңыз боларлық жеңіс шежіресіндей баяндалды.

Опасыз жау Отанымыздың жүрегі Москваға төнген қиын-қыстау кезеңде Коммунистік партия «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұран тастады. Коммунистік партия еңбекшілердің екпінді жігерін, көкейтесті тілегін, көксеген арманын, тасқындаған талабын басқарды, бір арнаға салды. Бұл күресте партияға «Правда» газеті үлкен көмек көрсетті. Ол халық шаруашылығының шешуші салаларына 30-дан астам көшпелі редакциясын жіберіп, жеңістің желісін құруда қаһармандықпен еңбек етті.

Байтақ Отан берік тұтасқан бейне бір ғажайып соғыс лагеріне айналды. Советтік дәуірде көмірдің, мұнайдың, түсті металдың, сирек кездесетін металдардың ордасына, маржандай астық, аппақ күріштің, мамық мақтаның, биязы жүн мен семіз еттің, сары майдың саркылмас қазынасына айналған Қазақстан Отанымыздың шығыс аудандарымен бірге майданның асқан моральдық күші, материалдық тілегі болды.

Көмір, В. И. Ленин айтқандай, өндірістің наны. «Көмірсіз өмір жоқ», «қалып қойсаң көмірсіз, істеген ісің өнімсіз!» — деп халық теңізін айтпаған. Соғыс дәуірінде көмір Отан тағдырын шешуге тікелей қатысы бар шаруашылық саласы еді.

1941 жылдың аяғында және 1942 жылы елімізде отын өндірісі ауыр жағдайға душар болды. 1941 жылы ноябрь, декабрь айларында халық шаруашылығы Донбасс және Москва көмір бассейндерінен бірінші рет көмір ала алмады. Ал бұл бассейндер соғыс алдында елімізде шығарылатын көмірдің 63 процентін беретін еді.

Жаңа жағдайда Қарағанды көмір бассейні одақтағы екінші орынға қоймасына айналды. Ол Қазақстанның алуан салалы өндірісін, мұнайдың негізгі тірегі — Оралдың заводтарын, темір жол транспортымен жабдықтауға тиіс болды.

«Правда» газеті өзінің 1942 жылғы 5 июльдегі «Шахтерлер, жеңіске жету үшін Қызыл Армияға көмектесіңдер!» деген бас мақаласында былай деп жазды: «Фашистік оккупанттар Донец жерінде қарақшылық жортуылда жүр. Герман империалистерінің қанауында Донбасс ауыр күрсінуде. Гитлерлік бандитизмді жеңу сағатын жұлтану үшін, кәзір, әсіресе, еліміздің шығыс аудандарының — Кузбаст, Оралдың, Қарағандының, Шығыс Сибирьдің шахтерлерінен қажымталмай қарқынды жұмыс істеу талап етіледі».

Алайда, көмір шығару қарқыны жеделдей қоймады. ВКП(б) Орталық Комитеті 1942 жылы 24 сентябрьде «Көмір өнімін арттыру мәселелеріне байланысты Қарағанды көмір бассейнінде партия жұмыс жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Орталық Комитет бұл қаулыда Қарағанды бассейнінде көмір шығару қарқынын арттыру мәселесіне маңызды зор жұмыс екенін атап көрсетті, Қазақстан партия ұйымының бұл саладағы нақтылы программасын жасап берді.

Партияның бұл программасын іске асыруда Қарағанды коммуналарына Орталық Комитет жіберген бригадалар және «Правда» газетінің көшпелі редакциясы үлкен көмек көрсетті.

«Правда» газетінің көшпелі редакциясы «Бәрі де майдан үшін» деген атпен 1942 жылдың 18 ноябрінен 1943 жылдың 17 июліне дейін Қарағандыда № 1, Горький және Калинин атындағы шахталарда және көмір байыту фабрикасында шығып тұрды. Барлығы 230 номер шықты.

Көшпелі редакцияның Қарағандыда газет шығаруы он-оңай емес еді. Көбігі тілшілер, журналистер тым тапшы болатын. Полиграфтық база да мөз емес еді. Редакцияның шахтамен байланысуы оңайға соқпайтын. Қысты күндері жаңа қала мен шахталар арасындағы темір жол байланысы жиі үзіліп қалатын. Редактор А. Ионов жолдастың айтуынша, редакция қызметкері мұндай қысылтаянда газеттерді шахталарға уақытында жеткізу үшін үскірік аяз бен дүрборанда жаяу аттанатын. Осындай бір боранда газет қызметкері В. И. Ширяева бетін және аяғын үсітіп те алған. Басқаша айтқанда, көшпелі редакцияның қиындықпен күресіп, аз адаммен күнделікті газетті шығарып, шахтерлерге жеткізіп отыруы тамаша ерлік іс еді.

«Бәрі де майдан үшін» газеті ВКП(б) Орталық Комитетінің көмегімен мұнда көп шығару жөніндегі тапсырмасын орындауды тездету үшін күресі. Оның беттерінен совет жауынгерлерінің майдандағы қаһармандық ерліктерін, тыл гвардеецтерінің қажырлы еңбегінің тамаша үлгілерін шахтерлер асыға күтіп, аңсап оқитын еді.

«Бәрі де майдан үшін» газеті ең алдымен № 1 шахтаның жұмысы туралы жазды. Бұл кокстелетін көмірді көп беруге мүмкіндігі бар, бассейнінің ең ірі шахталардың бірі болатын. Бірақ, шахтада еңбек тәртібі нашар, жұмысты ұйымдастыруда береке жоқ еді. Газет ең алдымен еңбек тәртібін күшейтуді қолға алды. «Шахтада әскери тәртіп орнатылмай», «Жеңу үшін алып күрес, темірдей әскери тәртіп керек» (В. И. Ленин), «Тәртіп болмаса жеңіс те болмайды» деген бас мақалаларда, газеттің тұтас беттерінде шахтадағы жағдайға талдау жасалды.

Газеттің 20 ноябрьдегі санында басылған «Қырағылық және тәртіпсіздік да қырағылық» деген бас мақалада шахтадағы сапақшылық пен сыбырлық қатаң сынға алынды. 1942 жылдың 30 ноябрі күні «Нарядың бұлай жүргізуге болмайды», ал 14 декабрь күнгі санында «Жеміссіз жұмыс» деген хабар басылды. Бұл мақалаларда өндірісті ұйымдастыру

рудағы олқылықтар сөз болды. Газет әр сменадағы жұмыстың көлемі, нәтижесі, оны орындауда кездескен қиындықтар, жоспарды орындамауға кім кінәлі екенін талдап, нақтылы басшылық үшін күресті. Есеп жұмысындағы шалағайлықтарды — көмір құлатушылардың жұмысын есептеудегі салақтықты, слесарьлардың жалақысындағы теңгермешідікті сынап, мәселе көтерді.

Шахта партия ұйымы бұл мәселелерді дер кезінде шеше қоймады. Шахтаның учаскелеріндегі партия топтары коммунистердің авангардтық ролін көтеріп, қажырлы еңбегін басқара алмады. Міне сондықтан да көшпелі редакция күн тәртібіндегі өзекті мәселе етіп, партия ұйымының ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіруді, саяси жұмысын жандандыруды алға қойды.

«Коммунист, сен майдандағыша күрес, шахтерлерді жеңіске баста!» деген ұранмен басталған газеттің арнаулы беттерінде партия топтарының жұмысына, жеке коммунистердің жұмысына талдау жасалды. «Жақсы» кенші—үлгілі үгітші», «Партия үйірмесі жұмыс істемейді» деген газеттің 7 декабрьдегі мақалаларында партия ұйымының үгіт-насихат жұмысындағы олқылықтар сөз болды. Газет шахтаның партия ұйымынан саяси жұмыстың нақтылы, пәрменді болуын талап етті.

Соғыс кезінде қазақ халқының ауыз әдебиетінің тамаша дәстүрі—айтыс өткізу Қарағандыдан басталды. Революциядан бұрын ақындар негізінен ру тайланың жыртысын жыртып, бай мен болысты мадақтайтын. Жаңарған айтыс түрі мен мазмұны жөнінен жаңа негізде өткізілді. Бұл жаңа айтыстарда топты жарған талай саңлақтар ұлы Отанын, қаһарман совет халқын, оның қарулы күштерін, кеменгер Коммунистік партияның дана басшылығын жыр етті. Сонымен қатар ақындар өндіріс орындарында бар олқылықтарды сынады, жалқаулық пен ешжарлықты, саудагерлік пен сұғанақтықты, бос даурықпа думанды өткір сөзбен өлтіре келемеж етті. Озықты үлгі, кемшілікті күлкі етті. Сөйтіп, айтыс саяси үгіттің жалынды бір түріне айналды.

«Правда» газетінің көшпелі редакциясы облыс партия ұйымының бұл игі бастамасын қызу қолдады. «Аузымда—жыр, қолымда—оқ, жырым — досқа, жауға — оқ» деген жалынды ұраны бар Шашубай, Доскей, Ілияс ақындардың № 1 шахтаға келіп, еңбек ерлерінің арасындағы істеген жұмысын газет жоғары бағалады. «Ақындар өздерінің өлеңдерінде, — деп жазды 1942 жылдың 9 декабрінде газет, — жауынгерлердің қаһармандығын мадақтады және шахтерлерді Отан талабына сай жұмыс істеуге шақырды».

Шахтадағы механизмдердің нашар пайдаланылуы бассейні жұмысындағы негізгі олқылықтардың бірі болатын. Шахтаға негізінен соғыс кезінде келген жастар мен әйелдер техниканы жетік меңгере алмағандықтан өндірісте авария, брак көп болатын, бұл бүкіл коллективті кіпсіз байлап, кейін тартатын. 1942 жылы ноябрьдің орта шенінде № 31 шахта комсомолецтері мен жастарының механизмді үйрену, күту, сақтау жөнінде Қарағанды көмір бассейнінің комсомолецтері мен жастарына жазған ашық хатын облыстық партия комитеті мақұлдады. Ал, көшпелі редакция бұл игі бастаманы қызу қолдады, оның бүкіл бассейндік қозғалысқа айналуына ат салысты. Газеттің беттерінен кеше колхозшы болған, бүгін бассейндегі бай техниканы меңгеріп, жетіле бастаған жастар мен әйелдердің өнегелі істері туралы мақалалар, хабарлар, очерктер жиі басылып тұрды. Мысалы, газеттің 9 декабрьдегі санында «Қыздар станокқа тұрды» деген мақала шықты. Онда қарт, тәжірибелі токарь М. В. Попов басқарған бір топ жастардың жаңа мамандықты игерудегі жетістіктері баяндалды. Қарт шахтерлер Есен Малтабаров, Ысқақ Ермағамбетов жолдастардың жаңа келген жұмысшыларды қабылдап, оларға жасаған қамқорлығын газет өте

жоғары бағалап, басқаларға үлгі етті. Тәжірибелі шахтер Ахмет жолдастың бір топ жастарды жер астындағы жұмысқа қалай баулағанын — көмір қыртысының құрылысы және оны қазу әдістері туралы жасаған қызықты және бағалы әңгімесін, жаңа мамандықты үйретудегі шеберлігін газет жылы лебізбен жазды.

«Комсомолец Рыкуновтың табысы» деген хабарда газет комсомол ұйымының жолдамасымен келген село мұғалімі Тихон Рыкуновты темірден түйін түйетін ұсталық өнерге үйрену жолын көрсетті. Сонымен қатар жастарды тәрбиелеу мәселесіне немқұрайды қарайтын бригадирлерді, нұсқаушыларды батыл сынап, бұл кемшіліктің тез жойылуын қадағалап отырды.

1942 жылы декабрьдің орта шенінде Қарағандыға Магнитогорск комбинатының және шахталарды қамқорлыққа алған республика облыстарының өкілдері келді. «Бәрі де майдан үшін» газеті бассейні бұл қарым-қатынастық ісіне аса көңіл бөлді. Оның бетінде «Магнитогорск қаның домналарына көмір керек» деген Магнитогорск металлургияшының Қарағанды көміршілеріне жолдаған ашық хаты жарияланды.

«Правданың» көшпелі редакциясының көтерген мәселелері алуатүрлі. Оның ішінде шахталарда социалистік жарысты өрістетуге, шахтерлердің тұрмысын жақсарту, жастар мен қарт кеншілердің келісімді жұмысына дәнекерлік жасау, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары жұмысының дәрежесін көтеріп, жетілдіру мәселелері көрнекті орын алды. Қай тақырыпты алса да, қай жағдайда (очерк, хабар, мақала т. б.) жазса да газет олардың негізгі мазмұны етіп халықтар достығын, советтік патриотизмді, майдан мен тылдың берік байланысын көрсетті. Қарағанды кеншілерінің интернационалдық байланысын, колхозшылармен нығая түскен одағы туралы мақаланы газет көрікті орынға басып, тартымды да, әсерлі етіп жазды.

Мысалы: «Бізге ауа қандай керек болса, көмір сондай керек! «Жауды майданда — окпен, тылда — еңбекпен жайратайық!» деген сияқты тартымды ұран газетте жиі кездеседі.

«Ердің асылы күшінен білінеді» дегендей газеттің абыройын оның сынының нәтижелі болуы танытады. «Правда» газетінің көшпелі редакциясы өзінің сын мақалаларының нәтижесін «Бізге жауап береді» деген бөлімде ұдайы хабарлап отырды. Газет дабылынан кейін шахта асханасының, жатақханасының жұмыстары жақсарды. Горький шахтасында машина-жабдық дұрыс пайдаланылатын болды. Пархоменко атындағы машина жасау заводы көмір байыту фабрикасына керекті бөлшектерді тез жасап берді, шахтерлердің жалақысын есептеудегі және берудегі олқылықтар жойылды, партия ұйымының ұйымдастыру, саяси жұмысының дәрежесі көтеріліп, жетіле түсті.

Шахтерлер арасында газеттің беделі күн санап өсті. Тез арада жұмысшылар арасынан ондаған штаттан тыс тілшілер де шықты. Еңбек озаттары редакцияға күнделікті хабарласып, барлық жаңалықтарды білдіріп отырды. Аз уақыттың ішінде газет бетінде 600-ге жуық озақ шахтерлердің, инженер мен техниктердің, шахтадағы партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары қызметкерлерінің хат-хабары басылды. Олардың ішінде еңбек озаттары С. Ермағамбетов, Қ. Исаков, Н. Шаймерденов, Я. Свягин, Г. Егоров және басқалары бар. Сонымен қатар газет жұмысына жергілікті жердің жазушылары мен ақындары қатысты. Әсіресе, газет бетінде Н. Титов жазған өлеңдер жиі басылып тұрды.

Газет көп адамның өндірістік құрметке бөленуіне, өсуіне себеп болды. Мысалы, кен мастері Ф. Пугач учаске бастығы болып, слесарь П. Морин механик болып, слесарь С. Канапинов кен шебері болып жоғарылатылды.

«Ел ренжісе, жер көтермейтін ауыры бар.


Ел қозғалса, қарлы боран дауылы бар», — деп халық тегін айтпаған. Партияның жалынды үніне ел қозғалды, жанын да, малын да, қасықтай қанын да Отан үшін пида етті. 1943 жылы Қарағанды бассейні артта қалушылықты жойып, еліміздің алдыңғы қатарлы өндіріс орындарының бірі болды. Ол Магнитогорскінің домна пештерін, Польшьенің өнеркәсіп орындарын, темір жол транспортын отынмен еркін жабдықтайтын дәрежеге жетті. Бір жылдың ішінде бассейнде көмір шығару 2,6 миллион тонна артты. «Правда» газеті бұл ерлікті мадақтап жазды.

Бассейн жұмысындағы негізгі бетбұрыс 1943 жылдың мартынан басталған-ды. Ал «Правда» газетінің көшпелі редакциясы жұмысты 17 июльге дейін істеді. Бұл кезде алғашқы қол жеткен табыс берік шындалып, жеңістің негізгі арқауы жасалған-ды. Бұл жағдайда «Бәрі де майдан үшін» газеті партиямыздың Орталық Комитетінің қойған міндетін негізінен орындаған кезі еді.

Қарағанды облыстық партия комитеті «Правда» газетінің көшпелі редакциясының жұмысына жоғары баға берді, оған шын жүректен алғыс айтты. Газеттің тамаша тәжірибелерін облыстағы газеттерге үлгі етіп тартып, оны кеңінен пайдалануға міндет етті.

Жыл артынан жыл жылжып өтіп жатыр. «Правда» газетінің көшпелі редакциясы Қарағандыға келгелі де 20 жыл болып қалды. Алайда біз қазақстандықтар партияның жіберген жаршысы «Правда» газетінің республикамыздың ұлы жеңіске қосқан үлесіне ортақ екенін ешқашан да ұмытпаймыз. «Бәрі де майдан үшін» газетінің қысқа тарихы жартығасырлық революциялық салты бар, данқты дәстүрі бар лениндік баспасөздің шежіресіне мәңгі өшпес, ұмытылмас жаңа бет болып қосылады.

М. ҚОЗЫБАЕВ,
партия тарихы институтының
аға ғылыми қызметкері.



Қой шаруашылығын мол табысты салаға айналдырайық

Ш. ҚОСПАНОВ,

Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші секретары

Партияның тарихи XXII съезі ауыл шаруашылығын мықтап өркендетуге, елімізде азық-түлік молшылығын жасауға зор маңыз берді. КПСС Орталық Комитетінің жақында болып өткен март Пленумы партияның ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту міндеттерін жан-жақты талқылады. Пленумда Н. С. Хрущев жолдастың жасаған баяндамасының, қорытынды сөзінің және Пленумда қабылданған қорытындының саяси-шаруашылық маңызы срасан зор. Март Пленумының белгілеген шараларын іске асыру ауыл шаруашылығына басшылықты тереңірінен қайта құруға, оны колхоз, совхоз өндірісіне жақындатуға, ұйымдастыру-жоспарлау ісін, есеп-қисап жұмысын мықтап жақсартуға, жерді, техниканы неғұрлым тиімді пайдаланып, еңбек өнімділігін арттыруға, астықты, етті, сүтті тағы басқа өнімдерді мол да арзан өндіруге мол мүмкіндік туғызады.

Біздің облыстағы жердің көбі жайылым және шабындық үлесі аз тиеді. Мұнда мал шаруашылығының басым өркендетілетіні де осыдан. Бізде қой, соғым мал, сауын мал, үйірлі жылқы бар. Облыстағы мал шаруашылығының негізгі саласы—қой шаруашылығы.

Н. С. Хрущев жолдас республикада қой шаруашылығын өркендетудің болашағы зор екенін талай рет атап көрсетті. Республика ауыл шаруашылығы озаттарының (1961 жылғы март) кеңесінде ол былай деген еді: «Сіздің республика үшін қойдың санын көбейту басты резервтердің бірі болып табылады. Егер колхоздар мен совхоздарда әрбір гектар жерге орта есеппен бір қойдан келсе, Қазақстанда қойдың санын 100 миллионнан асыруға болар еді».

Бұл нұсқауды басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облыстық партия ұйымы қой шаруашылығын мықтап өркендету бағытында тиісті шаралар қолданып келеді. Облыстың колхоздары мен совхоздары 1953 жылдан бері қойдың санын үш еседей көбейтті. Қойдың саны тек өткен бір жылдың ішінде ғана 229 мың бас өсті. Колхоздар мен совхоздарда мал саны алынған төл есебінен ғана көбейіп отырғаны ерекше атап өту керек.

Қойдың саны ғана өсіп отырған жоқ, сонымен қатар малдың сапасы да жақсаруда. Бұрын облыста негізінен өнімі төмен қылшық жүнді қой өсіріліп келген еді, ал кәзір қойдың 74 проценттейі биязы және биязылау жүнді қой болып отыр.

Ет өндіруді арттыру және мемлекетке оны көп сату іргелі міндет болып қойылып отыр. Оны іске асыру жолында облыстың еңбеккерлері біраз табысқа ие болды. Өткен жылы мемлекетке ет сату жөнінде қабылданған міндеттеме асыра орындалды, 1960 жылғыдан 13 мың тонна ет артық дайындалды. Ет дайындау және оны мемлекетке сату жөнінде қол жеткен табысы үшін облысымызға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің және Қазақстан кәсіподақтары Советінің ауыспалы Қызыл туы үш мәртебе берілді.

Жалпы дайындалатын ет ішінде қойдың еті көбірек орын алады. 1961 жылы облыс шаруашылықтары мемлекетке 280 мың центнер қой етін өткізді. Бұл тапсырылған барлық еттің 40 проценттен астамы етке өткізілген әр қойдың тірідей салмағы 48 килограмнан айналды. Алтыр жүн дайындау бұрнағы жылғыдан едәуір артты. Неше түрлі тем мата тоқылатын жібектей ширатылған биязы жүннің дайындалу мөлшері едәуір көбейді.

Қолхоз, совхоз өндірісінде қой өсіру мал шаруашылығының жоғары табысты саласына айналдырылуда. Облыс бойынша бүкіл мал шаруашылығындағы табыстың жартысынан астамы қой шаруашылығынан түседі. Жеке шаруашылықтарда ол бұдан да жоғары. Мысалы, Жаңақала ауданындағы «Бірлік» колхозында қой шаруашылығынан алынатын табыс бүкіл кірістің 80 процентінен асады.

Қой санын көбейтуде және одан алынатын ет, жүн мөлшерін арттыруда қол жеткен табыс — бүкіл облыс партия ұйымының жүргізген ұлан-асыр жұмысының тікелей нәтижесі.

Соңғы жылдары шопан кадрлардың қатары едәуір нығайтылды. Олардың арасында коммунистер мен комсомолецтер бұрынғыдан біраз көбейді. 800 коммунист аға шопан болып істейді. Мұны алдағы уақытта көбейту мақсатын көздеп отырмыз. Совхоздың бәрінде партиялық бақылау комиссиясы құрылды. Партия ұйымдары бұл комиссиялар арқылы шаруашылық жұмысқа ықпалын күшейтіп, кемшіліктерді қолдан қол жойып отыруға мүмкіндік алды.

Аудандардың денінде озық тәжірибе мектебі ұйымдастырылған. Мұндағы бейнебір орталығы сияқты.

Малшылар арасындағы социалистік жарыс бұрынғыдан әлдеқайда өрменді ұйымдастырыла бастады. Облыстық партия комитетінің бюросы, еңбекшілер депутаттары облыстық Совет атқару комитеті және өкілдердің облыстық Советі жарыста озып шыққандарға беру үшін ауыспалы Қызыл тулар белгіледі.

Партия ұйымдарының саяси-ұйымдастыру жұмыстарының қой шаруашылығын өркендетуге қаншалықты үлкен әсерін тигізіп келе жатқанын Жәнібек ауданының мысалынан көруге болады. Адамдарды ұйымдастыру, олардың жұмысына күнделікті көмектесу, озат тәжірибені таратып енгізу, колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының творчестволық ынта-жігерін, құнды бастамасын ұдайы қолдап отыру — Жәнібек аудандық партия комитетінің және бастауыш партия ұйымдарының жұмысына тән қасиет болып отыр. Аудандық партия комитеті коммунистерді колхоз, совхоз өндірісінің шешуші буындарына қойып, олардың жетекшілік ролін едәуір арттырды. Қазіргі уақытта коммунистердің басым көпшілігі материалдық игіліктер жасалатын учаскеде істейді.

Орта буынды кадрлардың қатарын нығайтуға ерекше маңыз беріліп келеді. Жұмыста өзін жақсы жағынан көрсеткен, ұйымдастыру қабілеті күшті жас қызметкерлер бригадирлікке, ферма меңгерушілігіне, өзіміше басқарушылығына жоғарылатылды. Мысалы, Калинин атындағы совхоздың фермасын коммунист Күлбарақова, «Партияның XIX съезі» колхозында күрделі бригаданы жас коммунист Қ. Мұқашев, Ленин атындағы колхозда осындай бригаданы Р. Әбдіғалиев жолдасар басқарып келеді. Мәншүк Мәметова атындағы совхозда партия ұйымының басшысы Е. Ниязғалиев өзі басқарған ферманы аз уақыт ішінде таңдаулылар санатына қосты.

Ауданның партия ұйымдары алдыңғы қатарлылардың тәжірибесін насихаттауға ерекше маңыз бере отырып, колхоздар мен совхоздарда «Малшы күні», «Шопан күні» ұдайы өткізіліп тұрады. 1960 жылдары өзі озық тәжірибе мектебі жұмыс істеп келеді. Осы мектептің 12

адамнан құралған советін аудандық партия комитетінің бірінші ретары Ишмақов жолдастың өзі басқарады. Озық тәжірибе мектінің аға шопандар, шаруашылық басшылары қатысқан сабақтары Мәншүк Мәметова атындағы совхоздың аға шопаны, Қазақ ССР Қарғы Советінің депутаты, Республиканың социалистік мал шаруашылығының еңбек сіңірген шебері Ескендір Есімовтың және «Орда» совхозының маңдай алды шопаны, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат Есболат Аманғалиевтің тәжірибесі жақсы зерттелді.

Ауданда маңдайалды шаруашылық, бөлімдер, ферма, озаттар жылып отыратын Құрмет тақтасы, жарыста озып шыққандарға тағайындалатын ауыспалы Қызыл ту белгіленген. Партия ұйымының шаруашылыққа осындай нақты басшылық етуі нәтижесінде Жәнібек ауданының алдыңғы қатарлылардың бірі болып отыр. Өткен жылы аудан қой шаруашылығының жоспарын 102,4 процент орындады, мемлекетке 2 362 тонна қой жүні тапсырды. Сол сияқты мемлекетке жүн сату жоспары да асыра орындалды. Былтыр аудан бойынша орта есеппен әр 100 саулықтан 110 қозы өсірілді.

Осы аудандағы «Пятимарский» совхозының партия ұйымы (жетекшісі ретары Ғабдышев жолдас) дирекциямен бірлесе отырып, қой шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру еңбек ұйымдастыру мәселесін шұғылдананды. Мысалы, ұйымның бастамасы бойынша совхозда шопандардың күрделі бригадалары ұйымдастырылды. Мұндай әр бригадалар құрамында механизатор бар, ол бір жағынан шопан болып істейді. Совхозда шопандардың осындай тоғыз бригадасы құрылды. Олардың қарамағына шөп шабатын техникамен қоса трактор бөлінді. Мұндай бригадалар өз күшімен малшылардың тұрғын үйлерін, қой қораларын жөндейді, жемшөп дайындап, оны қыстау басына тасиды. Соңғы жылда шопандардың арасынан алпыс адам механизатор даярланды.

Күрделі бригадаларды құру қой шаруашылығы қызметкерлері арасында саяси-бұқаралық жұмысты жақсы жүргізуге қолайлы жағдай туғызды. Жеті бригадада партия тобы бар. Ал бригадаларды коммунистер басқарады. Партия тобын Құбай Ерәлиев басқаратын бригада елеулі табысқа жетуде. Бригада қыстан мың қойды аман алып шықты, әрбір 100 саулықтан 111 қозы алып, әр қойдан 4,4 килограмм жүн қырықты. Шопандардың күрделі бригадаларын құру совхоз өнімнің түсер құнын едәуір кемітуге мүмкіндік берді. Былтыр қойдың әрбір центнерінің түсер құны 29 сом 84 тиын, ал жүннің әр центнерінің түсер құны 127 сом 10 тиын болды. Қазір совхоз қорасында 70 мыңнан астам қой өреді. Мұның көбі биязы және биязылау жүн қой болып отыр.

Совхоз коллективі өткен ауылшаруашылық жылын бір миллион сом (ескі баға мөлшерімен) табыс келтірумен аяқтады. Мұның ішінде мақты үлесі қой шаруашылығына тиеді.

Фурманов атындағы қой совхозының жұрт сүйсінерлік табыстар айтпай кетуге болмайды. Мұнда соңғы алты жылда қойдың саны мыңнан 52 мыңға жетті. Былтыр совхоз мал шаруашылығының 1 миллион 568 мың сомның табысын, оның ішінде 1 миллион 234 мың сомның табысын қой шаруашылығынан алды. 1958—1961 жылдарда есептің нәтижесіне қарағанда, Фурманов атындағы совхозда алынған табыс әр саулыққа есептегенде 81—98 сом болды. Қазіргі уақытта бұл совхоз ауыл шаруашылығының әрбір жүз гектарына шаққанда 38 центнер өсіріп, 126 килограмм жүн қырқып жүр. Мұның өзі облыстың орташа цифрынан едәуір жоғары.

Ет өндіруді еселеп арттыруды облыстың алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі деп есептейміз. Кең алқапты жайылым мен облыстың бұрынғы болуы қой шаруашылығын, ет малы шаруашылығын

жылқы шаруашылығын мықтап өркендетуге және етті неғұрлым арзан өндіруге зор мүмкіндік береді. Мұны кәдеге жарату жолында облыстың еңбеккерлері игілікті жұмыс істеуде. Ең алдымен колхоздар мен совхоздарда малды жайып семіртуді жақсы ұйымдастыруға зер салынады. Облысымыздың жағдайында қойды жайып семірту—етті неғұрлым мол да арзан өндірудің бірден-бір тиімді жолы. Бұған колхоздар мен совхоздардың жұмыс тәжірибесі дәлел бола алады. Жайылымда қойды жайып семіртуді дұрыс ұйымдастырса, қосымша салмақ ретінде етті едәуір көп өндіруге болады.

Қойды табиғи жайылым шөбімен семірту өнім өлшеміне жұмсалатын шығынды едәуір азайтуға мүмкіндік береді, демек, мұның өзі еттің арзанға түсуін қамтамасыз етеді. Тек осының есебінен ғана облыстың шаруашылықтары соңғы жылдары қой етін едәуір арзандатты. Егер 1955 жылы облыс совхоздарында бір центнер қой етінің түсер құны 35 сом 20 тиын болса, ол 1957 жылы 31 сом 50 тиын, ал 1960 жылы 30 сом 70 тиын болды. 1955 жылмен салыстырғанда қой етінің әрбір центнерінің түсер құны 5 сом 50 тиын кемітілді. Бұл арада облыстың орташа мөлшері келтіріліп отыр. Ал жеке шаруашылықта бұдан да жақсы табысқа жетті. Мысалы, «Қалдығайты» совхозында қой етінің әр центнерінің түсер құны 20 сом 90 тиын болды.

Фурманов атындағы совхоздың аға шопаны Ғазиз Нағышев қойды жайып семіртудің пағыз шебері. Ол 1961 жылы 1071 ісекті етке тапсырды, оның әрқайсысының тірідей салмағы 85 килограмнан айналды. Сонымен қатар ол басқарған бригада табиғи жайылым мүмкіншілігін жақсы пайдаланып, өнімнің түсер құнын едәуір кемітті. Нағышевтың бригадасында еттің әр центнерінің түсер құны совхоздағы орта мөлшерден 8 сом 13 тиын төмен.

Чапаев ауданындағы «Ілбішін» совхозында Евгений Башановтың шопандар бригадасы басқаларға өнеге көрсетіп келеді. Мұнда қой суару жұмысы толық механикаландырылған, шопандар бригадасы сүрлемге арналған жүгеріні өзі егеді, күтіп-баптайды, өнімін жинайды. Сондай-ақ бригада жемшөптің басқа түрлерін өзі дайындайды. Механикаландырылған бригаданың аға шопаны Е. Башанов жолдас саулықтарды қолдан ұрықтандыру әдісін шебер игерді.

Дегенмен, қой шаруашылығын өркендетуде қол жеткен кәзіргі табыс облыстың партия ұйымын ешбір қанағаттандыра алмайды. Қой өсіру және оның өнімділігін арттыру жұмысында әлі де шешілмеген мәселелер көп. Ең алдымен шаруашылық басшылары, мамандары біздің шапшаңдықтарымыздың тәжірибесін терең зерттеп үйренуге, оны сан алуан жағдайдағы шопандар қауымының игілікті ісіне айналдыруға міндетті. Кәзіргі уақытта облыстың партия ұйымдары, совет, ауылшаруашылық органдары қой шаруашылығын онан әрі өркендетудің түбегейлі мәселелерін шешумен шұғылданауда. Жетіжылдық жоспарда қой шаруашылығының зор болашағы белгіленді. 1965 жылдың аяғында облыстың барлық шаруашылығында қойдың саны 4,5 миллионға жеткізілуге тиіс. Таза салмағымен алғанда қой етін өндіруді 71,1 мың тоннаға, жүнді 12,2 мың тоннаға жеткізу жобаланған.

Партия мен үкімет егістік жердің әрбір 100 гектарына есептегенде 75 центнер, ауыл шаруашылығының басқа жерінің әрбір 100 гектарына 16 центнер ет өндіру міндетін алға қойып отыр. Осыған орай, облыстың колхоздары мен совхоздарында жыл сайын 304 мың тонна таза ет өндіріліп отыруға тиіс. Бұл 1960 жылғыдан 7,8 есе артық. Алдынала шығарылған есепке қарағанда облысымыз бұл дәрежеге 1969 жылдың өзінде жете алады. Осы уақытта қойдың саны 1960 жылғымен салыстырғанда 3,4 есе көбейеді. Барлық дайындалатын ет ішінде сиыр, шошқа етінің үлесі 47,8 процент болса, қой етінің үлесі 44,6 процент болуға тиіс. Әрине, бұл міндетті орындау жалпы отарда саулық санын

көбейту, олардан қозыны көп алып өсіру, қойдың қысыр қалуын жою өлім-жітіміне жол бермеу арқылы қамтамасыз етіледі.

Басқа түлік сияқты қойдың да көп болуы, оның өнімділігінің күрделенуі жемшөп қорына байланысты. Егіндік жердің әр 100 гектарында 75 центнер ет өндіру үшін облыста жемшөп өндіруді бес есе арттыру керек. Бұл міндеттің іске асырылу тағдырын алдымен жүгері, қарақзылшасы, бұршақты дақылдар егуді мықтап арттыру шешеді. Биыл жүгері былтырғы 174 мың гектар орнына 212 мың гектарға егіледі. Болашақта осы дақылдың егіс көлемі 500 мың гектарға жеткізіледі. Жемшөптік дақылдар егісінің көлемін ұлғайтып, түсімін арттырумен қатар табиғи жайылым мен шабындықтың едәуір көлемі жақсартылды және суландырылады. Бұл жөніндегі шаралардың іске асырылуы да жемшөп қорын молайтуға игілікті әсер етеді.

Партияның тарихи XXII съезінің шешімдерімен жігерленген облыстың еңбекшілері социалистік жарыстың туын бұрынғыдан да жоғары ұстап, 1962 жылы жаңа табыстарға жетуге бел байлап отыр. Олар жетіжылдықтың төртінші жылында облыста қойдың санын 3 миллионға жеткізуге, әр 100 саулықтан 100 қозы өсіруге, әрқайсысының тірдей салмағы 50 килограмм болатын 756,8 мың қойды жайып семіртуге бордақылауға, сөйтіп мемлекетке тапсыруға міндеттеме қабылдады. Биыл жоғары сапалы 94 мың центнер жүн дайындалуға тиіс.

Қазіргі уақытта облыстың колхоздары мен совхоздары биязы және биязылау жүнді қой шаруашылығы, етті-майлы еділбай және елтір, қаракөл қой шаруашылығын өркендету бағытын ұстап отыр. Облыстың солтүстік аудандарында көбінесе биязы жүнді қой шаруашылығы, онан әрі өркендету көзделеді. Ал оңтүстік аудандарда биязы және биязылау жүнді қой шаруашылығымен қатар ет, май үшін еділбай, елтір үшін қаракөл қой шаруашылығын онан әрі өркендету жобаланып отыр.

Қазіргі уақытта қылшық жүнді қой мен биязы жүнді қойдың бұдан дандарын жақсарту, өнімділігін арттыру, жүндестігін жақсарту, тірдей салмағын, төлдегіштігін, тез жетілгіштігін арттыру міндетін шешудің мезгілі жетті.

Бізде өсіріліп отырған будан қойдың жүні жаман емес. Ол жайылымда бағуға төзімді келеді. Мал өсірушілер будан қойдың тұқымын жақсарту жұмысын жүргізгенде оның ірі болуын, жайылымға мейлінше төзімді болуын, тірідей салмағының артуын, жүнді көп беруін көздейді.

«Қазақстанның 40 жылдығы» совхозында биязылау жүнді қой тұқымын өсіру жөнінде біраз жұмыс істелді. Қазіргі уақытта совхозда 66 мыңнан астам биязы жүнді қой бар, оның 33 мыңдайы саулық. Мұнда әр қошқардың тірідей салмағы 90—95 килограмға, одан қырықлатын жүн 8 килограмға жетеді. Тірідей салмағы 60 килограмм тататын, 5—6 килограмм жүн қырылатын саулықтар да бар.

Жаңадан өсірілген қойдың тобы жергілікті жағдайға жақсы бейімделген, оның жүні биязы, тоқыма өнеркәсібі үшін таптырмайтын шикізат болып саналады. Енді осы қойларды облыстың оңтүстік аудандарындағы қылшық жүнді және ұяң жүнді қой шаруашылығын жақсартуға пайдалану көзделіп отыр. Облыста сонымен бірге еділбай, қаракөл қойларының тұқымын жақсарту жөнінде де белгілі жұмыс жүргізіліп келеді.

Қой шаруашылығының сапасын жақсарту беру мақсатымен облыста асыл тұқымды совхоздар және колхоздардың асыл тұқымды фермалары ұйымдастырылды.

Биязы жүнді кавказ қой тұқымын өсіру жөнінде «Пятимарский» биязылау жүнді қой өсіру жөнінде «Қазақстанның 40 жылдығы», қаракөл қойын өсіру жөнінде «Тайпақ», «Орда» совхоздары, еділбай қойын өсіру жөнінде Жаңақала ауданындағы «Бірлік», Фурманов ауданындағы «Жаңақала» совхоздары жұмыс істеп отыр.

ындағы «Коммунизм», «Партияның XX съезі» колхоздарының асыл тұқымды фермалары жетекші шаруашылық болып саналады.

Қой шаруашылығын бүгінгі күннің талабына сай өркендету үшін бірқатар мәселелерді жедел де түпкілікті шешкен жөн. «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозы басқа шаруашылықтарға асыл тұқымды қосқарларды кәзіргіден анағұрлым көп сата алады. Ал облыстың ішінде малды тұқымына қарай аудандастыру жоспарына сәйкес, қойдың осы тұқымын өсіруге үш аудан ғана бөлініп отыр. Биязы жүнді қойдың жаңа тобын өсіру аймағын кеңейту керек.

Ет, май үшін өсірілетін қойдың етін сатып алу бағасына қатысты мәселе осы уақытқа дейін шешілмей келеді. Дайындау мекемелері мұндай қойдың күйрек майын ескермейді, оны етпен қоса есептейді. Сол сияқты тоқтының етін тапсыруға артықшылық қойылмаған. Міне осындай мәселелердің шешілмеуі біздің облыста, қалаберді бүкіл республикада ет, май үшін өсірілетін қой шаруашылығын өркендетуге едәуір кедергі болып жүр.

Облыстың партия, совет ұйымдары мал шаруашылығына, әсіресе оның жетекші саласы қой шаруашылығына басшылықты жақсартып, жетілдіре түсу, колхоздар мен совхоздарда шопандар қатарын толықтыру бағытында белгілі жұмыс істелуде. Қойдың өсімталдығы, оның етті, жүнді көп беруі көбінесе шопандарға байланысты. Демек, шопан — қой шаруашылығындағы негізгі тұлға.

Соңғы екі жыл ішінде ғана облыста мал шаруашылығына 4,2 мыңнан астам жас жігіт пен қыз жіберілді. Олардың көпшілігі Қазақстанның екінші тыңын игеруге — қой шаруашылығына тұрақты жұмысқа барды. Кәзіргі уақытта облыс бойынша 1 378 комсомолец-жас шопан болып жұмыс істейді. Шопандардың мәдени-тұрмыс қажетін өтеуді шопан әрі жақсартуға әрдайым қамқорлық жасауды партия ұйымдары өздерінің қасиетті борышы деп санайды.

Қой шаруашылығының үздік өркендеуіне оралғы болып келе жатқан кемшіліктер аз емес. Жасыратыны жоқ, бірсыпыра колхоздар мен совхоздарда қой шаруашылығының өнімділігі төмен, саулықтардың көбі жылма-жыл қысыр қалады, малдың өлім-жітімі әлі жойылған жоқ. Қой тұқымын асылдандыру жұмысының дәрежесі кәзіргі ғылым жетістігіне толық сай деуге болмайды. Сол сияқты берік жемшөп қорын жасау, қора-жай салу қой шаруашылығының өркендеу қарқынынан кенже қалып жүр. Судың жоқтығынан шұрайлы жайылым пайдаланусыз қалып келеді. Қой фермаларында еңбекті көп керек ететін жұмыстардың механикаландырылуы әлі нашар. Бізде отар-отар қойды қолмен суаратын фермалар көп. Жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық органдарының барлық күш-жігері осындай кемшіліктерді тезінен жоюға бағыттталып отыр.

Ауыл-село еңбеккерлерінің жұмыстағы ынта-жігеріне, саяси белсенділігіне сүйенген облыстың партия ұйымдары, совет, ауылшаруашылық орындары партияның XXII съезінің тарихи шешімдерін, март Пленумының қаулысын іске асыру жолында үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізуде.

Біз қой шаруашылығын колхоз, совхоз өндірісіндегі ең табысты салаға айналдыруға барлық мүмкіндікті пайдаланамыз.

Іс тетігі — механизаторлар қолында

Ә. ҚАСЫМХАНОВ,

Қостанай облыстық партия комитетінің секретары

Партияның тарихи XXII съезінің шешімдерінде, онда қабылданған жаңа Программада елімізде алдағы жиырма жылдың ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың жолы сарылап белгіленді. Коммунистік молшылық жасауда социалистік ауыл шаруашылығының алатын орны зор. Кәзір ауыл шаруашылығын үрді өркендету бүкіл партияның, бүкіл халықтың ісіне айналып отыр.

Жақында болып өткен партия Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығын басқаруды түбірінен қайта құру туралы қаулы алды. Пленумның қаулысына сай ауыл-селодағы ұйымдастыру жұмысын қайта құра білу, шаруашылыққа басшылық ету дәрежесін меңгеру, кадрлардың жауапкершілігін арттыру, істің орындалуын бақылауды күшейту — партия ұйымдарының төл ісі.

Кәзіргі өскелең талапқа орай ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жолындағы күресте әрбір шаруашылық өзіне қажетті тұрақты механизатор кадрларын даярлап алуы керек екеніне март Пленумының қаулысында баса көңіл бөлінген.

Соңғы жылдары облысымызда тәжірибелі кадрлар қатары өсіп жетілді. Қолхоздар мен совхоздарда мыңдаған тракторшы, комбайншы, шофер, трактор-өгіс бригадаларының бригадирі және сан алуан мамандықтағы басқа адамдар жұмыс істейді. Бізде өзінің адал еңбегімен көзге түскен, даңқы елге жайылған майталман механизаторлар аз емес. Олар қоғамдық, мемлекеттік мүлікке көздің қарашығында қарайды, техниканы ұқыпты да өнімді пайдаланып, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыруға елеулі үлес қосып келеді. Тың игеру ауылшаруашылық өндірісін өрге бастыру ісінде қол жеткен табыстар үшін біздің облыстың бірнеше механизаторы Қазақ ССР-нің Алтын Күрмет Кітабына жазылды, астық, ет, сүт тағы басқа өнімдерді молайтуға үлес қосқаны үшін Социалистік ауыл шаруашылығының еңбегі сіңірген механизаторы деген құрметті атақ алды. Техниканың тілшебер меңгерген осындай озат механизаторлардың қатарында комбайншылар Ф. Струков, Аманкелді Исақов, Ф. Орел, тракторшылар С. Зинкевич, Я. Карноух, Мария Вебер, А. Мінағұлов жолдастар бар.

Тұрақты механизатор кадрларын даярлау — ауыл шаруашылығындағы кезек күттірмейтін міндеттің бірі. Бұл мәселенің бізді де көпте ойландырып жүрген жайы бар. Өйткені біздің облыстағы совхоздардың дені осы уақытқа дейін механизаторларды көбінесе сырттан әкеліп жүрді. Ал, оларды сырттан шақырудың өзі мемлекетке де, шаруашылықтарға да тиімді емес. Бұл үшін қыруар қаржы жұмсалады. Мұның өзі өндірілетін өнімдердің түсер құнын арттырып жібереді. Демек өнімдер қымбатқа түседі. Екіншіден, сырттан уақытша жұмысқа келгендер колхоз бен совхоздың техникасына ұқыпты қарай қоймайды. Мұндай жағдайда кейде иесіздікке жол беріледі. Ендігі жерде механизаторларды біз өзіміз даярлауға, сөйтіп істің тетігін шешетін мамандарды әрдайым қолдап, тәрбиелеуге баса көңіл бөлу бағытын ұста отырмыз.

Биыл облыс ауыл шаруашылығының еңбеккерлері елімізге 205 миллион пұт астық, 71 мың тонна ет, 168 мың тонна сүт, 40 мың центнер жүн, 31 миллион жұмыртқа сату үшін күрес жүргізіп келеді. Мұндай абыройлы да үлкен міндеттемені орындау жолындағы жорыққа механизаторларымыз да елеулі үлес қосуға тиіс. Бұл міндет өзіміздің тұрақты механизаторларымыз болғанда ғана ойдағыдай іске асатынын біз жақсы түсінеміз. Сондықтан да бұл іске айрықша мән беріп отырымыз.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті тың игерушілерге ұдайы қамқорлық жасап, көмек көрсетіп келеді. Соңғы жылдары игерілген жаңа жерде сәнді поселкелер — совхоз орталықтары орнады. Тыңды бағындырушылардың мәдени-тұрмыс дәрежесі едәуір арта түсті.

Тың жерге жыл сайын ауыл шаруашылығының су жаңа техникасы лек-легімен жіберілуде. Тек біздің Қостанай облысына ғана былтыр 13 мыңнан астам трактор, комбайн әкелінді.

Дегенмен, осыншама қыруар техниканың ауылшаруашылық жұмыстарына пайдаланылуы ойдағыдай болмай келеді. Бірсыпыра шаруашылықтарда техника, түрлі машина, құрал-жабдықтар талан-таражға түсіп кетіп жүр. Мысалы, облыстың тексерілген 13 шаруашылығында ғана 150 трактордың, 340 комбайнның және өзге де көптеген техниканың істен шығарылғаны анықталды. Осыншама көп техника кейбір совхоз директорларының, инженерлердің және басқа да қызметкерлер мен механизаторлардың өздеріне тапсырылған міндетіне жауапсыз, немқұрайды қарауы салдарынан мезгілсіз істен шықты. Иесіздікке жол берген кінәлі адамдар тиісті жауапқа тартылды. Олардан келешекте техниканы көздің қарашығындай сақтау қатаң талап етілді.

Облыстың партия ұйымдары техниканы пайдалану және оны күтіп, сақтау ісінде берік тәртіп орнатуды қолға алды. Егіске әзірленуден бастап колхоздар мен совхоздарда техниканы жеке механизаторларға бекітіп беру, оны күтіп, тиімді пайдаланғаны үшін көтермелеп отыру шаралары қолданылуда. Мұның өзі әрбір механизатордың өзі жұмыс істейтін тракторға, комбайнға, автомашинаға тағы басқа құрал-сайманға жауапкершілігін анағұрлым арттыруға көмектеспек.

Қолхоздар мен совхоздардағы механизатор кадрлардың қатарын толықтыру негізінен оларды ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінде даярлау арқылы іске асырылады. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Ауыл шаруашылығы үшін механизатор кадрларын даярлау ісін жақсарту туралы» 1962 жылғы 10 январьдағы қаулысына сәйкес бізде бірқатар шара қолданылды. Ауыл шаруашылығын механикаландыру және техникалық училищелерге қажетті мөлшерде қаржы бөлініп, олардың практикалық сабақ өткізуіне жаңа трактор, комбайн тағы басқа машина құрал-сайман берілді.

1962 жылдан бастап механикаландыру училищелерінде және ауыл-селодағы кәсіби-техникалық училищелерде бірнеше мамандықта кадрлар даярланады. Оның ішінде тракторшы-машинист, мал фермаларының механизаторы, село электр станцияларының электр монтері, трактор, автомобиль және ауыл шаруашылығының басқа машиналарын жөндейтін слесарь және басқалары даярланады.

Тракторшы-машинист, мал фермасының механизаторы, жер суландырудың маман механизаторы екіжылдық мерзімде, басқа мамандықтар біржарым жылдық мерзімде оқытылып, даярланатын болады.

Үстіміздегі жылдан бастап облыс колхоздары үшін кәсіби-техникалық және механикаландыру училищелерінде кадрларды даярлау Мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілетін болып отыр. Бұл училищелерге түсетін жастар колхоз, совхоздардың жолдамасы бойынша қа-

былданады, олар оқуды бітіргеннен кейін өз шаруашылықтарына тұрақты жұмысқа жіберіледі.

Биыл ауыл шаруашылығының маусымдық жұмыстарын атқаруға облыс бойынша 51 161 тракторшы, 23 265 комбайншы, 18 915 шофер қажет. Ал іс жүзінде облыс шаруашылықтарына бұдан да көбірек механизатор кадрлары керек. Осыны ескеріп, облыстық партия комитеті мен совет атқару комитеті механизатор кадрларын даярлаудың нақты жолдарын белгіледі. Бірқатар колхозда механизатор кадрларын даярлайтын арнаулы курстер ұйымдастырылды, ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінде біраз жастар оқытып шығарылды. Оларға мамандар сабақ берді. Училищелер техникамен, оқу құралдарымен тиісті мөлшерде қамтамасыз етілді. Биылғы көктемгі егіс жұмыстары басталғанша 21 505 тракторшы, 10 597 комбайншы, 4 735 шофер даярланды.

Партияның XXII съезінің шешімдерін басшылыққа алған көптеген аудандық партия комитеттері механизатор кадрларын даярлауға биыл айрықша көңіл бөліп, бұл бағытта едәуір жұмыс істегенін айта кету керек. Қостанай ауданының еңбекшілері биыл барлық ауылшаруашылық жұмыстарын өздерінде даярланған механизаторлардың күшімен атқару жөнінде бағалы бастама көтерді. Бұған облыстың көптеген шаруашылықтары үн қосып, нақты іспен жауап берді.

Биыл Қостанай қаласында, сондай-ақ селолық аудандарда барлығы 19 механикаландыру училищесі жұмыс істеп келеді. Осы училищелерді кәзірдің өзінде бітіріп шыққан 11 мыңдай адам механизатор мамандығын алып, ауыл шаруашылығы жұмысына тікелей қатысып жүр. Міне мұның бәрі механизаторларды жергілікті жердің өзінде даярлауға бізде мүмкіндіктің мол екенін көрсетеді.

Бірсыпыра совхоз орталығында ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелерінің бөлімшесін ұйымдастыру жақсы нәтиже берді. Бұларда оқыған совхоз жұмысшылары түгел механизатор мамандығын алуда. Мысалы, Семиозер ауданының шаруашылықтарында осындай бөлімшелерді 600-ден астам адам бітіріп шықты. Сөйтіп олар бірнеше мамандыққа ие болды.

Механизатор кадрларын неғұрлым көп даярлаудың басқа мүмкіндіктері де қарастырылуда. Соның бірі—механизаторлар семьясы мүшелерінің де мамандық алуын ұйымдастыру болып отыр. Соның нәтижесінде облыс бойынша 600-ден астам шофер әйелдерін өз мамандығын үйретті. Мұнымен қатар шоферлердің өздері бірнеше ұқсас мамандықтарды меңгеруге ұмтылып отыр. Мысалы, олар комбайншы, тракторшы мамандығын алуда. Маусымдық жұмыс тұсында шоферлер тракторға немесе комбайнға отырып жұмыс істейді. Ал олардың әйелдері автомобиль жүргізетін болады. Бұл сияқты шаралар ауыл шаруашылығы жұмыстарын қолайлы мерзімде жүргізуге жақсы әсерін тигізеді.

Механизатор кадрларын өздерінде даярлаған Затобол, Қарабалық, Семиозер, Ұзынкөл аудандары биылдың өзінде-ақ сырттан механизатор кадрларын әкелуден бас тартып отыр. Ұзынкөл ауданында 1 306 адам тракторшылар даярлайтын курсты бітіріп шықты. Бұл қажетті мөлшерден әлдеқайда артық.

Механизатор кадрларын даярлауда Қарабалық ауданының кейбір шаруашылықтарының істеген жұмысы басқаларға үлгі болып отыр. Алдын-ала жасалған есеп аудан бойынша 876 тракторшы жетіспейтінін көрсетті. Осыған байланысты тракторлардың екі сменамен жұмыс істеуін көздей отырып, ауданда механизатор кадрларын жеткілікті даярлау шаралары қолға алынуда. Бұл жөнінде «Боскөл» (директоры Руденко жолдас) совхозы жемісті жұмыс істеді. Бұл совхозда 74 адам тракторшылар курсы бітіріп шықты.

Облыста механикаландырылған отряд, звенолар ұйымдастыру кеңеріс ала бастады. Бұл отрядтар мен звенолардың қарамағына егін салынатын жер, жұмыс істейтін техника бөліп берілді. Қарабалық ауданында 121 отряд, 216 звено құрылды. Бұларда істейтіндердің көпшілігінің бірнеше ұқсас мамандығы бар. Олар трактормен де, комбайнмен де, автомобильмен де жұмыс істей алады.

Дегенмен Аманкелді, Октябрь, Камышин аудандарының партия, совет ұйымдары механизатор кадрларын даярлау сияқты мәселеге әлі де мән бермей келеді. Аманкелді ауданында 3 мыңдай, Октябрь ауданында 4 мыңнан астам, Камышин ауданында 2,5 мыңдай тракторшы, комбайншы, шофер жетіспейді. Соған қарамастан бұларда механизатор кадрларын даярлайтын курстардың жұмысы жөнді ұйымдастырылмаған. Сірә, бұл аудан басшылары механизаторларды сырттан шақырамыз деп бұрынғыша арқаны кеңге салып отырса керек. Ал сырттан механизаторларды шақыру мемлекеттің қыруар қаржысын ысырап ету екенін олар түсінбей отыр.

Ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесінің бөлімшелері жұмысына кейбір совхоз директорлары мүлде жауапсыз қарайды. Соның салдарынан Ушаков, Некрасов атындағы, «Қойбағар» совхоздарындағы осындай бөлімшелерде сабақ беруге мамандар жеткілікті бөлінбеген, оларда оқу программасы мен оқу құралдары мүлде жеткіліксіз.

Жақында облыстық партия комитетінің бюросы Орджоникидзе, Карасу аудандық партия комитеттері секретарьларының механизатор кадрларын даярлаудың барысы жайында баяндамаларын тыңдап, тиісті қаулы алды. Механизатор кадрларын даярлауға немқұрайды қараған қайсыбір совхоз басшыларына, Аманкелді, Жанкелдин совхоз трестерінің директорларына тиісті шара қолданылды.

Облыстық партия комитеті мен облыстық совет атқару комитеті түрлі шаруашылық орындарымен келісе отырып, механизатор кадрларын жұмыста тұрақтандыру мәселесіне айрықша көңіл бөле бастады. Бұл үшін колхоздар мен совхоздарда механизаторларды үймен, қажетті мәдени-тұрмыс товарларымен қамтамасыз ету шаралары көзделуде. Ал егер механизаторлар өндірістен қол үзіп, басқа мамандық алғысы келсе, оқыған кезінде олардың айлық орташа жалақысы сақталатын тәртіп белгіленді.

Шынында осы уақытқа дейін бізде механизатор кадрларын тұрақтандыру жайы онша болмай келді. Механизаторлардың көпшілігі мәдени-тұрмыс жағынан тиісті жағдай жасалмағандықтан басқа жұмыстарға ауысып кететін. Біз енді бұдан былайғы жерде мұндай кемшіліктерге жол бермейміз.

Партияның XXII съезінің шешімдерін, март Пленумының қаулысын орындай отырып, облыстың партия, совет ұйымдары өзінің барлық қаяси, ұйымдастыру жұмысын биыл ауыл шаруашылығында келелі табысқа жету жолында жүргізеді. Тұрақты механизатор кадрларының болуы — астықты, етті, сүтті мол өндіріп, оны елімізге көп берудің маңызды бір шарты.

Советтер — халықтың өз өкіметі

С. КӨЛБАЕВ,

тарих ғылымының кандидаты

Жақында кең байтақ Отанымыздың барлық қаласы мен ауыл-селосында СССР Жоғарғы Советінің сайлауы бүкілхалықтық ұлы мереке болып өтті. Коммунистер мен партияда жоқтар одағының ұсынған кандидаттары үшін сайлаушылардың 99, 95 проценті дауыс берді. Ұлы ел—Совет Одағының еңбекшілері советтік парламентке—еліміздегі өкімет билігінің ең жоғарғы органына—өздерінің ерен-жүйрік тандаулы ұл-қыздарын бірауыздан сайлады. Бұл сайлау Коммунистік партияның Совет үкіметінің, халқымыздың мызғымас бірлігін, совет демократиясының ұлы күшін бүкіл әлемге тағы да паш етті.

СССР Жоғарғы Советінің бұл жолғы сайлауы елімізде коммунизм орнату Программасын жүзеге асыру жолында совет халқы асқан зор шабытпен күресіп жатқан жағдайда өтті. Партияның XXII съезд қабылдаған жаңа Программасы тамаша перспективалар ашпаған, жаңа міндеттер қоймаған өміріміздің бірде-бір саласы жоқ. Бұл тарихи документте: Советтер өмірдің барлық жағын қамтитын халық ұйымы оның бірлігінің көрінісі деп көрсетілген.

Коммунистік құрылыс кеңінен өрістеген сайын халықтың өз өкіметі—совет органдарының ролі арта түсуде. Қазір елімізде совет органдарының кең жүйесі жұмыс істейді. Олар:—СССР Жоғарғы Советінен бастап, онбес одақтас республиканың, жиырма автономиялы республиканың Жоғарғы Советтері, 49 мыңнан астам жергілікті Советтер.

Бұлар, СССР Жоғарғы Советінен бастап еңбекшілер депутаттарының ауыл-селолық Советтеріне дейін еңбекшілерді елді басқару ісінде белсенді қатыстырады. Мысалы, 1961 жылы республиканың жергілікті Советтеріне депутат болып 84 мыңнан астам адам сайланды. Бұл республикадағы барлық әлеуметтік топтардың, әртүрлі мамандықтың өкілдері. Жергілікті Советтердің депутаттарының құрамында жұмысшылар мен колхозшылар 54, 55 процент.

Советтер мемлекеттік және қоғамдық ұйымның белгілерін ұштастыра отырып, өздерінің жұмысын бұқараның кеңінен тікелей қатынасуы арқылы жүргізеді. В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ бұқараны мемлекеттік жұмыстың практикасына үйретудің қажеттігін атап көрсеткен болатын. «Совет өкіметі—аппарат, аппарат болғанда бұқараның мемлекетті басқаруды және өндірісті жалпы ұлттық көлемде ұйымдастыруды дереу үйрене бастауы үшін арналған аппарат» деді Владимир Ильич.

Партияның XX және XXII съездерінің шешімдеріне сай елімізде еңбекшілердің қоғамдық ұйымдарының, оның ішінде Советтердің де ролі үздіксіз арта түсуде. Советтер арқылы мемлекетті басқару ісінде миллиондаған еңбекшілер күнбе-күн қатынасып отырады. Советтер—бұқара үшін мемлекетті басқарудың мектебі болумен қатар, коммунизм кезіндегі қоғамдық басқаруға көшудің сара жолы. Олар мемлекеттік орган ретінде заңдар қабылдайды, олардың орындалуы мемлекеттік тәртіп болып есептеледі. Осыған қарамай Советтердің қызметі қоғамдық негізде ұйымдастырылады.

Советтердің депутаттары өздерінің мемлекеттік міндеттерін орындаумен бірге заводтарда, фабрикаларда, құрылыстарда, колхоздар мен совхоздарда және басқа орындарда жұрт қатарында жұмыс істейді. Олар буржуазиялық елдердегідей жалдамалы депутаттар емес, өздерінің депутаттық қызметін ақысыз атқарады. Өйткені біздің депутаттар халықтың қалың ортасынан шыққан оның өз өкілдері. Мысалы, СССР Жоғарғы Советінің өткен сайлауында біздің республикадан депутат болып сайланғандардың ішінде: механизатор — М. Довжик, шопан — Ә. Шақабаяев, сауыншы — Ш. Тергеуова, жұмысшы-шахтер — М. Әлбатыров, колхоз председателі — Н. Головацкий, жазушы — Ф. Мұстафин, балым — Қ. Сәтбаев және басқа көптеген қатардағы адамдар бар.

Ал, Америка Құрама Штаттарының, басқа да империалистік елдердің парламенттері мен конгрестеріне депутат болып сайланған бірде-бір жұмысшы немесе шаруа, қатардағы интеллигент жоқ, олардың көпшілігі монополистер, жалдамалы юристер, жылпостар.

Н. С. Хрущев жолдас Москва қаласының Калинин сайлау округі сайлаушыларымен кездесу жиналысында сөйлеген сөзінде буржуазиялық парламенттің сиқың терең әшкерелеп берді. Монополистердің өздері парламенттерде мәжілісте отыруға ризашылығын беруі сирек кездеседі. Олар еңбекшілерді мықтап алдап соғу үшін парламентке монополистік капиталдың құлақкесті малайларын ұсынады. Ал, капиталдың бұл малайлары бұрынғыдан да құтырынып құшырлана бастайды, бай қожаларының мүддесін екілене қорғайды, өйткені оларға нақ осы үшін ақы төлейді. Капиталистер малайды жақсы сайлап ала біледі және тіл алғыштығы үшін оларға мол ақы төлейді.

Капиталистік елдерде қанаушы таптар партиясы өздерін парламентте жасанды көпшілікпен қамтамасыз ету үшін әртүрлі антидемократиялық саясатты қолдану арқылы еңбекшілер өкілдеріне шек қояды. Мысалы, Франция парламентінде 3.882024 дауыс алған коммунистердің 10 депутаты, ал 3.603958 дауыс алған де Голльдің жаңа республиканы қорғау деп аталатын партиясының 188 депутаты бар. Егерде, депутаттық орын алған дауысқа қарай бөлінетін болса, коммунистер парламенттен 88 орын, де Голль партиясы 82 орын алған болар еді. Әрбір төртінші сайлаушы коммунистерді жақтап дауыс берген Парижде жұмысшы табының партиясынан бірде бір депутат сайланған жоқ.

Біздің елде Коммунистік партия өкіметті басқаруға халықтың өзін кеңінен тарта беруді аса маңызды міндет деп есептеп отыр. Партияның жаңа Программасында: «Социалистік демократияны жан-жақты өрістетіп, жетілдіре беру, мемлекетті басқаруға, шаруашылық пен мәдени құрылысқа басшылық етуге барлық азаматтардың белсене қатынасуы, мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту және оның жұмысына халықтың бақылауын күшейту — коммунизм құрылысы дәуірінде социалистік мемлекеттілікті дамытудың басты бағыты, міне осындай» деп көрсетілген.

Советтердің сайлауын ұйымдастыруға және өткізуге жұртшылық тікелей қатысады. СССР Жоғарғы Советінің өткен сайлау науқаны кезінде Қазақстанда сайлау комиссиялары құрамында 62 мыңдай адам жұмыс істеді.

Партияның жаңа Программасында совет органдарын бұдан былай да демократияландыра беру бағыты белгіленген. Бұл үшін алдымен депутаттардың құрамын үнемі жаңартып отыру көзделген. Мәселен, соңғы сайлауда Қазақстанда жергілікті Советтердің құрамы тең жарысына жуық жаңартылды. Депутаттардың жалпы саны да көбейді, бұрынғыдан 2 965 депутат артық сайланды. СССР Жоғарғы Советінің биылғы сайлауында Қазақстан бойынша депутаттардың 70 проценттен астамы алғаш рет сайланып отыр.

Біздің елде депутатқа неғұрлым халыққа берілген, оның мүдделерін қорғауға қабілеті жететін лайықты адамдар сайланады. Бұл үшін Советтердің депутаттығына кандидаттардың жеке басы мен іскерлік қабілеті күні бұрын сайлау алдындағы жиналыстар мен баспа сөзде кеңінен талқыланады.

Мұны СССР Жоғарғы Советінің өткен сайлауының тәжірибесінен айқын көруге болады. Бұл жолы да өткен сайлаулардағы сияқты әрбір кандидат әбден мұқият талқыланғаннан кейін ғана оның фамилиясы дауыс беретін бюллетеньге енгізілді.

Совет демократиясының бұқараға қаншалықты кең право беретінін мына төмендегі жағдайлардан айқын көруге болады. Совет органдары, олардың депутаттары сайлаушылар алдында, сол сияқты советтердің сессияларында мезгіл-мезгіл есеп беріп тұрады. Сол сияқты Советтердің сессияларында мемлекетті басқару, шаруашылық және мәдени құрылыс мәселелері ашық кеңінен талқыланады. Сайлаушылардың сенімін ақтамаған депутаттар мерзімінен бұрын шақырып алынып, олардың орнына халықтың лайықты өкілдері сайланады.

Еңбекшілер депутаттары Советі атқару комитеттерінің, олардың бөлімдері мен басқармаларының есептерін, сондай-ақ кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшыларының халық алдына есебін тыңдау сияқты жолдармен де жұртшылықты басқару ісіне қатыстыру кеңінен етек алып отыр. Мысалы, 1961 жылы республикамызда депутаттардың 91,7 проценті сайлаушылар алдында, атқару комитеттердің 97,6 проценті Советтердің алдында өздерінің қызметі туралы есеп берді. Депутаттардың сайлаушылар алдында есеп беріп отыруы, сенімді ақтамаған депутаттарды шақырып алу жөніндегі заңның жүзеге асырылуы бұқараның өздері сайлаған өкілдерін бақылап отыруына толық жағдай жасады.

Советтердің жұмысы, әсіресе партияның XXII съезінен кейін өрістей түсті. Республикамызда ұйымдастыру-бұқаралық жұмыстар, кәсіпорындарға, колхоздар мен совхоздарға басшылық жақсара түсті, совет жұмысының түрлері мен әдістері жетіліп келеді. Советтер өздерінің сессияларында, мәжілістерінде кәсіпорындардың, құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың басшыларын жиі-жиі тыңдап, жұмыстағы кемшіліктерді ашып, оны жоюға көмектесіп отыратын болды.

Республикадағы көптеген еңбекшілер депутаттарының Советтері партияның XXII съезінің шешімдері негізінде Советтердің жұмысын қайта құру туралы арнаулы сессиялар өткізді. Мысалы, еңбекшілер депутаттары Алматы облыстық Советінің жақында болып өткен III сессиясы жергілікті Советтердің жұмыс стилі мен әдістері, олардың партияның XXII съезінің шешімдерін жүзеге асырудағы жұмыстары жайлы мәселелерді талқылады.

Советтердің жұмысына еңбекшілер бұқарасы түрлі комиссиялар арқылы да кеңінен қатыстырылуда. Қазір Советтердің тұрақты комиссияларының жұмысын жақсартып, оған еңбекшілерді көп тартуға ерекше қамқорлық жасалуда. Өйткені мұның өзі Совет жұмысында қоғамдық негізді өрістетуге беруге жағдай жасайды. Қазір республикада Советтердің 11 419 тұрақты комиссиясы жұмыс істейді. Бұл комиссиялардың жұмысына 59 мыңға жуық депутаттар мен ондаған мың актив қатысады. Тұрақты комиссиялар Советтердің сессияларына мәселелер әзірлейді, үкімет пен партия шешімдерінің мүлтіксіз орындалуын қадағалайды, шаруашылықтың жеке бір салаларындағы істің жағдайын зерттейді, Советтердің заң, қаулы-қарар жобаларын жасауға да белсене қатысады. Мысалы, биыл Шығыс Қазақстан облысындағы Шемонайхы ауданында Советтердің 68 тұрақты комиссиясы жұмыс істейді, олардың жұмысына 346 депутат пен 567 актив қатысып жүр.

Советтердің тұрақты комиссиялары экономика мен мәдениетті өркендетудің мәселелерін шешуге белсене қатынасып келеді. Алматы облысы, Шелек аудандық совет атқару комитетінің сауда жөніндегі тұрақты комиссиясы іс жүзінде аудандық атқару комитетінің сауда бөлімінің міндетін атқарып отыр. Комиссия өз жұмысын жоспармен жүргізеді, онда комиссияның әрбір мүшесінің атқаратын жұмысы нақтылап көрсетілген. Жақында комиссия аудандық тұтынушылар қоғамы мен жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің барлық дүкендерін, сауда нүктелерін тексеріп шыққан. Байқалған кемшіліктер комиссияның мәжілісінде талқыланып, оларды жоюдың нақты шаралары белгіленді.

Тұрақты комиссиялардың жұмысын жақсарту және олардың белсенділігін арттыру жөнінде мұнан басқа да көптеген мысалдар келтіруге болады. Тұрақты комиссиялардың жұмысына көшпелі мәжіліс сияқты жұмыстың жаңа түрі де мықтап ене бастады.

Еңбекшілер Советтер мен олардың атқару органдарының жұмысына басқа қоғамдық ұйымдар арқылы да қатынасып отырады. Айталық үй, көше және квартал комитеттері, әйелдер советтері, ата-аналар комитеттері, жолдастық соттар, пенсионерлер советтері, санитарлық комиссиялар, тағы басқалар. Мысалы, тек Өскеменнің өзінде ғана 193 көше және үй комитеттері құрылған, олардың құрамында 1 500 адам бар. Комитеттердің мүшелері көшелерді көгалдандыруға, қаланы жәркейтуге, үйлерді жөндеуге, балалар бақшасы мен яслилерінің жұмысын жақсартуға белсене ат салысады.

Соңғы кезде Совет органдарында қоғамдық негізде жұмыс істейтін нұсқаушылар, штаттан тыс бөлімдер құрыла бастады. Бұлардың жұмысына да еңбекшілер кеңінен тартылуда. Мәселен, Зырян қалалық Совет атқару комитетінің барлық бөлімдерінде штаттан тыс нұсқаушылар тобы жұмыс істейді. Қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде 25 штаттан тыс нұсқаушы бар. Олар қала еңбекшілерінің тұрғын үй, тұрмыс жағдайларын және оларға коммуналдық қызмет көрсету сапасын тексеріп, жұртшылықтың дабылдары, шағымдары жөнінде нақты шаралар қолданып отырады. Қалалық совет атқару комитетінің мәдениет және сауда бөлімдерінің штаттан тыс нұсқаушылары да белсене жұмыс істеуде.

Қоғамдық негіздегі жұмысты өркендете беру — совет демократиясын кеңейте берудің сара жолы. Өйткені, Советтер барлық істі бұқараның тікелей қатысуымен атқаратын, бүкіл көпшіліктің мүддесі үшін жұмыс істейтін ұйым, бұқараның өз өкіметі.

Партияның XXII съезі партия ұйымдарының совет органдарына басшылығын жақсартудың да маңызды міндеттерін көрсетіп берді. Партия ұйымдары Советтердің жұмысын кеңейтіп, жақсарту ісіне, бұқараның творчестволық күш-жігері мен инициативасын дамытып отыру ісіне барынша жәрдем етіп отыруға тиіс. Партияның Советтерге басшылығы неғұрлым икемді, нақты болуы керек. Совет органдарына партиялық басшылықты жақсартудың бір өтімді жолы — Советтердегі партияның өкілі болып отырған коммунист депутаттардың жұмысын жақсарту беру. Республиканың жергілікті Советтерінде депутаттардың 49,4 проценті, Жоғарғы Советінде 68,7 проценті коммунистер.

Совет органдарының жанындағы партиялық топтардың жұмысы — ерекше назар аударуға тұрарлық жұмыс. Партиялық топтар партияның нұсқауларын жүзеге асыруға, жергілікті маңызды мәселелерді қалпы мемлекеттік мүддемен сәйкес шешуге көмектеседі. Әдетте Советтердің партиялық топтары кадрларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу, коммунистердің депутаттық міндеттерін орындауы, істің орындалуын бақылау сияқты мәселелермен шұғылданады.

Партия ұйымдары Советтердің және олардың органдарының жұмыстарына ықпал жасаудың басқа да түрлерін пайдаланады. Еңбекші-

лер депутаттары Советі атқару комитеттерінің жұмысын партия комитеттерінің пленумдары мен мәжілістерінде талқылап отырудың да ерше маңызы бар. Осындай жолмен партия ұйымдары Советтердің түгелі міндеттерді шешуіне, кемшіліктер мен қателерді кезінде жой отыруына, бюрократтық пен қағазбастылыққа қарсы күресті күшейте, олардың жұмыс мәдениетін арттыруына көмектеседі.

В. И. Ленин партия өз жұмысын Советтер арқылы да жүргізуін сан рет атап көрсеткен еді. Ол совет қызметкерлері мен мекемелерінің жауапкершілігін арттыруды, партияның барлық мемлекеттік органдарды бақылауға алып отыруын, басшылық етуін талқылап отыратын. Советтерге партиялық басшылық ету олардың бұқаралық байланысын үнемі күшейтіп отыруына көмектеседі.

Коммунизмге жақындаған сайын, Советтердің практикалық жұмысына халық бұқарасы кеңінен араласа беретін болады. Советтер өздерінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік органдары барған сайын аз қолданатын болады, сендіру-иландыру әдістерін қоғамдық пікірдің күшіне сүйену олардың жұмыс жүргізуінің бірден-бір әдісі болып қалады, деп көрсетілген партияның жаңа Программасында.

Советтер арқылы еңбекшілер бұқарасы коммунистік құрылыста барлық саласына басшылық ету ісіне кеңінен қатысады. «Әрбір совет адамы қоғам істерін басқаруға белсене қатынасатын болуға тиіс! Міндетіміз, біздің ұранымыз, міндетіміз осы»—деді Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде. Бұл ұранды іске асыру—біздегі барлық партия совет және қоғам ұйымдарының басты міндеті.

Комсомол биік белестер алдында

Ө. ЖӘНІБЕКОВ,

*Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің
бірінші секретары*

Кәзіргі жас қауымның бақытына үлкен үлес тиіп отыр. Баршамыз-
дан арман-қиялымызды алға, асқар асуларға жетелеген жарқын бо-
шақ — коммунизмді жастарымыз өз қолымен орнатуда. Міне, осы-
нау ұлы істің өзі ел ұрпағының қиялына канат бітірді, жүрегіне жақсы
өнім ұялатты. Сондықтан да олар бұл жолда қандай қиыншылықтан
да қаймықпай, абзал мақсатқа жету үшін белсене күресуде.

Партияның XXII съезі елімізде коммунизм орнатудағы басты үш
міндетті — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау,
коммунистік қарым-қатынастарды қалыптастыру, жаңа адамды тәр-
биелеу міндеттерін жүзеге асырудың сара жолдарын көрсетіп берді.
Ұл міндеттерді іске асыруда жас жігіттер мен қыздардың не бір тама-
на ерліктің үлгісін көрсететіні даусыз. Қазақстан жастарының бұл са-
пада қол жеткен табыстарын жуырда болып өткен комсомолдың
съезі ерекше атап өтіп, жаңа міндеттерді белгіледі.

Қазақстан комсомолы — партия мен халық алдындағы өз борышын
қырғаймен орындап отырған жауынгер үлкен отряд. Коммунистік пар-
тияның әкелік қамқорлығы арқасында ол совет жастарын тәрбиелеп
шынықтырудың, еңбекке баулудың зор мектебіне айналды. Біздің жас-
тар республиканың саяси және шаруашылық өміріндегі барлық маңыз-
ды оқиғаларға үн қосып, кәсіпорындарда, құрылыстарда, совхоздар
мен колхоздарда сан алуан тамаша патриоттық бастамалар жасауда,
аңсаудағын комсомолецтер тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне, ин-
дустрия алыптарының құрылысын салуға лайықты үлес қосты.

Республика комсомолецтері жетіжылдықтың ұлы құрылыстары:
Қарағанды металлургия заводының, Соколов-Сарыбай кен-байыту ком-
бинатының, Семей цемент заводының, Ақтоғай—Госграница темір жолы-
ның құрылысына қамқоршы болды. Комсомолецтер мен жастардың
белсене қатысуымен жетіжылдық басталғаннан бері республикамызда
100-ден астам жаңа кәсіпорын мен цех іске қосылды. Олардың ішінде
Қарағандының алты шахтасы, Екібастұздың көмір разрезі, Қараған-
ды металлургия заводының екі домна пеші мен үш кокс батареясы,
Бұқтарма су-электр станциясының алғашқы агрегаттары бар. Бүкіл-
қақтық коммунистік жастар Одағының Орталық Комитеті Қазақстан
Миниткасының құрылысшы жастар коллективін «Жетіжылдықтағы
комсомолдар ісінің еңбек шежіресі» Құрмет Кітабына енгізді.

Комсомолдардың ерлік ісінің даңқты шежіресіне Шымкенттегі
В. И. Ленин атындағы цемент заводы жас құрылысшыларының аты да
қазылды. Ондағы бесінші және алтыншы пештер партияның XXII съезі
сі қарсаңында қатарға қосылып, жалпы завод құрылысы мерзімінен
19 ай бұрын аяқталды.

Кәзір республикадағы барлық ірі құрылыста комсомолдық штаб-
тар мен бақылау постары жұмыс істейді. Олар—құрылыс қарқынын

шапшаңдатууда партия және шаруашылық ұйымдарының белсенді мекшілері. Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пінді құрылыстардағы комсомол штабтарының жұмысына жоғары баға берді. Мұндай үлкен сенім жас қауымды шабыттандыра түсті.

Республикамызда кәзір 300 мыңнан астам құрылысшы жұмыс істейтін болса, солардың 80 проценті комсомолецтер мен жастар. Жас шаруашылық пен мәдениет құрылысының барлық саласына да белсінген ат салыса отырып, ұлы көсеміміз В. И. Лениннің: жұмысшылармен, шаруалармен бірге тізе қосып еңбек ету арқылы ғана шын коммунист болуға болады деген өсиетін бұлжытпай орындауда.

Республика жастары еңбек қарқынын арттырумен бірге өнімдерін түсер құнын кеміту жолында тамаша істердің үлгісін көрсетіп келеді. Жас жұмысшыларды бұл жолдағы күреске жұмылдыруда Қарағандың көмір комбинаты № 35 шахтасының, Лениногордың полиметалл комбинатының, Гагарин атындағы Алматы тігін фабрикасының, Гурьев ауданындағы Қосшағыл мұнай кәсіпшілігінің және басқа да ірі-ірі өндіріс кәсіп орындарының комсомол ұйымдары белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстанның кәсіпорындарында жастардың 4 285 конструктор бюросы, техникалық прогрестің штабтары жұмыс істейді. Өткен жылы мындаған өнертапқыш жас жұмысшылар бағалы ұсыныс енгізді. Бұл—жастардың бойына сіңген асыл қасиетті, коммунистік биік моральды көрсетеді.

Бүгінгі күннің талабы кешегіден әлдеқайда өзгеше. Кәзір жастардың бір істің ғана сырына жете қанық болуы жеткіліксіз, олардан «біріңіз қырлы, бір сырлы» болу талап етіледі. Кәзір бізде 110 мың жас жұмысшы екі және онан да көп мамандық меңгерді.

Комсомол ұйымдарының алдына қойылып отырған міндет — жастардың бойындағы қуат пен жігерге дұрыс бағыт беріп, оларды коммунистік құрылыстың тапсырмаларын орындауға бір кісідей жұмылдыру.

Партиямыздың данышпандық саясаты арқасында республикамыздың ұлан-байтақ даласы өзінің дарқан жемістерін бұрын болып көрмеген дәрежеде өмір дастарханына жайып салды. Қазақстанның тың жастарды ерлік істерге және достыққа тәрбиелеу мектебі деп өте дұрыс айтылып жүр. Біздің өлкемізде асыл ардагер ұрпақ өсті. Олардың өкілдері: орыс Виктор Дубинин, украиндық Михаил Довжик, қазақ Қазыбек Жапаров, неміс Эдмунд Штоль, армян Грант Саркисян және басқалар.

Осындай қайтпас, қажымас ұландары бар, жомарт даласы бар республикамыздың алдында аса зор істер тұр. Таяудағы жылдарда Қазақстанда 3,5 миллиард пұт астық, 4,2 миллион тонна ет өндірілуі керек.

Партия Орталық Комитетінің март Пленумы ауыл шаруашылығын дамыту және елімізде халықтың өскелең қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін қажетті астықтың, еттің, сүттің және басқа өнімдердің молшылығын жасау жөніндегі шараларды ойдағыдай орындаудың жолдарын көрсетіп берді.

Партия белгілеген бұл шараларды жүзеге асыруға жастардың қосар үлесі аса зор болмақ. Партия Орталық Комитеті ауыл шаруашылығын өркендетуге шақырған үндеуінде комсомол жастардың алдына міндет қойды.

«Коммунистер мен комсомолецтер! Сіздердің орындарыңыз — елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау жолында күрестің алдыңғы қатарында. Асқан жоғары идеялылық пен саналылық, ұйымдасқандық, іскерлік, табандылық және еңбектегі тәртіптілік — коммунистер мен комсомолецтердің ерекше қасиеттері осылар болуға тиіс. Қемшіліктерге төзбеңдер, күні біткен ескінің бәрін біздің

алға басқан қозғалысымызды тежейтіннің бәрін неғұрлым батыл талқандандар».

Республика комсомолецтерінің бұл орайдағы абзал борышы—егіншілік мәдениеті үшін жорыққа шығу. Қазіргі ауыл-селолық жерге көз тігер болсақ, кейде көңіл сенбей де қалатын сияқты. Неге десеңіз дәл қазіргідей ауылшаруашылық мамандарының молшылығы бұрын-соңды болып көрген емес. Республикада ауыл шаруашылығының комсомол мамандарының өзі 9 мыңнан асады. Олар — өз ісіне берілген, қол жеткен табысқа қанағат тұтпай, озат тәжірибені зерттеп, үнемі ізденіп, алға ұмтылып отыратын жалынды жастар. Мұндай мамандарға ие болған шаруашылықтардың көрнекті табысқа жететіні өзінен-өзі белгілі. Қас мамандар, комсомол қызметкерлері мен активі егіншіліктің отамалы жүйесін енгізу үшін, күні өткен ескі шөптанапты жүйені жою үшін, жердің әрбір гектарын тиімді пайдалану үшін күрестің алдыңғы шебінде болуға тиіс.

Мал шаруашылығында да ерен еңбек дүбіріне ат салысып жүрген жастарымыз көп. Олардың да тұрмысы мен жұмысы романтика мен тарқан табысқа толы. Республика комсомол ұйымдары партияның мал шаруашылығын өркендету, ет, сүт өнімдерін молайту жөніндегі шараларын жүзеге асыруда партия ұйымдарына белсене көмек көрсетуде. Кейінгі төрт жылдың ішінде ғана мал шаруашылығына тұрақты жұмысқа жүз мыңнан астам жігіттер мен қыздар келді. Олардың көпшілігі саналы да салауатты, халық игілігі үшін соғар жүрегі бар мектеп бітірген түлектер.

Комсомолдың бүкілодақтық XIV съезіне делегат Алматы облысы, Партияның XXII съезі атындағы колхоздың сауыншысы Шайбала Тереевова 120 сиырды бағып-күтеді, электрмен сауады. Қарағанды облысы Осакаров ауданының жастары Людмила Авдееваны мақтаныш етеді, ол бір өзі 1 560 шошқа бағады. Оңтүстік Қазақстан облысында өткен жылы комсомол-жастар бағатын 567 отарда орташа есеппен әрбір жүз саулықтан 120-дан қозы алынды.

Партияның Орталық Комитеті Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендетуге үнемі қамқорлық жасап келеді. Орталық Комитеттің март Пленумы республикамыздың ауыл шаруашылығын өркендете берудің бай мүмкіндіктерін көрсетумен бірге, ауыл шаруашылығын ұйымдастырудағы кемшіліктерді де ашып берді. Расында республикамыз соңғы екі жылда астық өнімдері жөніндегі жоспарын орындай алмады. Колхоздар мен совхоздардағы еңбек армиясының тең жартысы жастар болғандықтан комсомол да мемлекет алдында үлкен борышты.

Республика комсомолының Орталық Комитеті, облыстық, аудандық комитеттері, комсомол ұйымдары ауыл-село жастарын егіншілік мәдениетін көтеру жолындағы күреске жеткілікті жұмылдыра алмады, озаттардың тәжірибесін кеңінен енгізуге кең жол аша алмады. Жер жағдайлары бірдей көршілес екі шаруашылықтағы жағдайдың мүлде өзгеше болатыны осындай кемшіліктерден. Батыс Қазақстан облысының «Пермь», «Көшім» совхоздарын мысалға келтірейік. «Пермь» совхозының комсомол-жастары өткен жылы әр гектар жерден 10,3 центнерден өнім алса, көшімдіктер бар-жоғы 4,9 центнерден ғана өнім жинады.

Қазақстанның табиғи жағдайы, астық шаруашылығының өркендеуі күс шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызды. Сөйте тұрса да көптеген комсомол ұйымдары бұл орайдағы өздерінің міндеттемелерін орындай алмай отыр. Республика бойынша өткен жылы жастар 20 миллион күс өсіруге тиіс болса, 13 миллион 200 мың ғана күс өсірді.

Сол сияқты жүгері өсіру жөнінде де комсомол ұйымдарының кей қадамдары сәтті болғанмен, кей ісі талапқа сай емес. Мәселен, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының комсомол ұйымдары өткен жылдың

басында жүгері егісінің гектарынан 200—300 центнерден көк балаусу жинауға міндеттенген еді. Ол міндеттеме қағаз жүзінде ғана қалды. Батыс қазақстандықтар жүгерінің гектарынан небәрі 45 центнер, ақтөбеліктер 70 центнер ғана көк балауса жинады. Өткен жылдың көктемінде Қостанай облыстық комсомол комитетінің секретарьлары барлық кенестерде сөйлеп, жүгеріден мол өнім аламыз деп жұртты сендірді. Ал істің нәтижесі уәделі жерден шықпады, облыста жүгерінің гектарынан 75 центнерден ғана көк балауса алынды. Мұндай кемшілік басқа комсомол ұйымдарында да болды.

Біз биыл комсомол ұйымдарының жұмысындағы бұл кемшіліктерді жою жөнінде бірсыпыра шаралар қолдандық. Осыған орай айта кететін бір жағдай колхоздар мен совхоздардағы партия ұйымдары өздерінің жеткіншектері — комсомолецтердің әрбір ісіне, әрбір қадамына бақылау жасап, кезінде талап қойып, олардың алған міндеттемелері орындауына көмектесіп отыруға тиіс.

Комсомолецтердің кейде «қысқа жіп күрмеуге келмейді» деп қалар жайлары да болады. Комсомол ұйымының және оның секретарының шаруашылық мәселелерін шешуде беделі, мүмкіндігі жете бермейді. Бұл, біріншіден, жастарымыздың өздеріне байланысты болса, кейде олардың арман тілегімен, орынды талабымен, мақсат-мүддесімен санаспайтын омырау шаруашылық бастықтары да кездеседі. Мұндай жағдайда комсомолецтерге партия ұйымдарының, оның секретарьларының, коммунисттердің ағалық қамқорлығы, көмегі керек-ақ.

Комсомол ұйымдары жастарға коммунистік тәрбие беріп, оларды коммунизмдегідей өмір сүріп, еңбек етуге әзірлеу жөнінде де үлкен қамқорлық жасап келеді. Елімізде халыққа білім беру жүйесінің қайта құрылуы, мектепті өмірмен байланыстыру жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуы бұл жөніндегі міндеттерді шешуге қолайлы жағдай туғызды. Барлық мектепте дерлік оқушылардың өндірістік бригадасы ұйымдастырылды. Бұлар қоғамдық пайдалы еңбектің негізгі формасына айналды. Әсіресе селолық жерлердегі мектептердің жұмысына комсомолдың қатысуы бұрынғыдан әлдеқайда күшейді. Қай жерде болмасын өндірістік оқуға баса назар аударылуда. Соңғы жылдары жеткіншектер бригадаларының саны екі есе артты. Кәзір оқушылардың 3 864 бригадасы мен звеносында 127 мың шәкірт бар.

Оқушы жастардың еңбекке араласуы, олардың моральдық бейнесінің қалыптасуына игі әсер тигізіп отыр. Соңғы екі жылда мектеп бітірген 60 мың оқушының 35 мыңы өндіріске өз қалауларымен барды. Комсомол ұйымдары өндірістік оқуды ұйымдастырылуы мен мазмұнына, оқушылардың еңбек тәрбиесіне тереңірек мән беріп, жастардың еңбектің әдемілігі мен мазмұндылығын түсінуіне көмектесуге тиіс.

Жоғары және орта арнаулы оқу орындарының комсомол ұйымдарында да оқуды өндіріспен, еңбекпен байланыстыру ісіне көңіл бөліне бастады. Студенттердің заводтардағы, колхоздардағы және құрылыстардағы ғылыми-практикалық жұмыстарға ынтасы арта түсті. Осының нәтижесінде кәзір жоғары оқу орнын бітіріп шыққан жастардың көпшілігінің арнаулы дипломымен бірге қосымша мамандықтары бар.

Коммунизм орнатып жатқан ұлы елдің ұрпағы үнемі алға ұмтылатын, үнемі алысқа көз тігетін болып қалыптасып келеді. Республика комсомолецтері өндіріс жұмыстарын түгел механикаландыру және автоматтандыру, толық механикаландырылған және конвейерлік автоматтық линияларды қатарға қосу, жаңа технологияны енгізу жұмыстарына белсене қатысуда. Биыл республикамыздың кәсіпорындарында іске қосылатын 46 автоматтық және 144 механикаландырылған конвейерлі линияларды салу комсомолдық құрылыстар деп жарияланды.

Химия өнеркәсібінің халық шаруашылығының барлық саласын өркендетуде және халық тұтынатын товарларды көбейтуде алатын орны

ерекше зор. Республика комсомол ұйымдары Жамбыл облысындағы Қаратау кен-химия комбинатының, Ақтөбенің хром қоспалары заводының, Гурьевтің синтетикалық спирт заводының құрылысын, сондай-ақ Маңғыстау түбегіндегі мұнай байлықтарын Отан игілігіне айналдыруды қамқорлыққа алды.

Республикамызды электрлендіру ісіне белсене қатынасып, біртұтас қазақстандық электр жүйесін салуға үлес қосу—жастар үшін зор абыройлы іс. Бұл үшін комсомол-жастар биыл—жетіжылдықтың төртінші жылында Қарағанды, Ермак, Петропавл, Павлодар бу электр станцияларын салуға баса күш жұмсамақ. Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатының жас құрылысшылары мен кеншілері комбинатты іске қосуды мерзімінен екі жыл бұрын орындап, оның руда шығару қуатын 26,5 миллион тоннаға жеткізу жөнінде шешім қабылдады.

Кәсіпорындар мен құрылыстардағы комсомол ұйымдары жұмыстары кемшіліктерге, қырсыздық фактілеріне қарсы шығып, әрбір бригаданың, сменаның, учаскенің өндірістік жоспарларын бірқалыпты орындап отыруы үшін, үнемшілдік, қатаң тәртіп үшін күресуге міндетті. Бұл үшін комсомол штабтарының, рейд бригадаларының, «қолданат» отрядтарының, бақылау постарының жұмыстарын жақсартып, олардың іс-тәжірибесін кеңінен таратып отыру керек. Екпінді құрылыстардағы комсомол штабтары халық шаруашылығы советтерімен, құрал-жабдық пен құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындармен тығыз байланыс жасап, кәсіпорынды дер кезінде және мерзімінен бұрын іске қосуда табандылық көрсетулері керек.

Ауыл-село комсомол ұйымдарының алдында тұрған ең басты міндет—март Пленумының шешімдерін жүзеге асыру үшін күресу. Бұл—республика комсомолецтерінің ұраны, туы, абзал борышы.

Биыл Қазақстан еңбекшілері мемлекетке 900 миллион пұт астық, 800 мың тонна ет, 1,2 миллион тонна сүт, 220 мың тонна шитті мақта және басқа өнімдер сатуға тиіс. Бұл орайда Ленин комсомолының қосар үлесі ұшан-теңіз. Комсомол ұйымдары биылғы жылы 1,5 миллион гектар жердің әр гектарынан кем дегенде 50 центнер жүгері дәнін, суармалы жерлерден 500 центнерден, суарылмайтын жерлерден 300 центнерден көк балауса алуды, сондай-ақ 417 мың гектар жерден ең кем дегенде 15-20 центнерден бұршақ дәнін алуды өздерінің жауынгерлік міндеті ретінде алдарына қойып отыр.

Бұл — оңай міндет емес. Оны орындау үшін қажырлы еңбек, жауынды жігер, асқан шеберлік керек. Ең алдымен, комсомол ұйымдары жастар арасында социалистік жарысты кең өрістетуге тиіс. Жүгері мен бұршақ тұқымдас дақылдардан тұрақты мол өнім алып жүрген Александр Гиталов, Любовь Перегудова, Петр Сапунов, Алексей Лисичников, Қазыбек Жапаров, Тұрсын Ушуров сияқты белгілі шеберлердің жұмыс тәжірибелерін кеңінен насихаттап, өндіріске енгізуді ұйымдас-тыру мәселесі де жастардың өз борышы. Таңдаулы звенолар мен механикаландырылған отрядтардың негізінде кәзір республикамызда жүзеге асқан озат тәжірибе мектебі, агротехникалық курстар мен үйірмелер жұмыс істейді.

Ауыл шаруашылығын техникамен жабдықтауға белсене араласып, қас механизаторлардың мәдени-техникалық дәрежесін арттыру, әрбір қас село еңбеккерінің техниканы шебер меңгеруіне жету село комсомол ұйымдарының аса маңызды міндеті болып отыр.

Кәзіргі жас қауым өнерлі мен өрелінің, тағылымды мен тәрбиелінің қайнар көзі болып отыр деп орынды мақтан ете аламыз. Аса бағалы бастамалардың ұйтқысы болған Павлодар облысы, Павлодар ауданындағы «Чернорецкий», Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданындағы «Темір» совхоздарының комсомолецтерін атап өткен жөн.

Чернорецкіліктер таяудағы жылдарда егістік жердің жүз гектарына шаққанда 75 центнерден, басқа пайдалы жерлерінің жүз гектарына 16 центнерден ет өндіру жөніндегі партияның шақыруын қызу қолдады. Олар бұл межеге 1967 жылы жетуге бел буып отыр. Совхоз жастарының күшімен 835 мың құс өсірілмек, одан 14 450 центнер жоғары сапалы құс еті алынады.

Коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін күресуші «Темір совхозының бастауыш комсомол ұйымы жиырма жылдық жоспар жасады. Бұл жылдар ішінде мүйізді іріқара — 2—2,5 есе, ет, сүт, жүн өнімдері 4,5 есе артқалы отыр. Ғылымның жаңа жетістіктерімен озат тәжірибені өндіріске енгізу арқылы, фермалардағы, егіс даласындағы еңбекті механикаландыру арқылы олар бұрын болып көрмеген биікке көтерілу үшін жұмылуда.

Отан игілігі, халық ырысы жолында біздің жастарымыз ешуақытта өздерінің бойына біткен күш-қайратын, қасиетті сезімін аяп қалған емес.

Партия кәзір жастарды ауыл шаруашылығын көтеруге тағы шақырып отыр. Партияның шақыруына біздің республиканың комсомол жастары да қызу үн қосуда. Биыл тек мал шаруашылығының өзіне ғана 35—40 мың жігіттер мен қыздар жіберілмек. Оның тең жартысы жуығы—шопан болады.

Үстіміздегі жылы комсомолец-жастардың күшімен 22 миллион құс, 300 мың бұзау өсіріліп, 500 мың шошқа бордақыланбақ. Осы бір тәлімді іс жолында жігіттер мен қыздардың небір жақсы да жақын жайларға ұйтқы болатыны даусыз.

Комсомол ұйымдары жастар арасында коммунистік тәрбие жұмыстарын кеңінен жүргізе беруге бұрынғыдан да баса назар аударып отыр. Жоғарыда сөз болған заңғар биік міндеттердің жүзеге асуы жастарымыздың жоғары саналылығына да байланысты. Жастар арасында жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстары, мәдени-ағарту жұмыстарының балалық түрлері — әңгімелер мен кеңестер, үйірмелер мен семинарлар, атыстар мен теориялық конференциялар, сұрауға жауап кештері, ауылда шығарылатын журналдар және музейлердің, клубтардың, қыздар бұрыштардың, үгіт пункттерінің жұмыстары — міне, осының барлығы КПСС Программасы мен Уставын, Н. С. Хрущев жолдастың баяндамаларын, партияның XXII съезінің қарарлары мен материалдарын кеңінен насихаттап, түсіндіруді қамтамасыз етуге бағытталған.

Советтік Қазақстанның даңқты ұл-қыздары партияның XXII съезіне алға тартқан коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін жүзеге асыру жолындағы күресте бұдан былай да партияның айнымас көмекші және резерві бола бермек. Олардың ұраны—коммунизм, сүйенері халық, ақылшысы—партия.



Негізгі өндірістік қор өнімді пайдаланылсын

И. ТУНҒАТАРОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы қолданылатын өндіріс құрал-жабдықтың негізгі қор деп есептелетіні мәлім. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда өнеркәсіптің негізгі қорын ұдайы көбейтіп және оны нәтижелі пайдаланудың маңызы зор. Негізгі қор — еліміздің ұлттық байлығының қайнар көздерінің бірі. Өнеркәсіптің негізгі өндірістік қорының көлемі және оның техникалық дәрежесі мемлекеттің экономикалық қуаты мен еңбекшілердің материалдық әл-ауқат дәрежесін бейнелейді.

Өнеркәсіптің негізгі қорының ұлғаймалы ұдайы өндірісі күрделі құрылыстарды салу, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейту, қайта құру, күрделі жөндеу, сонымен қоса жабдықты ауыстыру, жаңғырту жолдарымен жүзеге асырылады.

Коммунистік партия Советтік Қазақстанның өнеркәсібін өркендетуге үнемі қамқорлық жасап келеді. Бұған республика өнеркәсібінің жедел қарқынмен дамуы айқын дәлел бола алады. Қазақстан өнеркәсібінің даму қарқыны Совет Одағы өнеркәсібін тұтас алғандағы даму қарқынынан едәуір артық. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, бізде көп салалы қуатты өнеркәсіпті өркендетуге мүмкіндік беретін табиғи байлық та мол.

Өнеркәсіпте негізгі қордың өсуі күрделі қаржының көлеміне байланысты. Қазақстан өнеркәсібінің күрделі құрылысына қаржы жұмсау жылдан жылға өсіп келеді. Егер 1940 жылы республиканың халық шаруашылығына (негізінен өнеркәсіпке) жұмсалған күрделі қаржы 168,4 миллион сом болса, ал 1960 жылы осы мақсат үшін 1874,3 миллион сом игерілді, яғни 11,1 есе өсті.

Осындай мол күрделі қаржының жұмсалуды нәтижесінде Қазақстан өнеркәсібінің негізгі қоры да шапшаң өсуде. Оны мынадан айқын көруге болады. Бүкіл ел өнеркәсібін тұтас алғанда негізгі қор 1959 жылы 1940 жылмен салыстырғанда 3,8 есе өссе, ал Қазақстанда 14 есеге жуық артты. Егер 1935 жылы республикамыздың СССР өнеркәсібінің негізгі қорындағы үлесі небәрі 1,3 процент ғана болса, ол 1960 жылдың басында 3,4 процентке жетті.

Республикамыздың өнеркәсібі 1960 жылы 1913 жылғыдан өнімді 58 есе көп өндіріп, туысқан республикалар ішінде үшінші орынға ие болды. Қазақстан өнеркәсібі даму дәрежесі жағынан, тіпті Шығыстың Пакистан, Түркия сияқты елдерін былай қойғанда, Европадағы көптеген капиталистік елдерді әлдеқаншан көш жер артта қалдырып, басып өзді.

Қазақстанда жедел дамыған көп салалы өнеркәсіп көбінесе жаңадан салынды. Бізде негізгі қор өндірістің ұлғайтылуы, бұл үшін күрделі қаржының жұмсалуды есебінен өсіп келеді. Негізгі қордың өсуі еңбек өнімділігін арттыруға, өнімді мол шығаруға жеткізеді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау орасан зор күрделі қаржы игеруді керек етеді. Мұның ішінде республикамыздың өнеркәсібіне де мол қаржы жұмсалмақ. Бірақ бізде күрделі қар-

жының көпшілігі жылдан жылға игерілмей қалып, бірқыдыру кәсіп орындарды салып бітіру мерзімі ұзаққа созылуда. Сонымен қабат біреу пеген құрылыс барған сайын көбейіп кетіп жүр. 1961 жылдың 1 январында бұрнағы жылға қарағанда аяқталмаған құрылыстың жалпы көлемі 20 проценттей өсті. 1961 жылы күрделі қаржы жұмсау жоспары 92 процент қана орындалды.

Күрделі құрылыстарды және өндірістік қуатты іске қосу жоспары орындамаудың салдарынан шойын, көмір, темір рудасы, кокс, құрастырмалы темірбетон және басқа өнімдер белгіленген мөлшерден едәуір аз өндірілді.

Республикада күрделі құрылыстың артта қалу себептерінің бірі—материалдық және еңбек ресурстарын толып жатқан объектілерді шашыратып пайдалану болып отыр. Мысалы, Павлодар алюминий заводы бойынша бір мезгілде елуден астам құрылыс объектісі басталған. Бірақ олардың көпшілігінде жұмыс қарқыны мүлде шабан. Осында себептен Жезқазған кен металлургия комбинаты, Қаратау кен химия комбинаты, Гурьев синтетикалық спирт заводы және өзге де маңызды кәсіпорындарды салу жұмысы өте ұзаққа созылуда.

Құрылыс жоспарын ойдағыдай орындап отырудың басты шартының оның өндірістік базасын оздыра өркендету. Ал бізде құрылыс материалдарын өндіру қарқыны өскелең талаптан едәуір артта қалып отыр. Құрылыс материалдарын өндіруге арналған күрделі қаржы жыл сайын толық игерілмейді.

Құрылыс жұмыстарының жайы сонымен бірге үнемдеу талабын орайлас келетін жобалау-сметалық документтердің сапасына да бірік байланысты. Бірақ осы мәселе де жолға қойылмай-ақ қойды. Өйткені Қазақстан үшін жобалаушы мекемелер республикадан тыс жерлерде жұмыс істейді. Сондықтан олар жергілікті жағдайды жете білмейді, оны толық есепке ала алмайды. Мұндай жағдай жобалау мерзімі ұзаққа созуға, сайып келгенде құрылыстың құнын қымбаттатуға әкелі соқтырады.

Өнеркәсіптегі негізгі қорды ұлғайтып, жетілдірудің маңызды бағыты қаржыны аз жұмсау арқылы машина-жабдықты жаңғырту. Дегенмен, республикада жабдыктарды жаңғыртудың жолға қойылуы нашар. Бұл іспен әзірге машина жасау өнеркәсібі ғана шұғылданып келеді. Республикамызда жабдықты жаңғыртуға қажетті механизмдер мен бөлшектерді өндіретін бір орталықтың болмауы бұған кедер келтіруде.

Өнеркәсіптің негізгі қорына талдау жасағанда оның сапа жағын ыспаттайтын көрсеткіштерді тұтас еске алу керек. Осы тұрғыдан өнеркәсіптің негізгі қоры құрамын бүкіл еліміз және Қазақстан бойынша салыстырып көрелік.

	СССР өнеркәсібінде	Қазақ ССР өнеркәсібінде
Өнеркәсіптің негізгі қорының барлығы	100 процент	100 процент
Оның ішінде:		
Өнді істік үйлер	25,7 .	26,1 .
Құрылыстар мен жалғастырушы тетіктер	33,7 .	39,1 .
Түрлі қорғау ы машиналар	8,3 .	8,0 .
Жұмыс машиналары мен жабдыктар	24,2 .	17,8 .
Транспорт құрал-жабдыктары	4,0 .	5,3 .
Өлшеу және реттеу аспаптары мен жабдыктары	0,8 .	0,5 .
Ұсақ аспап-саймандар	1,5 .	2,5 .

Бұл кестеден СССР өнеркәсібінің негізгі қоры құрамымен салыстырғанда республика өнеркәсібі негізгі қорының құрамы арасында айырмашылық бар екені байқалады. Негізгі қордың басты бөлегі—машиналар мен жабдықтардың үлесі Қазақстан өнеркәсібінде 25,8 процент болса, ал бүкіл ел өнеркәсібінде 32,5 процент, ал құрылыстар мен жалғастырушы тетіктердің үлесі СССР өнеркәсібінде 33,7 процент болса, Қазақстан өнеркәсібінде 39,1 процент болып отыр.

Әрине, өнеркәсіптің негізгі қоры құрамына ыспаттама бергенде оған әсер ететін жеке факторларды айтпай кетуге болмайды. Қазақстан өнеркәсібінің құрамында құрылыстар мен жалғастырушы тетіктердің үлесі көп. Бұл республика өнеркәсібіне тән кейбір ерекшеліктерге байланысты жағдай. Металлургия мен кен өнеркәсібі бізде жетекші сала болып есептеледі. Сондықтан негізгі өндірістік қордың жартысынан астамы осылардың үлесіне тиіп отыр. Бұл салалардың негізгі қоры ішінде шахталардың, карьерлердің, мұнай скважиналарының, кірме жолдың, кернеуі жоғары электр жүйесінің, кен байыту фабрикалары сияқты құрылыстардың үлесі басым. Мысалы, республиканың көмір өнеркәсібінде құрылыстар мен жалғастырушы тетіктердің үлесі негізгі қордың 60 процентін, мұнай өнеркәсібінде 77 процентін алады.

Негізгі қордың құрамы күрделі қаржының жұмсалыу бағытына да байланысты болып отырады. Егер күрделі қаржы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды ұлғайтуға немесе қайта құруға жұмсалса— онда бұл негізгі қордың құрамындағы машина-жабдықтың үлесін көбейтеді. Өйткені мұнда өндіріс қуатын арттыру үйлер мен құрылысты қайта құруға оншама көп қаржы жұмсамай-ақ тек қосымша яки жұмыс өнімді жабдық орнату арқылы ғана жүзеге асырылады. Қазақстанда өнеркәсіптегі күрделі қаржының көпшілігі жаңа құрылыстар салуға жұмсалып келеді. Әрине, бұл негізгі қордың құрамына әсерін тигізбей қойған жоқ.

Негізгі қор құрамын молайта түсуде өндірістік үйлер мен құрылыстарды салу құнын арзандатудың маңызы ерекше зор. Амал не, бізде құрылыс материалдарының құны әлі де қымбат, құрылыста механикаландыру дәрежесі және жобалау жұмысының сапасы төмен болып жүр. Соның салдарынан кейбір кәсіпорындарда өндірістік үйлерді салуға шығын өте көп кетеді.

Коммунистік партия техникалық прогресті халық шаруашылығын жедел өркендетудің шешуші шарты деп қарап, оған зор көңіл бөліп келеді. Н. С. Хрущев жолдас коммунистік еңбек бригадалары мен өкілділері жарыс озаттарының бүкілодақтық кеңесінде былай деді: «Техникалық прогресс болмайынша, өндірісті автоматтандырып, механикаландырмайынша коммунистік құрылыстың асқан зор міндеттерін ойдағыдай орындауға болмайды».

Соңғы жылдары Қазақстанның өнеркәсібінде техниканы жетілдіру және оны өндіріске енгізу бағытында айтарлықтай жұмыстар істелді. Дегенмен, қол еңбегі көбірек қолданылатын өнеркәсіп салалары әлі де бар.

Техникалық прогресте, әсіресе машина жасау өнеркәсібінің маңызы мейлінше зор екені партияның Программасында да атап көрсетілді. Бірақ республикамызда машина жасау өнеркәсібінің өркендеу қарқыны халық шаруашылығының өскелең талаптарынан артта қалып келеді. Соның салдарынан машина жасау өнеркәсібінің шығаратын өнімдері жалпы өнім ішінде 10 процент мөлшерінде ғана болып отыр. Қазақстанда, әсіресе металлургия және кен байыту жабдықтарын жасайтын заводтар өте аз. Бізде ауылшаруашылық машиналарын жасау кәсіпорындарының жұмысы да ойдағыдай емес. Соның салдарынан қажетті жабдықтардың көпшілігін республика тыс жерлерден әкелуге мәжбүр болып жүр. Мұнымен қатар еліміздің кейбір халық шаруашылығы ө-

веттері жабдық жеткізу жоспарын қанағаттанғысыз орындайды. Мысалы, Ковровск, Кострома машина жасау заводтары 1960—1961 жылдары республикамыздың кен өнеркәсібіне 16 экскаватор беруге тиіс еді, оның тек бесеуін ғана жеткізді. Пенза химиялық машина жасау заводының жарамсыз редуктор беруі салдарынан синтетикалық каучук заводуын іске қосу бір айдай кешікті.

Республика өнеркәсібінің шалшаң өркендеп өрге басуы және түрлі жабдық жөніндегі мұқтаждықтың үнемі өсуі Қазақстанда машина жасайтын қуатты өнеркәсіптің болуын ерекше талап етеді. Бізде машина жасау өнеркәсібін кең өрістетуге қажетті шойын, болат, түсті, қара металл, титан, магний және химиялық өнімдер жеткілікті.

* *
*

Өнеркәсіптің негізгі қорын тиімді пайдалану дәрежесі бірнеше көрсеткіштермен сыпатталады. Мұнда қолда бар бүкіл жабдықпен салыстырғанда орнатылған жабдықтардың үлес салмағы қанша екендігін өндірістік қуатты барынша толық пайдалану жайы, жабдықтың жұмысын календарлық уақыт бойынша интенсивті пайдалану жайы толық есепке алынады.

Өнеркәсіптің негізгі өндірістік қорын түгелдей тиімді пайдаланудың халық шаруашылығы үшін маңызы ерекше. Мұның өзі қосымша күрделі қаржы жұмсамай-ақ өнім шығаруды көбейтуге, өндіріс шығындарын азайтуға, өнімнің түсер құнын кемітуге мүмкіндік береді. Бұған мынаны айтсақ та жеткілікті. Еліміздің бүкіл өнеркәсібі бойынша негізгі қорды пайдалану дәрежесін тек 1 процент жақсартудың өзі ғана кәзіргі уақытта күрделі құрылысқа арналған қаржының 900 миллион сомнан үшемдеуге немесе қосымша күрделі қаржы жұмсамай-ақ 1,5 миллиард сомның өнімдерін артық шығаруға мүмкіндік береді. Бұл орасан зор резерв емес пе?!

Қазақстанда өнеркәсіптің негізгі қорын пайдалану ойдағыдай деуге болмайды. Ең алдымен кәсіпорындар мен құрылыстарда орнатылмаған, іске қосылмаған жабдықтар қисапсыз көп. Қазақстан халық шаруашылығы советтерінің кәсіпорындарында орнатылмаған жабдық құнының жалпы сомасы былтырғы жылдың басында 75 миллион сомнан артық болды. Бұл кемшіліктер, әсіресе Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Тың өлкелік халық шаруашылығы советтерінде басымырақ болып отыр.

Кейде кәсіпорындарға басы артық немесе тіпті қажеті шамалы жабдықтар көп әкелінеді. Өткен жылдың 1 январында мұндай жабдықтардың құны Шығыс Қазақстан халық шаруашылығы советі бойынша 1 364,4 мың сомға жетті. Ертіс полиметалл комбинаты бұрнаны жылы құны 41,6 мың сом тұратын фрезер станогіне әдейі заказ беріп алдырған болатын. Ал кейіннен өткен жылы болған санақта оны мәліметте керексіз деп көрсеткен.

1961 жылдың басында Қарағанды халық шаруашылығы советінде орнатылмаған жабдықтардың саны белгіленген нормативтен екі еседен астам, оның ішінде Қарағанды металлургия заводында 5 еседен артық синтетикалық каучук заводында 11 еседен артық болды. Орнатылмаған жабдықтың дені далада қолайсыз алаңда сақталады. Соның салдарынан ондай жабдық істен шығып, пайдалануға жарамай қалады.

Жабдықтарды пайдаланудың прогрестік нормасына орай кәсіпорындарға өндірістік тапсырманы толық беріп отыру парыз. Амал не кейбір халық шаруашылығы советтері жеке кәсіпорындарға өндірістік жоспарды бар мүмкіндіктен кем белгілейді. Мысалы, 1960 жылдың жоспарында республика өнеркәсібінің өндіріс қуатын мақта-жіп иір жөнінде 79 процент, ішкіімдік трикотаж тоқу жөнінде 49 процент, сырт

өнімдік трикотаж тоқу жөнінде 40 процент қана пайдалану белгіленген. Жабдықтың жұмыс өнімділігі жөніндегі тиісті нормаға сәйкес Алматы мақта-мата фабрикасы былтыр 2743 тонна жіп иіріп шығаруға тиіс еді. Ал фабрикаға 2100 тонна ғана жіп иіру тапсырмасы берілген.

Өнімді көп шығарудың және жабдықты пайдалану тиімділігін үрдіс арттырудың тағы бір қажетті шарты — жабдықтың жұмыс уақытын шұлық пайдалану. Алайда көптеген кәсіпорнында түрлі себептен жабдыктар кейде жұмыс істемей, босқа тұрып қалады. Семей шұлық тоқу комбинатында орнатылған жабдықтың төрттен бірі іске қосылмаған. Бұл жөнінен құрылыстарда да жағдай мәз емес. 1961 жылы Алматының арнаулы құрылыс тресінде құрылыс механизмдерін пайдалану дәрежесі 60 процент қана болды, соның салдарынан экскаваторлардың, бульдозердің, мұнаралы крандардың жұмыс өнімі мүлде құлдырап кетті.

Көмір өнеркәсібінде көмір комбайндарын неғұрлым өнімді пайдалану үлгісін көрсетіп жүрген озаттар бар. Қарағанды көмір комбинатында кеншілердің Омаров, Величкин, Волков жолдастар басқарған бригадалары «Донбасс» көмір комбайнымен бір айда 48 мыңнан астам тонна отын шығарды, дүниежүзілік рекорд жасады. Бірақ комбинат бойынша 1961 жылы әр комбайнмен өндірілген көмір орта есеппен 9393 тоннадан ғана айналды. Комбинатта кеншілер бригадаларының жартысы ғана өндірістік жоспарды орындады. Қайсыбір шахталарда кен техникасын пайдалану дәрежесі мүлде төмен, механизмдердің аварияға ұшырауына, болымсыз себептен істен шығуына жол беріледі.

Негізгі қордың әр сомына келетін өнім мөлшерін мейлінше арттырып отыру — өнеркәсіптің алдына қойылған аса маңызды міндеттердің бірі. Мұның өзі негізгі қордың ұтымды пайдаланылуын бейнелейтін өте маңызды көрсеткіш болып саналады. Үздіксіз техникалық прогресс, техника мен өндіріс технологиясын жетілдіре түсу өнімнің негізгі қордың көбеюінен оза өсуін қамтамасыз етуге тиіс. Мысалы, СССР өнеркәсібінің негізгі қоры 1940—1959 жылдарда 3,8 есе өссе, шығарылған өнім 4,8 есе артты. Ал Қазақстан өнеркәсібінде жағдай басқаша болып отыр. Жоғарыдағы мерзімде республика өнеркәсібінің негізгі қоры 13,9 есе өссе, өнім небәрі 6,4 есе ғана артты. Бұл — өнеркәсіп қызметкерлерін ойландыратын жағдай.

Кейбір озат кәсіпорындарда негізгі қордың пайдаланылуы да жақсы. Алматы ауыр машина жасау заводында 1955—1960 жылдары негізгі қор 70 процент өскен болса, шығарылған өнім екі есе артты.

Республиканы тұтас алғанда өнеркәсіп өнімі өсуінің негізгі қордың өсуінен кенжелеп қалуы себептерінің бірі — негізгі қордың өнімді пайдаланылмауы.

Алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың тәжірибесі техника мен өндіріс технологиясын үнемі жетілдіру, машина-жабдықты өнімді пайдалану арқылы еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, соның негізінде өнімді көп шығаруға болатынын айқын көрсетіп отыр. Міне бұл жетістікті дұйім көптің игілігіне айналдыру үшін күресу керек.

Республика өнеркәсібі алдында тұрған келелі міндеттерді абыроймен орындап отыру мүддесі күрделі қаржы игеруді түбірінен жақсартуды, өндірістік жаңа қуаттарды іске қосу қарқынын жеделдетуді, негізгі қорды барынша өнімді пайдалануды талап етеді. Партия, совет ұйымдары өнеркәсіпке басшылық жасауын жақсартып отырып, бұл мәселелерге үнемі көңіл бөлуге, оған жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлерінің назарын аударып, оларды кемшіліктерді жою күресінде жаппай жұмылдыруға міндетті.

Тыңдағы шамшырақ

(«Мамлют» совхозының жұмыс тәжірибесінен)

Өткен жылы март айында Тың өлкесі ауыл шаруашылығы озықтарының кеңесінде, одан соң ноябрь айындағы кеңесте Н. С. Хрущев жолдас Солтүстік Қазақстан облысындағы «Мамлют» совхозы коллективінің жұмысына жоғары баға берді. Екіншіліктен де, мал өсіруден де үздік табысқа жеткені үшін совхоз Тың өлкесінің үлгі-тәжірибе шаруашылықтарының бірі етіп бекітілді. Оның атағы бүкіл республика жұртшылығына тарады.

Совхоз коллективі мұндай абыройға бірден не бола қойған жоқ. Көп іздену, көп толғану, жұмыла еңбек ету өз жемісін берді. Төрт соңғы үш (1959—1961) жыл ішінде ғана мұнда барлық дәлдікпен дақылдың әр гектарынан орта есеппен 20,8 центнер өнім алынды; әрбір центнер астық жылына жоспардағыдан орта есеппен 1 сом 35 тиын арзанға түсті. Еттің де, сүттің де түсер құны жылма-жыл кеміп келеді. Совхоз үш жылда 858 мың сом таза пайда алды.

Совхоз өткен жылы мемлекетке 108 мың центнер астық, 6 500 центнер ет, 24 мың центнер сүт, 437 мың жұмыртқа өткізген. 1953 жылмен салыстырғанда астық 4 есе, ет 3,1, сүт 2,4, жұмыртқа 33 есе көп тапсырылған. Бұл арада өнімнің артуына сай егіс көлемінің, мал басының жылма-жыл көбейіп, барша міндеттеменін асыра орындалғанын айта кеткен абзал.

Совхоз бұл табыстарға қалай жетті? Оның сыры неде?

Ең алдымен, еңбек дұрыс ұйымдастырылған. Совхозда үш ірі трактор-егіс бригадасы бар. Биыл төртінші бригада құрылды. Мұндағы мақсат—жұмысты жеңілдетіп, техниканың күшін сарқа пайдалану, уақытты, жанар, жағар майды үнемдеп жұмсау, жерді дұрыс пайдалану. Өйткені, бригадалардың арасы алшақ болды да, тұқым су, май тасуға, техниканы бір жерден екінші жерге ауыстыруға уақыт көп жұмсалып жүрді.

Бригадалар механикаланған ірі отрядтарға бөлінген. Отрядты тәжірибелі комбайншы басқарады. Оларға 700—800 гектар мөлшерінде жер, техника бөліп берілген, жоспарлы тапсырма белгіленген. Жер жыртудан бастап егін жинауға дейінгі барлық жұмысты механизаторлардың өздері істейді. Сөйтіп, бар жауапкершілікті өз мойнына алып, мол өнімнің негізін өздері қалайды. Комбайншы алғашқыда тұқым себуші болып істейді де кейіннен егінді өзі жинайды. Жұмыстың сапасын бақылап, механизаторларға тікелей басшылық етіп отырады.

Совхозда мұндай тәртіп 1958 жылдан қолданыла бастады. Бұл не үшін керек болды? Өндірістің негізгі құралы—жер мен техникаға несіздікті жою үшін, оларды барынша тиімді пайдалану, жұмысшыларға ақыны өндірілген өнімнің сапы мен сапасына қарай төлеу тәртібін енгізу үшін қажет болды.

Ал бұрын ше? Бұрын жерді бір механизатор жыртса, егінді басқа біреу жинайтын. Еңбекке ақы төлегенде өндірілген өнімнің мөлшері еске алынбайтын, яғни еңбекке ақы төлеуде теңгермешілік бар-ды.

Ал кәзір ше? Кәзір отрядтың мол өнім алуға мүдделі әрбір мүшесі өздерін өздері бақылайды, жұмыстағы кемшілікке, ақау атауына жол бермеуге ұмтылады.

Механикаланған отрядтың тағы бір артықшылығы бар. Бұрын бригадалардың құрамында ұсақ звенолар болатын. Олар жанжақта бытырап жататын да бақылау қиынға түсетін.

Отрядтың құрылуы еңбекке ақы төлеуді едәуір жақсартты. Отряд мүшелері егіс егу кезінде тиісті ақысының 80 процентін, ал қалған 20 процентін тұқым көктеп шығып, совхоз комиссиясы егістік жерді мұқият тексеріп, қабылдағаннан кейін алады. Комиссияның құрамында директор, бас агроном, партия комитетінің секретары, жұмысшылар комитетінің председателі, бас инженер, бөлімше меңгерушісі бар. Олар отряд мүшелерінің қатысуымен әрбір алқапты, әрбір тілім жерді жеке-жеке қабылдайды. Қабылдау кезінде жұмыс сапасына: егістің арам шөптен тазалығына, жаппай көктеп шығуына, жердің тегіс жыртылуына, қатараралығына көңіл бөлінеді.

Бұған қоса егістік жердің бәрінен жоспардағыдан артық өнім алуды қамтамасыз еткені үшін егіс кезіндегі табысының 5—10 немесе 15—20 проценті мөлшерінде сыйлық беріледі. Сыйлық процентінің мөлшері егіннің түсімділігіне тікелей байланысты. Мысалы, гектарына 21—25 центнер өнім жинаса, сыйлық мөлшері механизатор табысының 20 процентіне дейін барады. Өткен жылы совхоз жұмысшылары тек егін шаруашылығынан 150 мың сом қосымша ақы алды. Уақытша істейтін жұмысшыға қосымша ақы төленбейді.

Материалдық ынталандыру механизаторларды тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Мысалы, отряд бастығы Еңбек Қызыл Ту орденді Ф. Ващейкин, бригадир С. Сарықұлов әрі тракторшы, әрі комбаншы. Олар көктемде жер жыртады, тұқым себеді, күзде егін орады, қыста хупика жөндейді. Совхозда көптен істеп келе жатқан мұндай бесаспап адамдар аз емес.

Әрине, жұмыстың табысты болуы тек отрядтарды ұйымдастыруға, еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесіне байланысты деуге болмайды. Бұл мәселенің бір жағы ғана. Екінші жағы—жұмысқа қатаң бақылау жасауда; оған дұрыс басшылық етуде; агротехникалық шараларды дұрыс қолданып, егіншілік мәдениетін арттыруда; егісті дер кезінде егіп, ысырапсыз жинап алуда.

Совхоздың егістік жерінің дені қайыңды орман далада. Мұнда ашық жазыққа қарағанда ылғал да молырақ. Соған қарамастан, егістікке түгел қар тоқтатылады. Тұқым себер алдында топырақ мұқият өңделеді.

Совхозда тұқым себу мерзіміне зор мән беріледі. Жергілікті жағдайға, көп жылғы тәжірибеге сәйкес мұнда дәнді дақылдар көбінесе май айының екінші жартысында егіледі. Ал бұдан ерте егілген дақыл, топырақ қызбағандықтан, 15—20 күн кешеуілдеп көктейді де кенделеп өседі, қуаншылыққа ұшырайды, июль, август айларындағы жаңбырдың оған пайдасы болмай қалады. Ал кеш егілген дақыл пісіп-жетілмей күзгі үсікке ұрынады.

Егу мерзімін дұрыс белгілеудің тағы бір пайдасы сол—топырақты өңдеп, арам шөпті отауға мүмкіндік туады. Тұқым таза жерге егіледі. Ал ерте егілсе, шөп басып кетеді.

Жергілікті тәжірибеге орай тұқым әдеттегі нормадан артық тоғыспалы және тарқатарлы әдіспен себіледі. Соның өзінде жердің ылғалына, құнарлылығына, тұқымның сапасына қарай әр жерге әртүрлі норма белгіленеді. Мысалы, сапалы жыртылып, жақсы өңделген, ылғалды учаскенің гектарына — 190 килограмм, құнарлылығы төменірек, ылғалы аздау топыраққа — 160 килограмм бидай сіңіріледі. Сонымен совхоз көлемінде гектар басына норма бойынша 145—150 килограммның

орнына орта есеппен 180—185 килограмнан бидай тұқымы себіледі. Басқа дәнді дақылдар жөнінде де осындай тәртіп қолданылады.

Совхозда ең кең тараған сортты тұқым: «Мильтурум 553» бидайынан, «Омский 10664» арпасынан жылма-жыл мол өнім алынып келеді. Бұрнағы жылы механизаторлар Л. Ланг, В. Толоконников өздеріне бекітілген жердің әр гектарынан 27 центнер бидай, 32,7 центнер арпа жинады. Ал отряд бастығы Н. Савенков 111 гектар арпа егісінен гектар басы 44 центнерден айналдырды. Олар былтыр да егінді бітік өсірді.

Г. Дьяченко, А. Иванов, Ф. Ващейкин құралпы әйгілі механизаторлар өздеріне бекітіліп берілген жердің әр гектарынан 21—25 центнерден өнім алып жүр.

Жұмысшылардың қол жеткен зор табысында СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі партия XXII съезінің делегаты совхоз директоры Б. Дворецкий, бас агроном Б. Тұрғынов, агрономдар М. Зотов, В. Веников сынды жолдастардың да үлесі аз емес. Дворецкий—шебер ұйымдастырушы, іскер басшы болса, Тұрғынов—білімдар агроном, ізденгіш жас. Агроном — басты тұлға деп халық бекер айтпаған. Ол бақылап-тексеруші ғана емес, ақыл-кеңесші, бағыт сілтеуші де. Оны іздеген жан әрдайым қауырт науқан, іс үстінен табады.

Н. С. Хрущев жолдас табыс кілті басшылықта екенін талай рет атап көрсетті. «Басшының шеберлігі, — деді ол, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің өткен жылы Целиноградта болған кеңесінде, — адамдарды дұрыс ұйымдастыра білуінен, олардың өздерін көрсете білуінен көмектесуден көрінеді. Коммунизмге жететін жолдың ұзақтығы жолдың қандай салынғанына — дұрыс салынғанына немесе бұрыс салынғанына байланысты. Бұл көп ретте сіздерге байланысты, коммунист жолдастар. Дворецкий жолдас әр гектардан жиырма центнерден өнімді қалай алды, ал басқалар өнімді қалайша бұдан екі-үш есе кем алды? Мұны қалай түсіндіруге болады? Адамдармен жұмыс істеудің әртүрлі дәрежеде екендігімен ғана түсіндіруге болады».

Совхоз астықпен қатар малға да бай. Бұл саладағы оның негізгі бағыты — қырдың асыл тұқымды қызыл сиырын өсіру. 1949 жылдан бастап совхоз асыл тұқымды мал жөнінен Қазақстандағы жетекші шаруашылыққа айналды. Содан бері көптеген тұқымдық мал, оның ішінде 800-ге жуық элита, элита-рекорд бұқасы совхоздар мен колхоздарға сатылды.

Мал шаруашылығы соғыстан кейінгі жылдары, әсіресе партия Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін үздік өркендеді. Мал өсіру, оның өнімін молайту жөніндегі міндеттемелер жылма-жыл асырылып орындалып келеді. Мысалы, асыл тұқымды әрбір сиырдан сауылған сүт орта есеппен 3 800 килограмнан асып түсті, сүттің майлылығы 3,7 процентке жетті. Ал совхоздың тандаулы сауыншылары: А. Гаук әр сиырдан 4 170, Н. Белова—4 101 килограмм сүт сауды. Алдағы пысына — әрбір асыл тұқымды сиырдан майлылығы 3,9—4 процент 4 500 килограмм сүт алу; малдың тұқымын бұрынғыдан жақсарту; шошқа, жылқы, құс санын едәуір көбейту.

Малшылардың табысқа жетуіне еңбекке ақы төлеу тәртібінің жақсартылуы едәуір себепші болды. Өткен жылдан бастап совхоздың барлық фермасы еңбекке ақыны сүттің жоспарлы майлылығына (3,8 процент) қарап төлеу тәртібіне көшті. Соған орай сүт сауудың айлық жоспарын орындап, сүттің майлылығын 4 процентке жеткізген сауыншыға 5 сом, 4,1—4,2 процентке — 7 сом 50 тиын, 4,3 процентке—10 сом сыйлық беріле бастады. Бір қорадағы барлық сиырдан сүт жоспардағы мөлшерде сауылып, майлылығы 4 процент болса, бригадир мен бақташылар — 10 сом, 4,1—4,3 және одан жоғары болса—15—20 сом сыйлық алады. Бүкіл фермада сүттің майлылығы жоспардағыдан артса, сов

хоздың кілегей қабылдап алатын пунктiнiң меңгерушiсiне де қосымша ақы берiледi.

Жұмысшылардың жетiсағаттық жұмыс күнiне көшуiне байланысты малшылар өндiрiлген өнiм үшiн (сүт, үстеме салмақ, жұмыртқа, т. б.) табысының 95 процентiн, бағып-күткенi үшiн 5 процентiн алады. Сонда өнiмге бұрынғыдан көбiрек, күтiмге азырақ төленедi. Бұл жана тәртіптің енгiзiлуi нәтижесiнде ферма қызметкерлерiнiң жалақысы едәуір өстi. Бұрын сегiз сағат iстеп, айына орта есеппен 58—60 сомнан айдалдыратын сауыншы кәзiр жетi сағатта 75—85 сом, одан да көп ақы алады. Бұған қоса мал шаруашылығының өнiмдiлiгiн арттыру жоспары орындалса, жұмысшыға жыл iшiнде өндiрiлген жалпы өнiм құнының 3 процентi сыйға тартылады.

Табыстың маңызды көзi—жемшөп. «Шынында да, мал шаруашылығындағы ең басты нәрсе не?—деген сұрақ қойды Н. С. Хрущев жолдас партия Орталық Комитетiнiң март Пленумында жасаған баындамасында. Оған былай жауап бердi.—Жемшөп. Жемшөп болса, мал да, ет пен сүт те болады. Жемшөп болмаса, мал өледi, ет пен сүт те болмайды».

Бұл ереженi мамлюттiктер бұлжытпай қолданып келедi. Жем, сүрдем, пішен әрдайым жеткiлiктi дайындалады. Тек өткен жылы 1600 гектар жүгерi егiлiп, әр снырға 25 тонна сүрлем салынды. Бiрақ жүгерi көк шөбiнiң өнiмi әлi де аз екенiн ескерiп, совхоз басшылары материалдық ынталандыру тәртiбiне баса назар аударып отыр. Мысалы, жүз гектар жүгерiнiң әр гектарынан 181—230 центнер көкшөп өсiрiлсе, жоспардан тыс әрбiр тонна үшiн 15 тиын, 231—300 центнерден 500 центнерге дейiн өсiрiлсе—20—35 тиын, одан жоғары өсiрiлсе—40 тиын қосымша ақы берiледi.

Жүгерiден кейiнгi құнды азық—арпа. Совхоздағы шошқа бiткен жүгерi сүрлемiмен, картоппен, тамырлы жемiстермен, арпа жармасымен азықтандырылады. Арпа—мегежiн мен торайға таптырмас азық. Бордақылауға қойылған шошқаның рационында арпа 60—70 процент, тауықтың рационында—үштен бiрi болып отыр.

Биыл совхоз даласында арпадан басқа бұршақ, қант қызылшасы, қарақұмық, тары сияқты дақылдар, сондай-ақ ондаған гектар жерге жүгерi, арпа жембұршақпен қосылып егiледi.

Бұрын совхозда ауыспалы егiстiң көп жерiн таза пар, екпе шөп алып жататын. Алдағы уақытта бұл кемшiлiктi жойып, жердi тусыратып босқа жатқызбай, отамалы егiс жүйесiне көшу жоспарланды, оның алғашқы нышаны iске асырыла бастады.

Отамалы егiс жүйесiнiң екi жақты пайдасы бар. Бiрiншiден, малға аса құнарлы азық молаяды; отамалы дақылдардан бiр және көп жылғы екпе шөпке қарағанда жемшөп өлшемi, малдың тез өсiп-жетiлуiне, жылдам семiруiне өте қажет протеин үш-төрт есе көп алынады. Бұл дақылдарды өсiру барлық жұмысты барынша толық механикаландыруға, оның мұның өзi өнiмдi өндiруге жұмсалатын шығынды едәуір азайтуға мүмкiндiк бередi. Сөйтiп, ет пен сүт, жұмыртқа әрi көбейедi, әрi бұрынғыдан арзанға түседi. Екiншiден, отамалы дақыл жердi тиiмдi пайдалануға, өнiм мөлшерiн арттыруға, арам шөптi жоюға жағдай жасайды. Өйткенi, дақыл шаршы-ұялап егiледi де қатараралығы жақсы өңделедi.

Кәзiр совхоз көктемгi егiске сақадай сай отыр. Отамалы дақылдарға, оның iшiнде, әсiресе жүгерi мен қант қызылшасына бапталған құнарлы жер бөлiндi. Механикаланған әрбiр отряд өз учаскесiне тонна-тонна көң, минералдық тыңайтқыш тасып жеткiздi. Барлық тұқымның, әсiресе сортты тұқымның өнгiштiк қасиетi тексерiлiп, дәрiлендi, күнге қыздырылып, себу сапасына жеткiзiлдi. Егiске керектi бүкiл тех-

ника, сондай-ақ комбайн түгел жөнделді. Кең шашқыш жаңа тетік жасалып, сынаудан өткізілуде. Бұдан уақыт пен қаржы көп үнемделеді.

Пішен дайындау кезіндегі ауыр жұмыстар барынша толық механикаландырылған. Мұндағы үш ферманың әрқайсысында күніне 800—1200 центнер шөп маяға салынады. Үш шалғылы машиналармен бір күнде шапқан шөп келесі күні алымды үлкен тырмамен бөкестеледі де, оның соңында келе жатқан жинағышпен шөмеле болып үйіледі. Тракторға тіркелген шөмеле салғыш пішенді мая салғышқа береді, одан «Беларусь» тракторының көмегімен мая тұрғызылады. Бір сменада үш жұмысшы мен бір тракторшы 400 центнер шөпті маяға үйеді. Оң саусағынан өнер тамған механизатор Н. Лукьянов жасаған тетік шөпті бөкестен өзі жинап, бірден автомобильге тиейді. Сөйтіп дайындалған бүкіл пішен ферма басына жеткізіледі.

Сондай-ақ мал қораларының бәрінде автомат науа, аспалы жол электр жарығы, қи шығарғыш, жемшөп тасығыш транспортер орнатылған. Сиырдың 60 проценті электрлі сауғышпен сауылады. Дегенмен, бұлардың бәрі бүгінде жаңалық емес. Кәзір мал шаруашылығындағы барлық жұмысты түгел механикаландырған совхоздар мен колхоздар аз емес. Әсіресе сиырды байлаусыз бағу, көп сиырды бірден сауатын агрегаттарды кең қолдану өте тиімді. Сонда әрі жұмыс жеңілдейді, әрі өнім көбейіп, арзанға түседі. Бұл үшін совхозда барлық мүмкіндік бар. Атап айтқанда, сол кәзіргі қолдағы қоралардың өзін лайықтап, қайта құруға болады.

Тың өлкесі ауыл шаруашылығы озаттарының кеңесінде Н. С. Хрущев жолдас: тың жер халқымызға миллиардтаған пұт астық берді, енді тың игерушілер миллиондаған тонна ет беруге тиіс деген болатын. Осы нұсқауға сәйкес совхоз жұртшылығы мал шаруашылығын мықтап өркендету жорығына аттанды. Бұл жөнінде жоспар белгіледі. Жоспарға орай совхоз 1965 жылы 20 425 центнер ет дайындайды. Сөйтіп әрбір жүз гектар егістік жерге 75 центнер, қалған жүз гектар ауылшаруашылық жеріне 16 центнер ет өндіреді. Жоспар ішкі мүмкіндіктердің негізінде жасалды. Бұл абыройлы міндетті орындауда шошқа шаруашылығына маңызды орын беріледі. Өйткені, жетіжылдықтың аяғында өндірілетін барлық еттің 70,2 проценті шошқа етінің үлесіне тиеді.

Шошқа шаруашылығының өте тиімді екенін мынадан-ақ көруге болады. Совхоздың өткен жылы мемлекетке тапсырған еті 1953 жылғыда 3,1 есе артық болса, оның ішінде шошқа еті 8 есе көп. Облыстың колхоздары мен совхоздарына 200 бас тұқымдық торай берілді. Соның өзінде жыл аяғында қолда 5 367 бас шошқа қалды. Ал биыл етке өткізілгеннен басқа 10 мың бас шошқа қалмақ. Былтыр әрбір мегежіннен орта есеппен 48 торай алынса, биыл одан да көп алынбақ.

Совхоздың өскелең өндірісіне орай үлкен құрылыс жоспары да бар. Көптеген өндірістік, тұрғын үй, мәдени-тұрмыс құрылыстары салынуға тиіс. Алайда совхоз құрылыс ағашына, шегеге, өзге де материалдарға ділгер болып отыр. Кірпіш те тапшы.

Осындай қиыншылықтарға қарамастан, совхозда құрылыс бірте-бірте өрістеп келеді. Клуб, кітапхана, аурухана, емхана жұмыс істейді. Әрбір бөлімшеде киноқондырғы, радио, электр жарығы орнатылған.

Партия Орталық Комитеті март Пленумының үндеуі совхоз коллективін биыл жаңа табыстарға жету күресіне жігерлендірді. Олар өз совхозының «тыңдағы шамшырақ» деген атағына дақ түсірмеу үшін жұмылуда.

Қ. ӘЛИАСҚАРОВ

Тың өлкесі, «Мамлют» совхозы.

Колхоз—шаруалар үшін коммунизм мектебі

Қ. МЫРЗАБОЛАТОВ

Совет Одағы Коммунистік партиясы колхоз құрылысының 30 жылдан аса уақыттағы тәжірибесін қорыта келіп, ұлы Лениннің көрсетілетін жоспар жөніндегі данышпандық идеясын басшылыққа алатырып, XXII съезде колхоз құрылысын нығайту міндеттерін, оның коммунизм орнатуда алатын орнын айқындап берді. Партиямыздың Жаңа Программасында: «Колхоз өндірісі деревнядағы кәзіргі өндіргіш күштердің даму дәрежесі мен талаптарына толық сай келеді, жаңа техника мен ғылымның жетістіктерін тиімді қолдануға, еңбек ресурстарын орынды пайдалануға мүмкіндік береді... Колхоз құрылысындағы бар мүмкіншіліктер мен артықшылықтарды мейлінше толық пайдалану қажет» деп көрсетілген.

Бұл жауапты міндетті іс жүзіне асыру мақсатымен партиямыздың Орталық Комитетінің жуырда болып өткен Пленумы колхоз, совхоз өндірісін онан әрі дамыту туралы мәселе қарады. Пленум Н. С. Хрущев жолдастың «Коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңі және партияның ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту жөніндегі міндеттері» туралы баяндамасын кеңінен, творчестволықпен талқылап, ауыл шаруашылығын басқару ісін қайта құру жөнінде шын мәнісінде революциялық маңызы бар қаулы қабылдады. Онда: «Ауыл шаруашылығын қарыштатып өрге бастыру, сөйтіп еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдері жөніндегі өсіп отырған керектерін толық қанағаттандыруды және еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін онан әрі арттыруды ең қысқа мерзімде қамтамасыз ету коммунистік құрылыстың басты және шұғыл міндеттерінің бірі деп саналсын»,—делінген. Сонымен, колхоздар мен совхоздардың өндіріс жұмыстарына басшылық ету мәселесі кәзір бірінші орынға қойылып отыр.

Жаңа Программада және март Пленумының қаулысында колхоз туралы айқын да тамаша айтылған тұжырымның теориялық және практикалық маңызы зор. Бұлай деуіміздің себебі, соңғы уақытқа дейін экономикалық әдебиетте ауыл шаруашылығының колхоздық формасына жөнді мән берілмей келді. Ауылшаруашылық артелі шаруашылықтың дамуындағы белгілі бір мерзімдегі өткінші сатысы деп саналды. Партиямыздың Орталық Комитетінің 1953 жылғы болған сентябрь Пленумы бұл қате көзқарасты қатты сынға алды және оны түзету жөнінде нақты шаралар қолданды. Н. С. Хрущев жолдастың инициативасы бойынша белгіленген бұл шаралар ауыл шаруашылығын едәуір көтеруді және колхозшылардың әл-ауқатын жақсартуға түсуді қамтамасыз етті.

Соңғы жылдары кейбір колхоздарды совхозға айналдырумен байланысты жеке экономистер мен шаруашылық басшылары колхоз-

дарды жапшай совхозға айналдыру қолайлы деген пікірді қуаттады. Н. С. Хрущев жолдас бұл пікірдің де қате екенін атап көрсетіп, оған бірнеше рет қатты сынға алды.

Партиямыздың жаңа Программасы туралы жасаған баяндамасында Хрущев жолдас былай деді: «Кейбір жолдастар: ауыл шаруашылығы бұдан былай қандай жолмен өркендетіледі — колхоз жолымен бе, әлде совхоз жолымен бе?—деп сұрақ қояды. Партия деревнядағы коммунизм құрылысы социалистік өндірістің екі түрін дамыту және жетілдіру жолымен жүргізіледі деген қағидаға сүйеніп отыр. Шаруашылықтың социалистік бір түрін екінші түріне қарама-қарсы қоюға болмайды».

Қолхоздың тағдыры және оның болашағы туралы мәселе — теориялық ғана емес, сонымен бірге ол саясаттық та мәселе. Ол ең дейтініміз, әңгіме еліміздегі саны жағынан алғанда ең көпшілік тауар туралы, яғни 65,5 миллион шаруалар жөнінде болып отыр. Дұрысына келсе, қазіргі кезде колхозшы шаруалар мен жұмысшы табының арасында түбірлі таптық айырмашылық жоқ. Қолхозшы шаруалар дегеніміз — жұмысшы табының мықты, сенімді одақтасы. Олардың мақсаты мен мүддесі бір. Ал бұл екі таптың арасындағы болар-болмас айырмашылық бірте-бірте жойылуда.

Қолхозды совхозға айналдыруды жақтайтын экономистер колхозшы шаруалардың өмірінде болған өзгерістерді, колхоз құрылысының өміршеңдігін ескермейді. Ал, партиямыздың Программасында колхоз құрылысына тамаша анықтама берілді. «Қолхоз құрылысы — советтік социалистік қоғамның бөлінбес бір бөлегі. Мұның өзі — шаруалардың бірте-бірте коммунизмге өтуінің В. И. Ленин белгілеп берген, тарихи сыннан өткен, олардың ерекшеліктеріне сай келетін жол».

Жаңа Программа бұл мәселенің тағы бір маңызды жағын айтып қындап берді. Біздің экономикалық әдебиетте колхоздық-кооперативтік меншік мемлекеттік (жалпыхалықтық) меншікпен қосылып, бірыңғай жалпыхалықтық меншікке айналатыны көп айтылып келді. Бірақ бірыңғай жалпыхалықтық меншік дегеніміз не, ол социалистік пе немесе коммунистік пе, бұл жағы ашып айтылмайтын-ды. Міне енді бірыңғай жалпыхалықтық меншіктің коммунистік меншік екені айқындалып отыр. Жаңа Программада: колхоз құрылысының экономикалық жағынан гүлденіп, өркендеуі, колхоз меншігінің жалпыхалықтық меншікке бірте-бірте жақындай түсуіне, ал болашақта бірыңғай коммунистік меншікке ұштасуына жағдай жасайды, делінген. Демек колхоз меншігін және мемлекеттік жалпыхалықтық меншікті қатаң дамытып, жетілдіру нәтижесінде меншіктің бұл екі түрі неғұрлым жақындай түсіп, коммунистік меншіктің арнасына — жаңа арнаға барып құйылады. Бұл міндет алдағы 20 жылда жүзеге асырылады. Осыған орай, тарихта тұңғыш рет біздің елде, қазіргі ұрпақ өмірінде-ақ адамдарды тапқа бөлу жойылады.

Ауыл шаруашылығының колхоздық түрін пайдалану қажеттігі оның еліміздің экономикасында атқарып отырған ролінен туып отыр. Қазіргі кезде колхоз өндірісі материалдық игілік жасаудың қажетті бір көзі болып табылады. Елімізде колхоздардың ауыл шаруашылығы өнімін өндірудегі және сатудағы үлесі совхоздардан асып түседі. Қолхоздар 1960 жылы мемлекетке өткізілген астықтың 57 процентін, қант қызылшасының — 93, шитті мақтаның — 85, овощ пен картоптың 45—60 процентін берді. Мұның үстіне колхоздардағы іріқараның саны совхоздармен салыстырғанда 2,5 есе, шошқа — 2,3, қой мен ешкінің 2,2 есе артық болып отыр. Ал, еліміздегі барлық 100 миллион еңбекке жарамды адамның 32,5 миллионы колхоздарда жұмыс істейді.

Қолхоз өндірісі біздің республикада да елеулі орын алады. 1960 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауда колхоздардың

мынадай үлес салмағы болды: мемлекетке тапсырылған астықтың 30 процентін, еттің—41, сүттің—40, мақтаның—50, қант қызылшасының—90, жүннің—47 процентін колхоздар берді. Мұның өзі әңгіме колхоздардың бере алатын өнімін, яғни нақты мүмкіншіліктерін дұрыс пайдалана білуде болып отырғанын аңғартады. Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдас жаңа Программа туралы жасаған баяндамасында ашып айтты. Ол тәжірибелі кадрлар, жақсы ұйымдастырушылар мен мамандар отырған жерлерде, өндірісті механикаландыруға қамқорлық жасалып, қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандыру принципі қолданылып отырған жерлерде колхоздар да көркейіп, гүлдене түскенін атап көрсетті.

Партиямыздың жаңа Программасында: «Колхоз — шаруалар үшін коммунизм мектебі» делінген. Бұл тамаша анықтама лениндік қағидаларға негізделіп жазылған. Владимир Ильич шаруалардың келешегіне көз жіберіп, оны төмендегіше тұжырымдаған. «Коммунизм былай дейді: пролетариаттың авангарды, коммунистік партия... бұқараның бүкіл халық шаруашылығын басқару ісін өз қолына жинақтап аларлықтай дәрежеге жете алуы үшін және жетуі үшін ең алдымен жұмысшыларды, онан соң шаруаларды сауатты етеді, даярлайды, үйретеді, тәрбиелейді» (Шығармалар, 32-том, 33-бет).

Колхоздар қоғамдық шаруашылықты өркендете отырып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауда үлкен роль атқаруға тиіс. Демек, шаруалар қоғамдық шаруашылық арқылы, колхоз арқылы коммунистік өндіріске және оның жоғары дәрежеде механикаландырылып, әбден дамыған дәуіріне жетеді. Бұл үшін колхоздар ең алдымен совхоз өндірісінің техникалық қарулану дәрежесіне жетіп, одан әрі өнеркәсіптің техникалық қарулану дәрежесіне жақындауы керек.

Колхоздар кәзір соған қарай бағыт-бағдар ұстап отыр. 1960 жылы колхоздарда еңбекті электр қуатымен қаруландыру әрбір жұмыс адамына шаққанда, оны 1929 жылғы шаруалардың жеке шаруашылықтағы жағдайымен салыстырғанда 13 есе артты. Алайда, колхоздардың бұл саладағы жұмысы совхоздардан екі есе артта қалып отыр.

Жасыратыны жоқ, колхоздардың мал шаруашылығында еңбекті көп тілейтін жұмыстарды, әсіресе жемді әзірлеп беру, сиыр сауу, суару ісін, тағы басқаларын механикаландыру жайы өте нашар. Республиканың тек 240 колхозының мал қораларында ғана малды суару және қора ішіндегі тасымал жұмысы механикаландырылды. Ол қораларда небәрі 73,7 мың іріқара немесе бұл түліктің жалпы санының 3,9 проценті, 60,6 мың шошқа немесе оның жалпы санының 11,8 проценті ғана күтіледі. Ал, 183 колхозда электр агрегаты қолданылып, оларда 6,8 мың сиыр немесе бұл түліктің жалпы санының 1,3 проценті ғана машинамен сауылады.

Неге бұлай? Әлде мал шаруашылығына керекті машина-механизмдер аз ба? Мүлде олай емес. Бұл кемшілік бар техниканы толық пайдаланбаудан болып отыр. Ауыл шаруашылығы механизаторларының жуырда болып өткен республикалық кеңесінде айтылғандай, көптеген колхоздарда бұл машиналар өте нашар пайдаланылады. Қоймада жатқан немесе бұзылып қалған агрегаттар мен механизмдердің саны аз емес. Бұл сияқты кемшіліктерді, яғни техникаға ұқыпсыз қараушылықты үзілді-кесілді жою керек.

Сонымен қатар республикалық кеңесте колхоз өндірісін толық механикаландыру жөніндегі бағалы бастамалар да айтылды. «Казсельхозтехниканың» Жамбыл облысындағы Жуалы аудандық бөлімі мал шаруашылығын толық механикаландыру үшін арнаулы топ құрып, бір жылдың ішінде 27 ферманың 25-інде сиыр сауу жұмысын

механикаландырды. Оның үстіне 5 шошқа фермасында жем механозаторлардың өздері жасап шығарған транспортердің көмегімен берледі. Бұл механозаторлар коллективі ауданның барлық фермалары дағы еңбекті таяудағы жылдарда толық механикаландыру міндет алға қойып отыр. Бұл игілікті бастаманы кеңеске қатысқандар бауыздан мақұлдап, өздерінің қабылдаған үндеуінде осы жаңалықты барлық жерде де кеңінен тарату қажет деп тапты.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың қажетті шарттарының бірі егіншілік пен мал шаруашылығының ғылыми негізін жетілдіру болып табылады. Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде және Орталық Комитеттің март Пленумында сол сияқты ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірнеше аймақтық кеңестерінде шөп танапты егіс жүйесін қатты сынға алып, отамал егіс жүйесінің экономикалық пайдасы зор екенін дәлелдеп берді.

Осыған орай март Пленумы өзінің қаулысында егіншіліктің шөп танапты жүйесін ғылыми тұрғыдан алғанда дерексіз, социалистік ауыл шаруашылығы үшін жарамсыз болғандықтан қатты айыптады. «Егіншіліктің шөптанапты жүйесінен,— делінген Пленум қаулысында,—неғұрлым интенсивті жүйелеріне батыл көшу керек, жердің пайдаланылуын түбегейлі жақсартуға, жемшөптің молшылығын қамтамасыз етуге, қажетті мөлшерде астық, ет, сүт және басқа өнімдерді өндіруге мүмкіндік беретін мол өнімді отамалы және бұршақты дақылдарды—жүгеріні, қант қызылшасын, сәбізді, асбұршақты, жем бұршақты егіске кеңінен енгізу керек».

Дұрысын айтқанда, шөптанапты егіншілік жүйесі біздің республиканың ауыл шаруашылығына да орасан зор зиян келтірді. 1960 жылы республикамызда 3932 мың гектар егістік жерге немесе егістік жердің 12 процентіне көпжылдық және біржылдық шөп егілді, ал 4137 мың гектар жерге яғни егістіктің 12,6 процентіне таза пар айдалды. Осының өзінен-ақ отамалы егіс жүйесіне көшудің қаншалықты тиімді екенін айқын аңғаруға болады.

Қолхоздар—шаруашылықты ұйымдастыру түрі ғана емес, сонымен қатар ол қоғамдық өмірдің де тиімді түрі. Шаруалардың социалистік жаңа өмірінің бейнесі осы негізде туған-ды. Н. С. Хрущев жолдас партия Программасы туралы жасаған баяндамасында: қолхоздар совет шаруалары үшін тәрбие мектебі болып келгенін, олар ғасырлар бойы қалыптасқан жеке меншікшілдік әдеттерді жоюға көп жағынан көмектесіп, шаруаларды коллективтік еңбекке және ірі шаруашылықты қоғамдасып жүргізуге дағдыландырғанын айтты.

Бүгінгі таңдағы қолхозшы шаруалар қолхоздан тыс өмір сүруді ойға да алмайды. Олар қолхоз ісін өзінің ісін деп санайды. Шаруалар қолхоздың егіс даласында және фермаларында коммунизмдегі еңбек етіп, өмір сүруді үйренуде. Өнеркәсіп жұмысшыларының коммунистік еңбек бригадасы мен екпіндісі атағын алу үшін жарысу жөніндегі игі бастамасы осы күннің өзінде-ақ қолхоздарда кең өрістеді. Жамбыл облысындағы Қордай ауданының қолхоздарында ғана сондай бригадалардың саны 40-қа жуық болып отыр. Осы ауданның Ленин атындағы қолхозында мал фермаларының барлық коллектив коммунистік еңбек фермасы атағын алу үшін күресуде. Сол облыстың Жамбыл ауданындағы Партияның XXII съезі атындағы қолхозда Мария Мор бастаған коммунистік еңбек звеносы өткен жылы қажырлы еңбек етудің нәтижесінде қант қызылшасынан мол өнім алды. Бұл звеноның құрамындағы онбір қыз өздеріне бекітілген 30 гектар қант қызылшасының әрбір гектарынан 553 центнерден өнім жинады. Былайша айтқанда, бұлардың жинаған өнімінен 15 700 пұт қант алынады.

Коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін жарысқа түсушілердің саны кәзір көбейе түсуде. Мұндай атақ алу жолындағы күрес

ке бригада мен звенолар ғана емес, бүкіл колхоз болып қатысуда. Республикамызда ондай колхоздардың саны ондап есептеледі. Шығыс Қазақстан облысындағы Большенарым ауданының Калинин атындағы колхозы, Жамбыл облысындағы Қордай ауданының «Трудовик» және «Искра Ленина» колхоздары, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Ильич ауданының «Заря коммунизма» колхозы тағы басқа көп колхоздар коммунистік еңбек атағын алу үшін күресуде.

Партия, комсомол ұйымдары жаңа жағдайда колхозшы шаруаларға тәрбие беру жұмысын едәуір жандандырды. Олар шаруалардың коммунистік саналылығын арттыру жөнінде жанжақты жұмыс жүргізуде. Жаңа Программда тәрбие жұмысына экономикалық жағынан дамудың да үлкен әсер ететіні айтылған. Жалпыхалықтық меншікке жақын нышанның бірі болып саналатын колхоздың бөлінбес қорының өсуі—шаруаларды тәрбиелеудің мықты құралы. Колхоздың бөлінбес қоры өссе, оның қоғамдық байлығы артады, дамындау жүйесі арқылы бүкіл қоғамның игілігіне қосылып, жалпыхалықтық меншікке айналатын өнімнің үлес салмағы молая түседі. 1936—1960 жылдардың ішінде республикамызда колхоздардың бөлінбес қоры 40 есе молайып, 1960 жылы оның жалпы сомасы 1120 миллион сомға жетті. Осы айтылған мерзімде колхоздардың мемлекетке өткізген өнімінің мөлшері де әлденеше рет артты.

Екінші жағынан мемлекеттің колхоздың кірісін құрастырудағы атқаратын ролі де күшейді. Программда атап көрсетілгендей, социалистік мемлекеттің колхоздар жөніндегі саясаты жалпыхалықтық мүдделерді колхоздар мен колхозшылардың өз еңбегінің нәтижесіне материалдық жағынан ынталы болуымен ұштастырып отыруға негізделді. Мемлекет колхоз құрылысының өндіргіш күштерін өсіруге, барлық колхозды экономикалық жағынан өрге бастыруға жәрдемдесіп отыратын болады. Сонымен қатар колхозшы шаруалардың коммунистік қоғамға қосатын үлесі де артып отыруға тиіс.

Колхозшы шаруаларға экономикалық ықпал арқылы коммунистік тәрбие беруде еңбекке ақы төлеуді жетілдіре беру ісі де шешуші роль атқарады. Колхоздар келешекте бірте-бірте еңбекке ақыны ақшалай төлеу жүйесіне көшуі керек. Өйткені, ол—еңбекке ақы төлеудің прогрессивті түрі. Сонымен қатар шаруалар табысының мөлшері келешекте совхоз жұмысшылары табысы мөлшеріне жақындайды. 1960 жылы республикамызда 200-ге жуық колхоз еңбекке ақыны ақшалай төлеуге көшті. Еңбекке ақы төлеудің бұл тәртібі колхозшылардың сана-сезімін, іске ынталылығын көтеруге көмектеседі. Колхозшылар ақшалай ақы алғаннан кейін, бұрынғыдай екі-үш жылдық астық қорын сақтауды қойды.

Алайда, біздің республикада еңбекке ақыны ақшалай төлеу жүйесіне көшу ісі РСФСР, Украин ССР және басқа республикаларға қарағанда едәуір баяу жүргізілуде. Ал, колхозшылар табысының мөлшерін совхоз жұмысшылары табысы мөлшеріне жақындату жөнінде Қазақстан басқа республикалардың алдында болып отыр. Кәзір республикада колхозшылар табысының орта мөлшері одақ көлеміндегі орта мөлшерден екі есе дерлік көп. 1960 жылдың басында колхоздардың 70 проценті совхоздармен салыстырғанда адам күніне ақыны орта есеппен 10—20 процент қана кем төледі. Егер жалпы одақ көлемінде совхоздардың адам күніне ақы төлеу дәрежесіне колхоздардың небәрі 8 проценті жетсе, Қазақстанда 24 проценті жетті. Мұнымен қатар республикамыздың көптеген колхоздары колхозшылар еңбегіне ақыны совхоздардағыдан артық төлеуде.

Алдағы уақытта да колхозшыларды өнімді еңбек етуге ынталандыру принципі дәйектілікпен жүзеге асырыла береді. Партиямыздың Орталық Комитетінің март Пленумы бұл мәселеге ерекше мән

берді. «Барлық колхоздарда,—делінген Пленум қаулысында,—еңбекке төленетін ақының есебіне ай сайын аванс беріп отырудың белгіленген тәртібінің қатаң сақталуы, өндірістің өркендеп, еңбек өнімділігінің арта түсуіне қарай колхозшылардың, совхоз жұмысшылары мен мамандардың еңбегіне төленетін ақының ұдайы өсіп отыруы қамтамасыз етілсін. Колхоздарда қосымша ақы төлеуді және совхоздарда кесімді-сыйлық ақы төлеуді неғұрлым кеңінен қолдану керек».

Колхозшылардың қоғам шаруашылығында ғана еңбек етіп, өздерінің өнімсіз жеке меншікті қосалқы шаруашылығынан қол үзуді олардың өміріндегі үлкен жаңалық болып табылады. Бұл—заңды құбылыс. Өйткені, колхозшының жеке қосалқы шаруашылығының маңызы еліміздің өмірінде де, сондай-ақ әрбір колхозшы семьясының тұрмысында да кеміді. Біздің республикада колхозшының жеке қосалқы шаруашылығында 1953 жылы жалпы егіс көлемінің 1,1 проценті болса, 1959 жылы ол 0,05 процент болып азайды. Ал, 1951 жылы республикамыздың колхозшылары өздерінің жеке меншігіндегі 307,2 мың іріқара мен 159,9 мың қой-ешкісін және 16,8 мың шошқасын өз еркімен колхозға сатты. Үй іргесіндегі учаскелерінің көлемін азайту туралы тілек білдірген колхозшылар да аз емес.

Колхозшылардың көптеген тұрмыстық талап-қажеттерін қоғамдық орындардың өтеуі коллективтілік сезімді күшейтеді. Өйткені, жеке колхозшының түрлі қажеттері жөнінде коллективпен байланысы күшейі береді. Екінші жағынан, қоғамдық дәулет неғұрлым өскен сайын, әрбір колхозшыға соғұрлым пайдалы екендігі айқын аңғарылады.

Қазір шаруалардың тұрмыс қажетін өтеуде колхоздардың қоғамдық шаруашылығы белді орын алады. Қоғамдық тамақтандыруды, балалар тәрбиесін, бұқараның жақсы демалуын ұйымдастыру колхоздардың төл ісіне айналды.

Бұл жөнінде көптеген мысал келтіруге болады. Шығыс Қазақстан облысы, Большенарым ауданының Калинин атындағы колхозында (председателі Н. Лозовой жолдас) шаруалардың кино көру, радиотындау, электр жарығын пайдалану ақысын колхоз басқармасы қоғамдық қордан төлейді. Егіс басында жұмыс істегендер күніне үш рет тегін тамақтандырылады. Ал селода жұмыс істейтіндер үш түрлі тағамнан құралатын түскі асты 23 тиынға сатып алады. Колхозда нау байхана бар. Балалар яслиіне ақы төленбейді. Колхозшылар жыл сайын демалыс алады, олардың қартайғандарына пенсия беріледі, ауырғандарға жәрдем беріледі. Қорытып айтқанда, колхозшылар әлеуметтік қамсыздандыру шарасының бәрімен пайдаланады. Колхозда 7 сағаттық жұмыс күні жүзеге асырылды.

Колхоздық демократияның өрістеуінің де шаруаларды коммунизм рухында тәрбиелеуде маңызы зор. Колхоз—нағыз демократиялық ұйым. Өйткені, колхозшылар өндірісті басқару ісіне кең қатысады. Соңғы жылдары колхозшыларды басқару ісіне қатыстырудың жаңа түрлері—өкілдер жиналысы, бригаданың Советі тағы басқалар өріс алуда. Мұнымен қатар колхозшыларды тұрғын үй, жол құрылысы, ауыл-сел мен елді пункттерді көгалдандырып, көркейту мәселесімен шұғылданытын әртүрлі комиссиялардың жұмысына қатыстыру ісі де колхоздарды қолға алына бастады. Мұның бәрі колхозшылардың творчестволы инициативасын көтереді және оларды коммунизм рухында тәрбиелейді.

Бүкіл совет халқы сияқты Қазақстанның колхозшылары да XX съезд шешімдері мен март Пленумының қаулысын іс жүзіне асыру үшін күресе отырып, колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан онан әрі нығайта түсетіні, сөйтіп коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға орасан зор үлес қосатыны күмәнсіз.

Партия тұрмысы

Ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты жақсартайық

С. ҚҰСАЙЫНОВ,

Шортанды аудандық партия комитетінің секретары

Біздің ауданның еңбекшілері де партия Орталық Комитеті март пленумының шешімдерін зор қуанышпен қарсы алды. Пленум бізге ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты жақсарта берудің, ауыл шаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау жөнінде партияның XII съезінің шешімдері мен жаңа Програмада көрсетілген міндеттерді орындаудың нақты жолдарын көрсетіп берді.

Ауданның колхоздары мен совхоздары, партия ұйымдары ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің Целиноградта болып өткен кеңесінде және Орталық Комитеттің март Пленумында Н. С. Хрущев жолдастың берген ақыл-кеңестеріне сүйене отырып, өз мүмкіндіктерін қайта қабылдап, жаңа міндеттемелер қабылдады.

Біздің колхоздар мен совхоздар ең алдымен егіс құрылымын өзгертіп, отамалы дақылдардың—жүгері, бұршақ, қызылша сияқты мол өнімді дақылдардың егісін көбейтуге бағыт ұстап отыр. Егістің шөпталпы жүйесін қолданудың салдарынан ауданның колхоздары мен совхоздарында 26 мың гектардан астам құнарлы жерге көп ұағаттан бері біржылдық және көпжылдық шөп егіліп келді. Колхоздар мен совхоздар биылдан бастап, шөпталпы жүйеден бас тартып отыр. Егер өткен жылы біздің ауданда таза пар барлық егістік жердің 19 проценті болса, биыл ол 5 процентке дейін қысқартылады.

Биыл колхоздар мен совхоздардың егіс даласында жүгері егісінің өлемін 20 мың гектарға (бұл өткен жылғыдан екі есе көп), бұршақ егістерін 10 мың гектарға (өткен жылғыдан отыз есе көп), қант қызылшасын 800 гектарға (өткен жылғыдан он есе көп) жеткізу мақсаты қойылып отыр.

Егіс құрылымының өзгертілуі колхоздар мен совхоздардың астық-өсімдік көп алуын, сонымен бірге қоғамдық мал үшін берік жемшөп қорын жасауын қамтамасыз етеді. Егер өткен жылы біз мемлекетке 5,8 миллион пұт астық тапсырған болсақ, биыл мемлекет қоймасына 7,9 миллион пұт астық құю жоспарланып отыр. Осымен бірге аудан еңбекшілері биыл мемлекетке 3 600 тонна ет, 13 мың тонна сүт, 203 тонна жүн, 5 миллион жұмыртқа сатуға міндеттеме алды. Бұл өткен жылғыдан көбірек. Ауданның көптеген шаруашылықтары партияның март пленумы алға қойып отырған міндеттің дәрежесіне—егістік жердің бір жүз гектарына шаққанда 75 центнерден, қалған жердің әр жүз гектарынан 16 центнерден ет алу дәрежесіне 1966 жылы толық жетеді. Қазір партия ұйымдары, аудан коммунистері еңбекшілерді міндетті орындауға жұмылдыруда.

Алынған міндеттеменің, белгіленген жоспардың орындалуы ең алдымен ұйымдастыру жұмысының дәрежесіне, колхоздар мен совхоздарға басшылықтың дәрежесіне байланысты екенін аудандық партия

комитеті жақсы біледі. Біз барлық партия ұйымдарының назар кадрларды дұрыс іріктеп алып, орналастыруға, олардан өздеріне тағайындалған істің тағдырын қатаң талап етуге, әсіресе ауыл шаруашылығы өндірісін ұйымдастыруда мамандардың ролін арттыра беріп аударып отырмыз.

Партияның Орталық Комитеті Н. С. Хрущев жолдастың бастамасы бойынша колхоздар мен совхоздарға басшылықты жақсарту мақсатына шараларын қолға алды. Колхоз, совхоз өндірісіне басшылық ететін басқармалар құрылды. Олардың жанында партия ұйымдастырушылары бар. Олар партия ұйымдарына ауыл шаруашылығы өндірісіне басшылықты жақсартуға, еңбекшілерді партия алға қойып отырған міндеттерді орындау күресіне жұмылдыруға зор көмек көрсетеді. Еңбекші басқармалары колхоздар мен совхоздарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтайды, оларды маман кадрлармен қамтамасыз етеді, ауылшаруашылық өндірісін жоспарлауға көмектеседі.

Қазіргі жағдайда ауылшаруашылық өнімдерін молайтудың, колхоздар мен совхоздардың экономикасын көтере берудің ең бай мүмкіндігі озат тәжірибені, ғылым жаңалығын кеңінен пайдалану болып отыр. Біз ауыл шаруашылығына партиялық басшылықты жақсарту шаралары сөз еткенде ең алдымен осы мәселелерді дұрыс шешуді, жеткілікті ұйымдастыруды нысанаға аламыз. Партияның Орталық Комитеті колхозшыларға, совхоз жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының мамандарына, коммунистер мен комсомолецтерге жолдаған Үндеуінде «Ауыл шаруашылығы өндірісінің дәрежесі сайып келгенде техникамен қалай пайдаланылатынына, ғылым жетістіктері мен озық тәжірибесін қалай енгізілетініне байланысты» деп көрсетті.

Біздің ауданда егістік жердің әрбір гектарынан тұрақты жоғары өнім алып келе жатқан шаруашылықтар, жеке еңбек озаттары кездеседі. Біз кәзір партия ұйымдарының назарын барлық еңбекшілерді еңбек озаттарының тәжірибесіне үйретіп, солардың қол жеткен табыстарының дәрежесіне жету мақсатын қойып отырмыз. Бізде өткен жылдың өзінде жүгері, бұршақ сияқты бағалы дақылдардан мол өнім алған шаруашылықтар, жеке бригадалар мен звенолар бар. Мысалы, Қазығұлы ауданындағы совхоздың Иосиф Явный жолдас басқарған звеносы 81 гектар жүгеріден 600 центнерден сүрлемдік көк балауса алды. Осы совхоздың Ильич Богач жолдас басқарған звеносы бұршақтың гектарына 14 центнерден өнім алды. Ауданның колхоздары мен совхоздары озат жүгерішілер мен бұршақ өсірушілердің тәжірибесін қолдана отырып, биыл сүрлемдік жүгеріден 300—600 центнерден, бұршақтың гектарынан 13—14 центнерден өнім алуға міндеттеніп отыр.

Алған міндеттемені орындау үшін партия ұйымдары еңбекшілерді социалистік жарысын дұрыс ұйымдастырып, оның жариялылығын қатаң тамасыз етіп отыруға тиіс. Аудандық партия комитеті еңбекшілердің жарысын өрістету мақсатымен бірсыпыра шараларды жүзеге асырып бастады. Бізде егіншілік пен мал шаруашылығында жақсы нәтиже жеткен шаруашылықтарға беріліп отыратын ауыспалы Қызыл ту белгіленген. Ол жарыс озаттарына айына бір рет тапсырылып отырады. Мұнымен бірге Құрмет кітабы және Еңбек даңқының кітабы ашылады. Оған аудандық партия комитеті пленумының және аудандық Совет атқару комитеті сессиясының қарары бойынша еңбек озаттары жағалады. Ал, осы пленум мен сессияға еңбек озаттарының өздері де қатыстырылып, олар аудан активіне өздерінің тәжірибесін айтып беріп отырады.

Аудандық партия комитеті көктемгі егіс, егін жинау және басқа да ауыл шаруашылық жұмыстардың кезінде әрбір 5 күн сайын жарыс бюллетені шығарып отырады. Онда әрбір бригаданың, бөлімшенің, колхоздың, совхоздың істеген жұмыстары, қол жеткен нәтижелері жеке-жеке көрсетіледі.

сетіледі. Мұның өзі басшы қызметкерлерге істің барысына талдау жасап отыруға көмектеседі.

Біз социалистік жарыстың жариялылығын қамтамасыз етудің басқа түрлерін де қолданамыз. Мысалы, еңбек озаттарын жиналыстарда құттықтаймыз, олардың туған күнін, үйлену тойын салтанатпен өткізіп тұрамыз. Мұндай шаралардың бәрі бұқараның қоғамдық еңбекке деген ынтасын арттыра түседі.

Социалистік жарысты ұйымдастыру кейбір игі нәтижелерге жеткізді. Біздің ауданның еңбекшілері партияның XXII съезінің ашылған күніне дейін сүт сауу, зябь жырту жөніндегі міндеттемелерін орындап шықты. Әсіресе «Қазақстанның XVIII жылдығы» колхозының, Шортанды совхозының коллективтері съезд қарсаңындағы жарыста жақсы табыстарға жетті. Олар мемлекетке ет, сүт, жұмыртқа және жүн тапсырудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Өткен жылы ауданның колхоздары мен совхоздары мемлекетке ет, сүт, жұмыртқа сату жоспарын толық орындады, сонымен бірге мал санын өсіру жоспары да орындалды. Колхоздар мен совхоздар биылғы жылдың егісіне сапалы, сортты тұқымды күн бұрын әзірледі.

Соңғы кезде аудандық партия комитеті партия ұйымдарына басшылық жұмысының әдістерін біраз өзгертті, біз кадрларды тәрбиелеуге, қатардағы жұмысшылар мен колхозшылар арасында жұмыс жүргізуге баса көңіл бөлетін болдық. Бұл үшін аудандық партия комитеті ең алдымен түрлі мәжілістерді азайтты. Шаруашылық басшылары мен партия ұйымының секретарьларын аудан орталығына шақырып мазадай бермей, олардың ұйымдастыру жұмысын жүргізуіне жағдай жасадық. Мұның орнына аудандық партия комитетінің бюро мүшелері, секретарьлары бастауыш партия ұйымдарында жиі болып, олардың жұмысына, шаруашылықтың пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерін ашып пайдалануға қолма-қол көмектесетін болды.

Біз аудандық комитеттің бюро мәжілістерін тікелей колхоздар мен совхоздарда өткізу практикасын қолданып жүрміз. Мұның өзі шаруашылық мәселелерін шешуге қатардағы коммунистердің, механизаторлардың, мал өсірушілердің кеңінен қатынасуына жағдай жасады. Әдетте шаруашылық орталығында өткізілген бюро мәжілісінде қаралған мәселе егжей-тегжейлі талқыланып, неғұрлым дұрыс шешіледі. Мұндай шешімнің артында елеулі із қалдыратынын тәжірибе көрсетіп жүр.

Аудандық партия комитетінің пленумдарында жеке бастауыш партия ұйымдарының жұмысы туралы мәселе талқылаудың жақсы нәтиже беретінін байқадық. Мысалы, соңғы кездің өзінде біз пленумда ҚазЦИК атындағы совхоз партия ұйымының секретары Еланский жолдастың, «Қазақстанның XVIII жылдығы» колхозы партия ұйымының секретары Пахотных жолдастың баяндамаларын пленумда талқыладық. Бұл партия ұйымдарының жұмысына жанжақты талдау жасау олардың өздеріне елеулі көмек болумен бірге басқаларға сабақ болды.

Кәзір бастауыш партия ұйымдарының жұмысы бұрынғыдан едәуір жақсара түсті. Әсіресе шаруашылықтың шешуші буындарында істейтін коммунистердің саны артты. Мысалы, өткен жылы Шортанды совхозында егін шаруашылығында 27 коммунист, мал шаруашылығында 6 коммунист ғана жұмыс істесе, биыл шаруашылықтың бұл салаларында 45 коммунист жұмыс істейді. Осымен бірге партия қатары тікелей өндірісте істейтін жұмысшылар мен колхозшылардың есебінен өсіп келеді. Өткен жылы ғана ауданның партия ұйымдары 79 еңбек озатын партия мүшелігіне кандидат етіп, 57 кандидатты партия мүшелігіне қабылдады. Партия мүшелігіне кандидат болып қабылданғандардың 38-і әйел. Олардың ішінен еңбекте жақсы өнеге көрсетіп жүрген сауыншылар: Гусарова, Қасенова, Иванова, Қожа-

ниязова, құрылыс-монтаж басқармасының сылақшысы Ершова, дәрігер Қокоткина және басқаларды атап көрсетуге болады.

Біздің шаруашылық жұмыстарында кейбір табыстарға жетуімізге партия жұмысында қоғамдық негіздің кең өрістеуі және партия активі қатарының өсуі де едәуір көмектесті. Аудандық партия комитетінің жұмысында штаттан тыс он нұсқаушы және үш бөлім жұмыс істейді. Осымен бірге барлық совхоздар партия ұйымдарында да әкімшіліктің жұмысын бақылайтын қоғамдық негіздегі комиссиялар ұйымдастырылған. Бұлар мемлекет қаржысының дұрыс жұмсалуын, өнімдердің түсер құнының кемітілуін, техниканың дұрыс сақталып, тиімді пайдаланылуын, озат тәжірибенің өндіріске енгізілуін, мемлекеттік жоспарлар мен міндеттемелердің орындалуын бақылап, бұл жөніндегі кемшіліктерді жоюда партия ұйымдарына нақты көмек көрсетіп келеді.

Ұйымдастыру және саяси жұмыстарын жақсарту бөлу, біздің жұмысымызға партия активін кеңінен тарту мақсатымен біз бастауыш партия ұйымдарында оқтын-оқтын есеп беріп отыруды дағдыға айналдырдық. Аудандық партия комитеті февраль айында бірнеше ірі партия ұйымдарында коммунистер алдында есеп берді. Қатардағы коммунистер, актив аудандық партия комитетінің жұмысындағы кемшіліктерді ашып, бізге ұйымдастыру, саяси жұмыстарды өрістетуге елеулі көмек көрсетті.

Шаруашылыққа партиялық басшылықты жақсарту беруде ескеретін бір жағдай—әрбір колхоз бен совхоздың жағдайын, ондағы басшы кадрлардың ерекшеліктерін ескеріп, мәселені нақты шешу. Мұнда «Подлесный» совхозының мысалы арқылы көрсетуге болады. Бұл шаруашылық соңғы кезге дейін артта қалып келді. Қолхоз басқармасының председатели Попов және партия ұйымының секретары Қирпичев жолдастарды әрбір мәжіліс немесе жиналыс сайын сынауға тура келді. Шаруашылық басшыларын үнемі сынай беру олардың инициативасын төмендетіп, жігерін жасытып келгені байқалды.

Соңғы кезде біз бұл шаруашылыққа көмектесуде басқаша әдіс қолдандық. Бастауыш партия ұйымы мен колхоз басқармасының жұмысындағы жылт етер жақсы ісін атап көрсетумен бірге, шаруашылықты ұйымдастырудағы кемшілікті түзетуге жергілікті жердің өзінде қолма-қол көмектестік. Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі ескі рет колхоз орталығының өзінде өткіздік. Оған колхоз активі мен коммунистерді, озат колхозшыларды шақырдық. Бюро мәжілістерінде ұйымдастыру және саяси жұмыстардағы кемшіліктер терең ашылып, оларды жоюдың нақты шаралары белгіленді. Бұл шараларды аудандық партия комитетінің бюро мүшелері, колхоз активі, коммунистер болып бірлесе отырып жүзеге асырды.

Осындай көмектің нәтижесінде «Подлесный» совхозы өткен жыл ет, сүт алу жоспарын, сол сияқты мал өсіру жоспарын толық орында шықты. Совхоз биылғы жылдың егісіне жерді, тұқымды толық әзірледі. Мал қыстатуды да ойдағыдай аяқтап келеді.

Аудан партия ұйымдары партияның XXII съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, идеологиялық жұмыстың мазмұнын байыта, түрлері мен әдістерін жетілдіре түсті. Біз партия насихатында ең алдымен кадрлардың экономикалық білімін көтеруге, колхозшылар мен жұмысшылардың мамандығын арттыруға көбірек көңіл бөлдік. Партия оқуы жүйесіне қатардағы жұмысшылар мен колхозшылар көбірек тартылды. Қазір партия оқуына коммунистерден басқа партияда жоқ 231 жұмысшы, колхозшы қатысып жүр.

Партия ұйымдары озат тәжірибе мектептерінің жұмысын ұйымдастыруға да ерекше көңіл бөліп келеді. Озат тәжірибе мектептері терең келей озат шаруашылықтардың өздерінде ұйымдастырылған. Бұл мектептерде колхозшылар, жұмысшылар, актив Малашенконың қойды

көшілетіп қоздату тәжірибесін, шошқаны топқа бөліп бордақылаудың, мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландырудың, жүгерінің механизм күшімен күтіп-баптап өсірудің әдістерін үйренуде.

Озат тәжірибе мектептерінің жұмысы елеулі нәтижелерге жеткізуде. Оны мына мысалдардан айқын көруге болады: мысалы, 1959 жылы ауданның шаруашылықтары барлығы 4284 центнер ғана шошқа етін мемлекетке өткізсе, өткен жылы 10 мың центнердей шошқа етін өткізді. Бұл жөнінде әсіресе ҚазЦИК атындағы совхоз бен «Қазақстанның VIII жылдығы» колхозы елеулі табыстарға жетті. Сонымен бірге әрбір сиырдан алынатын сүт екі есеге жуық артты. Өткен жылы біздің колхоздар мен совхоздар әрбір сауын сиырдан орта есеппен 2218 литрден сүт сауды.

«Қазақстанның XVIII жылдығы» колхозында ұйымдастырылған мал фермаларындағы жұмыстарды механикаландыру жөніндегі озат тәжірибе мектебінің жұмысы да жақсы нәтижеге жеткізді. Мектепке колхоздар мен совхоздардың басшылары, мамандары, мал өсірушілері қатысып жүр. Мұнда сиырды электрмен сауу әдістері, қолдан ұрықтандыру тәсілдері де үйретілді. Егер 1960 жылы біздің ауданда барлық фермада сиыр электрмен сауылатын болса, кәзір 28 фермада сиыр электрмен сауылады, барлық шаруашылықтарда да малды қолдан ұрықтандыру пункттері жұмыс істейді, сабанды және басқа шөпті малға жұғымды етіп, әзірлеп беру әдістері игерілді.

Партия ұйымдарының адамдар арасындағы тәрбие жұмысын жақсартуы, озат тәжірибе мен ғылым жетістіктерінің колхоз, совхоз өндірісіне жаппай енгізілуі, кадрлардың дұрыс орналастырылып, оларға жаппай күшейтілуі, ұйымдастыру жұмысының жандана түсуі елеулі нәтижеге жеткізді. Кәзір бізде шаруашылық жөнінен артта қалған колхоз бен совхоз жоқ. Бір кезде Шортанды, «Андреев», «Подлесный» колхоздары өздерінің өндірістік жоспарларын орындай алмай келген еді. Сол сияқты аудан да мемлекеттік тапсырманы озат шаруашылықтардың есебінен ғана орындап келген еді, өткен жылы ауданның барлық шаруашылықтары да өндірістік жоспарды толық орындап шықты.

Аудан еңбекшілері партия Орталық Комитетінің март Пленумын толықты табыстармен қарсы алды. Биылғы жылдың бірінші тоқсанынан жоспарын мемлекетке ет сату жөнінде 115 процент, жұмыртқа сауды жөнінде 162 процент орындадық. Колхоздар мен совхоздардың механизаторлары 1 мартқа дейін тракторлар мен тіркеу саймандарын толық жөндеп болды. Аудан механизаторларының бұл қажырлы еңбегі жоғары бағаланды, біздің ауданға облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Колхоздар мен совхоздардың еңбекшілері көктемгі егісті қысқа мерзімде, жоғары агротехникалық дәрежеде өткізіп, биылғы мол өнімнің берік негізін қалауға бел байлап отыр.

Ауданның партия ұйымдары колхоздар мен совхоздарға басшылықты жақсартып отырып, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының мәдениетін, өнімділігін арттыра беру үшін тынбай күрес жүргізеді.

Коммунистік жарыс және газет

Ұлы Отанымыздағы сияқты біздің республикада да алуан салт өнеркәсіп қанатын кеңге жая, алып адыммен алға басып келеді. Жылдың басынан бері республикамызда төрт жүзден аса кәсіпорын мен цех салынып, іске қосылды. Осы уақыт ішінде шойын, күшкер, шифер өндіру, экскаваторлар, көтергіш крандар, ұста-пресс машиналарын, сүйретпе стандартың жаңа түрлерін, конденсаторлар және тағы басқа өнімдер шығару Қазақстанда тұңғыш рет игерілді.

Қазақстан өнеркәсібінің болашағы бүгінгісінен де зор. Өйткені республикамызда табиғат байлығы ұшан-теңіз. Минералдық шикізаттың байлығы жөнінен Қазақстанға біздің елде ғана емес, тіптен дүние жүзінде тең келер жер жоқ. Міне, осы байлық—кәзір халық игеруі үшін кеңінен игеріле бастады.

Партияның жаңа Программасы совет халқының басты экономикалық міндетін белгілеп берді. Ол — жиырма жылдың ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау. Бұл міндеттің орындалуына Қазақстан өнеркәсібі елеулі үлес қосады. Жиырма жыл ішінде республика индустриясы бұрын-соңды болмағандай қарқынмен өркендейді. Совет Одағын тұтас алғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 1960 жылдан 1980 жылға дейін алты есе өсетін болса, Қазақстанда ол 12,7 есе өспек. Революциядан бұрынғы екі жыл ішінде Қазақстанда қанша өнеркәсіп өнімі шығарылса, республикамызда 1980 жылы әр күн сайын сонша өнеркәсіп өнімі өндіріледі.

Партиямыздың XXII съезінің тарихи шешімдерінде, жаңа Программада алға қойылған ұлы міндеттерді абыроймен орындау жолындағы жарыс—бүкіл халықтың ісіне айналды. Мұны біздің республикамысалынан-ақ айқын көруге болады.

Өткен екі жыл ішінде коммунистік еңбек жолындағы жарысқа қатысушылардың саны республикамыздың кәсіпорындарында 220 мың адамнан 560 мың адамға дейін көбейді. Кәзір Қазақстан өнеркәсіп орындарының, құрылыстары мен совхоздарының 857 коллективі Коммунистік еңбек кәсіпорны деген құрметті атаққа ие болу үшін жарысты барынша өрістетіп келеді.

Партия, оның Орталық Комитеті коммунистік жарыстың жаңа дәуіріне әрқашан үлкен маңыз беруде. Сондықтан да коммунистік жарысты барынша кең өрістету жолында коллективтік үгітші, насихатшы ұйымдастырушы болу—республика баспасөзінің айбынды міндеті.

Баспасөз — коммунистік жарыстың шын мәніндегі жаршысы болуға тиіс. Әсіресе, өнеркәсіпті орталықтарда материалдық игілікті жасалып жатқан өндірісті жерлерде жұмысшылардың, мамандардың өз қолымен, белсене қатысуымен шығатын қалалық газеттердің де басты тақырыптарының бірі — коммунистік жарыс. Міне, осындай маңызды мәселеге арналған материалдарды «Жезқазған жұмысшы газетінің бетінен жиі оқуға болады.

Жезқазған—республикамыздағы мыс алыбы. Оның кеншілері байытушылары елімізге руданы да, концентратты да жылдан жылға

көп беріп келеді. Ал, Жезқазған құрылысшылары үлкен Жезқазған үшін, оның алуан түрлі, қуатты кәсіпорындарын тез салу үшін күресуде. Газет, міне осылардың жарысын кең қамтып, жанжақты жазып келеді.

Газеттің биылғы 6 январь күнгі номерінде Жезқазғандағы № 2 Құрылыс фабрикасын салып жатқан құрылысшылар мен монтажшылар коллективінің жаңа міндеттемесі жарияланды. Олар 1962 жылы коммунистік жарысты мейлінше өрістетіп, фабриканың бірінші кезегін үкімет белгілеген мерзімнен бір ай бұрын — 1962 жылдың 15 августында іске қосуға, құрылыс құнын 0,5 процент кемітуге және басқа көрсеткіштерді жақсартуға міндеттенді. Фабрика құрылысшылары мен монтажшыларының бұл тамаша бастамасын Жезқазған қалалық және Қарағанды облыстық партия комитеттері мақұлдап қаулы алды. Барлық кәсіпорын, құрылыс ұйымдарының коллективін бұл патриоттық бастаманы қолдауға, 1962 жылды табыспен аяқтау жолындағы коммунистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырды.

Міне, бұл мәселе газеттің жыл басынан бергі әр номерінен елеулі орын алып келеді. Осылай болуға да тиіс. Газет жақсы бастаманы көптің қостауын көздеуі керек. «Жезқазған «жұмысшысы» газетінен іске қосылатын объектілерде», «Фабриканың бірінші комплексінің іске қосылуына ...күн қалды!» деген рубриканы жиі кездестіресіз. Бұл рубрикалармен берілген материалдар коммунистік жарыстың барысын, қабылданған міндеттеменің орындалуын, табысқа жеткізген жақсы тәжірибелерді көрсетеді. Коммунистік жарыс жайында хабарлар, суреттемелер, тікелей өндіріс алаңынан репортаждар, жарыс озаттарының, өндіріс командирлерінің мақалалары берілуде.

Құрылысшылардың жаңа міндеттемесі, Жезқазған қалалық партия комитетінің осы жайындағы қаулысы жарияланған номерде «Уәде бердік, сөзімізде тұрайық!» деген мақала басылды. Мұнда фабрика құрылысындағы жұмыстың қарқыны мен сапасы, қолданылған жаңа әдістер айтылды. Сондай-ақ іске кедергі болған кемшіліктер сыналды. Мақала құрылысшылар мен монтажшыларды берген сертте тұруға, уәдені абыроймен орындауға шақырды.

Құрылыс қаһармандары, олардың өнегелі істері туралы газет үнемі жазып келеді. Жетіжылдықтың осы екпінді құрылысындағы жарыс озаттарының бірі Иван Байлуков жолдас. Ол басқарған бригада жұмыста жаңа қарқын туғызумен қатар, оның сапасын да үнемі жақсартып келеді. Осы бригаданың тамаша бастамасы, қол жеткен табысы туралы «Медьстрой» басқармасының прорабы Б. Әлімжанов жолдасының мақаласы берілді.

— Иван Байлуков басқаратын комсомол-жастар бригадасы, — делінген бұл мақалада, — өздері қабылдаған міндеттемені абыроймен орындап келеді. Олар жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап бригаданың әрбір мүшесі еңбек өнімділігін 12 процент арттыруын, әрқайсысы бес жаңалық ұсыныс енгізіп, өзара байланысты 2—3 маңдайлық меңгеруін ұйғарды. Бригада коллективі бұл уәделерін орындауда.

Газет 6 февраль күнгі номерде «Екпінді құрылыстың ерлері» деген мақалада: «Иван Байлуков жолдас басқарған бригада кепілдеме паспортпен браксыз, тек сапалы жұмыс істеу жөнінде тұңғыш бастама көтеріп, басқаларға үлгі көрсетті» деп жазды. Ал, осы мақалада коммунист Сейілхан Жақыпов басқарған тас қалаушылар бригадасының өнімділік үшін күресі, екі тәулік бойына үнемделген материалмен жұмыс істегені айтылды.

Мұның бәрі орынды, дұрыс.

Дегенмен, редакция қызметкерлеріне айтылатын ескертпе де бар. Иван Байлуков пен С. Жақыпов жолдастардың бастамаларын бүкіл құ-

рылысшылардың игілігіне айналдыру үшін, олардың жұмыс әдісін басқалар үйренерліктей, кеңінен көрсетіп жазу керек. Ал, осы бригаданың мүшелерінің өздеріне сөз беріп, оларға жақсы бастамалардың қалай туғанын, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудағы тәжірибелерін айтқанда, әрине, бұл нұр үстіне нұр болар еді. Алайда, редакция қызметкерлері бұған көңіл бөлмеген. Демек, коммунистік жарыс мәселесін жазған кезде, жарыс өмірге келтірген тамаша әдістерді үнемі насихаттап отыру — газеттің басты міндетінің бірі.

Коммунистік жарыс мәселесін жазғанда жұмыстың тек жақсы жағын ғана көрсетіп отыру жеткіліксіз. Сондықтан, газет жарыстың барынша өріс алуына кедергі жасап келе жатқан кемшіліктерді, олардың себебін ашып, олқылыққа жол берушілерді батыл сынауға талпынып, «Жезқазған жұмысшысы» газеті бұл жөнінде де аз материал беріп келе жатқан жоқ. Бірақ газеттің кейбір сын материалдарында кемшілікке жол берген кінәлі адамдар аталмайды. Мысалға «Қойшы кінәлі болса...» деген мақаланы алалық.

— «Медьстрой» басқармасының басшылары, — деп басталады мақала, — Реутский жолдас басқарған тас қалаушылар бригадасының барлығы өз пікірлерін сұрап қалсаңыз аузын ашып, көзін жұмып, таңқаларлыққа қағысады. Атақты, озат бригадалардың бірі деп, олардың еңбегін сүлейсіз сіне әңгімелейді.

Мұндай басшылар кім? Бұл мақалада жұмбақ күйінде қалған Реутский жолдас басқарған бригада январь айында 707 адам-сағат уақытты босқа өткізіпті. Егер осы уақытты есептесе, ол төрт адамның бір ай бойына жұмыс істемегеніне тең екен. Міне, осы кемшілікке кінәлі, мұны ашып айту қажет еді. Бұлай болмаған, озат бригадалардың жұмысына кедергі жасаған адамдар сын семсерінен қағас қалғандықтан.

Ал, газеттің соңғы екі жарым айда шыққан номерлерінде «Жезқазған жұмысшысының» дабылынан кейін» деген рубрикамен берілген материалдар өте аз. Мұның өзі, біріншіден, газеттің кейбір сын материалдарының нақты, өткір болмайтынын, екіншіден редакция қызметкерлері газетте көтерілген мәселелердің аяқсыз қалмауына назар салып отырмайтынын дәлелдейді.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының тарихи шешімдерін совет адамдарын жаңа жеңіске жігерлендіріп, оларды коммунистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуге жұмылдырды. Еңбек адамдарының бұл өрлеуін жарысты жаңа қарқынмен қыздыра отырып қол жеткен табыстарын көрсету — әрбір газеттің игі міндеті.

«Балқаш жұмысшысы» газетінің 17 март күнгі номерінде мысықтарды ұрғытушы Ә. Терлікбаев жолдастың «Бүгінгі табыс, ертеңгіге өлшеу емес» деген мақаласы басылды. Metallург өзінің осы мақаласына былай деген:

— Н. С. Хрущев жолдастың март Пленумында жасаған баяндамасын, Пленумның шешімдерін біздің сменаның коллективі де шабылмен оқып, үйренуде. Жан дүниенді байытып, асқан жігер, қажым қайрат берген осы документтер жарыққа шыққан аз күннің ішінде біздің металлургтердің жұмысында да үлкен өрлеу бар. Жұмысты бұрынғы келкі өнімді де пайдалы істеудің жорығы басталды. Қатардағы металлургтердің бастамасы бойынша еңбекке ақы төлеудің жаңа шарттары белгіленді.

Metallург Ә. Терлікбаев жолдас бұдан кейін смена коллективінің коммунистік жарыста қол жеткен табыстарын айтқан.

Коммунистік жарыстың жаңа қарқын алған, еңбекке жаңа өрлеу туғызған мұндай тарихи кезеңдерін газеттің кеңінен көрсетіп отыруы әбден орынды. Мақаланың авторы озат өндірісші Ә. Терлікбаев еңбегі ететін учаске коллективінің тамаша табысы — басқаларға өнеге болушыларлық табыс.

Коммунистік жарыс туралы жазғанда газет бетінен түспейтін бас-
ты мәселелердің бірі әрбір кәсіпорынның сапа көрсеткіштері жөнінде
қамқор болуы керек. «Балқаш жұмысшысы» газетінде (23 январь) «Іс жақсы-
дан басталды, бірақ...» деген тақырыппен мақала басылды. Газет ба-
йыту фабрикасында сапа көрсеткіштерінің нашар екені туралы орын-
ды мәселе көтерді!

Байытушылар, — деп жазды газет, — байыту-руда ұқсатудың жыл-
дық жоспарын 26 декабрьде орындады. Алайда, сапа көрсеткіштері
мұнан өте шалғай жатты. Мың тоннадай мысты төгінді сумен кетіріп
алды.

Мақалада бұл кемшіліктің биыл да қайталанып отырғаны, бұған,
әсіресе смена мастері Лаврентьев жолдас кінәлі екені атап айтылды.

Бұдан бір ай өткеннен кейін, 20 февральда газет былай деп жаз-
ды:

— Комбинаттың негізгі кәсіпорны мыс заводы январь айында не
руда уатудан, не оны ұқсатудан міндеттеме былай тұрсын, жоспардың
өзін де орындай алған жоқ. Рудадан металл айыру байыту фабрика-
сында жоспардағыдан анағұрлым төмен болды. Түсті прокат өндірі-
сінде де жағдай дәл осындай.

Бұл айтылғандардың бәрі, Балқаш кен-металлургия комбинатын-
да сапа көрсеткіштерінің нашар екенін, осы жөнінде қабылданған мін-
деттеменің орындалмай келе жатқанын дәлелдейді. Ал, «Балқаш жұ-
мысшысы» газеті алдағы кезде де бұл мәселеге жиі оралып отыруы
керек.

Екі кәсіпорынның, цехтың, сменаның, бригаданың арасындағы
жарыстың нәтижесін жазып отыру, оларға әділ төреші болу, жарыста
қайсысының алда, қайсысының қалып қойғанын көрсету—газет үшін
келелі міндет. Ал, «Балқаш жұмысшысы» газетінің номерлерінен мұн-
дай материалдарды өте аз кездестіресіз. Редакция коллективі мұны
еске алғаны жөн.

Коммунистік жарысқа қосылып, жаңа міндеттеме қабылдаған
кезде, әрбір коллектив мемлекеттік жоспардан асып түсіп, оны арты-
ғымен орындауды ұйғарады. Бұл үшін өздерінің ішкі мүмкіндіктерін
іздестіреді. Сөйтіп, нақты міндеттеме қабылдайды. Балқаш қаласы-
ның кәсіпорындары да жыл басында көтеріңкі міндеттеме қабылда-
ған болатын. Газеттің, әсіресе әрбір бас мақаласында бұл мәселеге
үлкен назар аударылуы керек еді. Ал, «Балқаш жұмысшысы» газеті-
нің кейбір бас мақалаларында қала еңбекшілері қабылдаған міндетте-
менің қалай орындалып жатқаны айтылмай, ұмыт қалады. Мәселен,
6 март күнгі «Март—бірінші тоқсанның шешуші айы», 15 март күнгі
«Жұмысты тиімді де пайдалы істейік» деген бас мақалаларда комму-
нистік жарыс, қабылданған міндеттеменің орындалуы туралы ештеңе
айтылмаған. Бұл, әрине қынжыларлық жәйіт. Газетте коммунистік
жарыс мәселесіне арнаулы бас мақала беріліп отырғаны жөн.

Коммунистік жарыс мәселесін түбегейлі, жанжақты жазу, жарыс
шаттарын үнемі көрсетіп, олардың жұмыс тәжірибесін көпшіліктің
білігіне айналдырып отыру—әрбір газеттің маңызды міндеті. Бұл
міндетті «Жезқазған жұмысшысы» мен «Балқаш жұмысшысы» газет-
тері редакциялары әрдайым есте ұстағаны мақұл.

Партия тұрмысының хабарлары

ЖАС КОММУНИСТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ

Қарағандының жасанды каучук заво­дын­да 146 жас коммунист жұмыс істейді. Олардың ішінен 86-ның партиялық стажы үш жылдан аспаған. 96 коммунист—қатардағы жұмысшы. Партия комитеті жас коммунистердің арасында жұмыс жүргізуге ерекше көңіл бөледі. Олармен арнаулы әңгіме, лекция өткізіліп тұрады. Партия ұйымдары жас коммунистерге тапсырма беріп, оның орындалуын қадағалап отырады. Жақында партия жиналысында коммунистердің міндеттері мен праволары туралы және кандидаттық стаж туралы мәселе талқыланды. Парткомның мәжілісінде цехтық ұйымдардың жас коммунистермен жұмысы туралы баяндамалары тыңдалды.

Жас коммунистердің көпшілігі өз білімдерін арттыру жөнінде қажырлы жұмыс істейді. 4 коммунист аспирантурада, 43 коммунист жоғары оқу орындары мен техникумдарда, 16 коммунист кешкі мектепте, қалғандары саяси оқу жүйесінде оқиды.

Жақында Теміртау қалалық партия комитетінің бюросы партия комитетінің жас коммунистер арасындағы жұмысындағы осы сияқты игілікті істерді атап көрсетумен бірге, кемшіліктерін де ашып, оларды жоюдың нақты шараларын белгіледі. Мұнда партия жиналысына, бюро мәжілістеріне мәселе әзірлеуге жас коммунистер тартылмай келген, бірсыпыра коммунистердің партиялық тапсырмасы жоқ, кейбір коммунистер білімін көтермейді.

КОММУНИСТЕРДІҢ СЫН ЕСКЕРТПЕЛЕРІ АЯҚСЫЗ ҚАЛМАСЫН

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті Ұлан аудандық партия комитетінің коммунистердің сын ескертпелері

рін қалай жүзеге асырып жатқаны тексерді. Партияның жаңа Уставы мен Программасының жобасын, партияның XXII съезінің шешімдерін талқылау үстінде және аудандық партия конференциясы мен есеп беру-сайлау жиналыстарында коммунистер көптеген ұсыныстар, сын ескертпелер жасаған болатын. Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары өзінің күнделікті ұйымдастыру жұмысын осы ескертпелерді жүзеге асыруға бағыттай алмаған. Олар жоғарғы партия ұйымдары шешімдерінің орындалуына да нашар бақылау жасап келген.

Осының салдарынан көптеген бағалы ұсыныстар мен сын ескертпелер жүзеге асырылмаған. Аудандық партия комитетінің кадрларды іріктеп алу, тәрбиелеу жұмысында елеулі кемшіліктер бар, озат тәжірибені тарату, социалістік жарысты ұйымдастыру жұмыстары нашар.

Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитетінің және барлық партия ұйымдарының назарын Программа мен Уставта қойылған талаптардың жүзеге асырылып отыруын қадағалап отыруға аударды.

ТЕХНИКАНЫ ТАЛАН-ТАРАЖҒА САЛУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕСІН

Сарканд ауданы «Пограничник» совхозының директоры өткен жылы «С-8» маркалы 7 комбайнды Москва облысының бір ұйымдарына баланс бағасынан 30 процент кем бағаға сатып жіберген. Бұл совхоз ауданның екі колхозына 5 трактор сатқан.

Алматы облыстық партия комитетінің бюросы совхоз директорының мекелетке қарсы бұл қылығын қатаң айыптап, М. Потаповқа есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіс беріп, оның қызметінен босатты.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев Қ., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,
Меңдібаев Қ., Хайдаров С. (жауапты секретарь),
Ыдырысов Т.

Редакция адресі:


Алматы қаласы,

Комсомол көшесі, 108

Тел. 2-23-03, 2-24-95

2/IV-1962 ж. басуға қол қойылды, к. 70×108^{1/16} 2,5 к.—6,85 авт. т. УГ00341.—20 348

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы. Заказ 338



В. И. Ленин туралы жаңа кітаптар

В. И. Ленин және әдебиет тану мәселелері. Көлемі 215 бет. Бағасы 91 тиын. Совет Одағы Ғылым академиясының баспасы, 1962 жыл.

В. И. Ленин шығармаларының негізінде әдебиет тану туралы жазылған мақалалар жинағы.

В. ЩЕРБИНА. Ленин және әдебиет мәселелері. Көлемі 387 бет. Бағасы 1 сом 20 тиын. Совет Одағы Ғылым академиясының баспасы, 1962 жыл.

Автор «Ленин және көркемдік шеберлік проблемасы», «Ленин және әдебиет тарихы проблемасы», «В. И. Ленин және А. М. Горький», «В. И. Ленин және совет әдебиетінің дамуы» деген мәселелерді талдайды.

В. И. Ленин және А. М. Горький. Хаттар, естеліктер, докумен-тер толықтырылып, екінші рет басылуы. Көлемі 476 бет. Бағасы 1 сом. Совет Одағы Ғылым академиясының баспасы, 1962 жыл.

Кітапта В. И. Ленин мен А. М. Горькийдің көп жылғы достығын баяндайтын материалдар жинақталған.

Сол сияқты жинаққа Н. К. Крупскаяның, М. И. Ульянованың, М. Ф. Древананың, Е. П. Пешкованың, жазушылар К. А. Федин мен Вс. Ивановтың естеліктері енгізілген.

А. АНДРЕЕВ. Еңбекшілер достығы туралы лениндік идеяның ұлы мұрасы. Көлемі 72 бет. Бағасы 8 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962 жыл.

Ленин насихат пен үгіт туралы. Жинақ. Көлемі 420 бет. Бағасы 76 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962 жыл.

Н. ТРОПКИН. Социалистік революция туралы лениндік теория. Көлемі 64 бет. Бағасы 7 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962 жыл.

Н. МОР. Насихат шеберлігін Лениннен үйренейік. Көлемі 64 бет. Бағасы 10 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962 жыл.

Ленин Совет Одағының сыртқы саясаты туралы. Көлемі 608 бет. Бағасы 1 сом. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1960 жыл.

В. И. Ленин ұлы құрылыс басында. В. И. Лениннің шаруашылық маңызындағы қызметі жайлы естеліктер жинағы. Көлемі 328 бет. Бағасы 57 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1960 жыл.

Г. ГИЛИЛОВ. В. И. Ленин — көп ұлтты совет мемлекетін ұйымдастырушы. Көлемі 240 бет. Бағасы 30 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1960 жыл.

М. ЗИНОВЬЕВ, А. ПЛЕШАҚОВА. Ленин декреті қалай орындалды. Көлемі 128 бет. Бағасы 15 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1961 жыл.

Б. ЯКОВЛЕВ. Ленин — публицист. Көлемі 240 бет. Бағасы 50 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1960 жыл.

В. И. Лениннің Кремльдегі кітапханасы. Каталог. Көлемі 80 бет. Бағасы 3 сом 50 тиын. Бүкілодақтық кітап палатасының баспасы.

Бүкілодақтық кітап палатасы мен КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты тұңғыш рет В. И. Лениннің Кремльдегі кітапханасы туралы каталог басып шығарды.

Каталогта В. И. Лениннің кітапханасында сақтаулы тұрған 8456 алғашқы журнал, газет тағы басқа шығармаларға библиографиялық түсінік берілген. Оның 900-дейінде Владимир Ильичтің өз қолымен жазған жазулары бар.

Ленин Шығыс халықтарымен достық туралы. Көлемі 400 бет. Бағасы 62 тиын. Москва, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1961 жыл.

О. В. КУУСИНЕН. Ленин идеяларының жүзеге асырылуы. Көлемі 27 бет. Бағасы 3 тиын. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы.

В. И. Лениннің туғанына 90 жыл толуына арналған Москвадағы салтанатты мәжілісте жасалған баяндама. 1960 жылғы 22 апрель.

С. К. ГИЛЬ. В. И. Ленинмен бірге өткен алты жыл. 75 бет. Бағасы 14 тиын. Алматы, Қазақ мемлекет баспасы.

А. КОНОНОВ. Ленин туралы әңгімелер. Көлемі 122 бет. Бағасы 26 тиын. Алматы, Қазақтың көркем әдебиет баспасы.